# Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қарашадағы N 1073 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы»2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы» бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімнің жобасы оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы»"2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы»12 қарашадағы N 1073 қаулысымен мақұлданған

Жоба

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы»"2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі Қаржылық келісім АРНАЙЫ ШАРТТАР

Бұдан әрі " **Комиссия** " деп аталатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы ұсынған, бұдан әрі»" **Қоғамдастық** " деп аталатын Еуропалық Қоғамдастық

бір тараптан және

бұдан әрі " **Бенефициар** " деп аталатын **Қазақстан Республикасының Үкіметі** екінші тараптан

## ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ: 1-БАП - ОПЕРАЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Қоғамдастық 2 қосымшадағы Техникалық және әкімшілік ережелерде жазылған бұдан әрі Бағдарлама деп аталатын **2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы** қаржыландыруға өз үлесін қосады.

1.2. Бұл бағдарлама қаржылық келісімге және оның қосымшаларына: Жалпы шарттар (1 қосымша) мен Техникалық және әкімшілік ережелер (2 Қосымша) сәйкес орындалады.

## 2-БАП - ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҮЛЕСІ

2.1. Бағдарламаның жалпы құны 57,5 миллион евроға [1] бағалануда.

2.2. Қоғамдастық ең көп дегенде 57,5 миллион евро бөлуді міндеттенеді. Бюджеттік баптар бойынша Қоғамдастықтың қаржылық үлесін бөлу 2 қосымшаның Техникалық және әкімшілік ережелеріне қосылған бюджетте көрсетілген.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

1 Осы сомадан Қазақстанға индикативті түрде 2.9 млн. евро бөлінеді

## 3-БАП - БЕНЕФИЦИАРДЫҢ ҮЛЕСІ

3.1. Бенефициар бағдарламаға қаржылық үлес қоспайды.

3.2. Бенефициардың қаржылық емес үлесі бойынша Техникалық және әкімшілік ережелерде, қаржылық келісімге 2 қосымшада егжей-тегжейлі уағдаластықтар жасалады.

## 4-БАП - ОРЫНДАЛУ КЕЗЕҢІ

Қаржылық келісімнің орындалу кезеңі қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталады және 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. Аталған орындалу кезеңі екі кезеңнен: қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталатын және 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын операциялық іске асыру кезеңінен тұрады. Және осы күннен бастап орындалу кезеңінің соңында аяқталатын аяқталу кезеңі басталады.

## 5-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттар ең кеш дегенде 2009 жылдың 1 тамызында қол қойылады. Бұл соңғы мерзім ұзартылмайды.

## 6-БАП - МЕКЕН ЖАЙЛАР

Қаржылық келісімді іске асыруға қатысты барлық хабарлар жазбаша түрде, бағдарламаға арналған нақты сілтемесі болуы және мына мекен жайлар бойынша жіберілуі тиіс:

a) **Комиссия үшін**
Mr. Erich W. Muller
Director
Directorate Asia incl. Central Asia
Rue de la Loi 200
B-1049 Brussels, Belgium
Commission of the European Communities
Europe Aid Co-operation Office

b) **Бенефициар үшін**
Бақыт Сұлтанов мырза
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі
Қазақстан Республикасы
010000, Астана
Сол жағалау, 35 көше, N 2 үй
"Министрліктер үйі" Әкімшілік ғимараты, 444-каб.
Тел. + 7 (7172) 74 28 09
Факс: + 7 (7172) 74 31 48

## 7-БАП - ҚОСЫМШАЛАР

7.1. Мына құжаттар аталған келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1 қосымша: Жалпы шарттар
2 қосымша: Техникалық және әкімшілік ережелер.

7.2. Қаржылық келісімнің Қосымшалары мен Арнайы шарттарының ережелері арасында қайшылық болған жағдайда Арнайы шарттардың ережелері басымдыққа ие болады. 1 қосымша мен 2 қосымшаның ережелері арасында қайшылық болған жағдайда 1 қосымшаның ережелері басымдыққа ие болады.

## 8-БАП - БАҒДАРЛАМАҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА АРНАЙЫ ШАРТТАР

8.1. "Жалпы шарттар" мынадай ережелермен толықтырылды:

8.1.1. "Жалпы шарттардың" 3.1-бабына қатысты, іске асыру бенефициардың мүддесіне жүзеге асырылады деп ұйғарылып отыр.

8.2. Қаржылық келісімге қатысты "Жалпы шарттардың" басқа баптары осы Қаржылық келісімге қосымша берілген "Жалпы шарттарымен" алмастырылған.

8.3. Жобалардың қоса беріліп отырған тізіміндегі қаржылық келісімге тиісінше әрбір жоба қамтитын әріптес елдерден ең аз дегенде екеуі қол қойған жағдайда келісім-шарт жасалуы мүмкін. Елдер Қаржылық келісімге екінші қол қойғаннан кейін ғана олар жобадан түсетін пайданы ала алады.

## 9-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

Осы Қаржылық келісім 2007 жылдың 31 желтоқсанына дейін және оған қол қойған екі тараптың соңғысының қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Қаржылық келісім Брюссельде үш түпнұсқада ағылшын тілінде жасалды, екі данасы Комиссияға және бір данасы Бенефициарға жіберілуге тиіс.

| **КОМИССИЯ ҮШІН** | **БЕНЕФИЦИАР ҮШІН** |
| --- | --- |
| Эрих Мюллер Вебер мырза | Бақыт Сұлтанов мырза |
| Азия және Орта Азия бойынша директоры | Қазақстан Республикасы Экономика директориат және бюджеттік жоспарлау министрі |
| Europe Aid жәрдемдесу офисі | Қазақстан Республикасы |
| Еуропалық Комиссия | 010000, Астана қаласы |
| | Сол жағалау, 35 көше, N 2 үй |
| | "Министрліктер үйі" |
| | Әкімшілік ғимараты, 444-каб. |
| Брюссель | Астана |
| Күні: 10\01\2007 | Күні: |

## 1 ҚОСЫМША - ЖАЛПЫ ШАРТТАР 1 ТАРАУ - ЖОБАНЫ/ БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 1-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қоғамдастықтардың қаржылық үлесі қаржылық келісімде айқындалған сан шегінде болуы тиіс.

1.2. Қоғамдастықтардың қаржылық үлесін беру Бенефициар қаржылық келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаған жағдайда жүргізілуге тиіс.

## 2-БАП - АРТЫҚ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ЖАБУ

2.1. Қаржылық келісім бюджетінің жекелеген баптары бойынша артық шығын аталған Жалпы шарттардың 17-бабына сәйкес жалпы бюджет ішінде қаражатты қайта бөлу арқылы жабылуы тиіс.

2.2. Қаржылық келісім бойынша айқындалған қаражаттың жалпы санының артық шығын тәуекелі кезінде Комиссия жобаны/бағдарламаны қысқартуы не Бенефициардың меншік ресурстарын немесе Қоғамдастықтардың ресурстарынан өзгеше басқа да ресурстарды тартуы мүмкін.

2.3. Жобаны/бағдарламаны қысқарту мүмкін болмаған кезде немесе егер қаражаттың артық шығынын Бенефициардың ресурстарымен немесе басқа да ресурстармен жабу мүмкін болмаса, Комиссия айрықша жағдайда қосымша қаржы субсидияларын ұсынуы мүмкін. Мұндай келісім болған кезде шығыстардың артық қалуы Комиссия айқындаған мөлшерде қосымша қаржы үлес есебінен Қоғамдастықтардың тиісті ережелері мен рәсімдеріне залал келтірмей қайта қаржыландырылуы мүмкін.

## 2 ТАРАУ - ІСКЕ АСЫРУ 3-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Жобаны/бағдарламаны Бенефициар үшін және оның атынан әрекет ететін Европалық Комиссия іске асырады.

3.2. Делегация басшысы Бенефициардың мемлекетінде Еуропалық Комиссияны білдіреді.

## 4-БАП - ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ

4.1. Қаржылық келісімде қаржылық келісімнің күшіне енген күнінен басталатын және Арнайы шарттардың 4-бабында көрсетілген күнге сәйкес аяқталатын орындалу мерзімі көрсетілуі тиіс.

4.2. Аталған орындалу мерзімі екі кезеңнен тұрады:

- барлық негізгі іс-шаралар жүргізілетін шеңберде практикалық іске асыру кезеңі. Аталған кезең қаржылық келісім күшіне енген күнінен басталады және орындалу мерзімінің соңына дейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады;
- түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізілетін, сондай-ақ техникалық және қаржылық жағынан қаржылық келісім бойынша барлық келісім шарттар жабылатын қорытынды кезеңі. Аталған кезең практикалық іске асыру кезеңі ақталған күнінен басталады және осы күннен кейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады.

4.3. Негізгі іс-шаралар бойынша шығыстарды олар практикалық іске асыру кезеңі ішінде туындаған жағдайда ғана Комиссия қайта қаржыландыруы мүмкін. Түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізу жөніндегі шығыстар қорытынды кезеңнің аяғына дейін заңды болып табылады.

4.4. Қоғамдастық қосқан үлестен кейін қалған кез келген теңгерім орындалу мерзімі

аяқталғаннан кейін алты айдан соң автоматты түрде күшін жояды.

4.5. Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда практикалық іске асыру кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау практикалық іске асыру кезеңінің соңына дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

4.6. Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда және практикалық іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды кезеңнің және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау қорытынды кезеңнің соңына кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

## 3 ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР МЕН ГРАНТТАР БЕРУ 5-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қаржылық келісімді іске асыратын барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдердің басынан бастап әрекет ететін сыртқы іс-шараларды іске асыру үшін Комиссия айқындаған және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

## 6-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРАТЫН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ МЕРЗІМІ

6.1. Қаржылық келісімді іске асыратын келісім-шарттарға Комиссия бюджеттік міндеттемені қабылдағаннан кейін үш жыл ішінде, атап айтқанда Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген күнге дейін екі тарап қол қоюға тиіс. Аталған түпкілікті мерзім ұзартылмайды.

6.2. Жоғарыда көрсетілген ереже кейіннен қол қойылуы мүмкін аудит және бағалау іс-шараларын жүргізу жөніндегі келісім-шарттарға қолданылмайды.

6.3. Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген мерзімде қаражаттың кез келген қалдығына қол қойылмаған келісім-шарт күшін жояды.

6.4. Келісім-шарт, оған қол қойғаннан кейін үш жыл ішінде төлем жүргізілмес қаражатты алып қоюмен оның қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

## 7-БАП - ЗАҢДЫЛЫҒЫ

7.1. Жұмыстарға, қызметтерге немесе жеткізулерге арналған келісім-шарттарды беру жөніндегі тендерге шақыруларға қатысу Қоғамдастықтарға мүше қатысушы мемлекеттердің барлық жеке және заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші бенефициар-елдердің барлық жеке және заңды тұлғалары немесе аталған актілерде

нақты көрсетілген кез келген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең жағдайларда ашық болуы тиіс.

7.2. Өтінім беру конкурсына қатысу Қоғамдастыққа мүше қатысушы мемлекеттердің барлық заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген басқа үшінші бенефициар-ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең ашық болуы тиіс.

7.3. Комиссия мақұлдаған ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда, ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше шарттары негізінде 1 және 2-параграфтарда көрсетілгеннен басқа үшінші елдердің өкілдеріне келісім-шарттарды беру тендерлеріне қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдануы мүмкін.

7.4. Қоғамдастықтар қаржыландыратын және жұмыстарға, жеткізулер мен қызметтерге арналған келісім шарттарды орындау үшін қажетті тауарлар мен қызметтер, сондай-ақ қаржыландырылатын іс-шараларды орындау үшін гранттарды алушылар ұйымдастырған сатып алу рәсімдері алдағы үш параграфтарда жазылған шарттарда қатысуға құқығы бар елдерде өндірілуі тиіс.

## 4 ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕЖЕ 8-БАП - ҚҰРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТҰРУ ҚҰҚЫҒЫ

8.1. Келісім шарт сипатының негіздемесі кезінде жұмыстарға, жеткізулерге және қызметтерге арналған келісім-шарттарды беруге арналған тендерлік рәсімдерге шақыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар Бенефициар елде тұру құқығына ие болуы тиіс. Аталған құқық келісім-шартты бергеннен кейін бір ай бойы жарамды болуы тиіс.

8.2. Келісім-шартты орындау үшін қызметтері қажетті мердігерлер (грант алушыларды қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жобаны/бағдарламаны іске асыру кезінде осындай құқықтары болуы тиіс.

## 9-БАП - САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Арнайы шарттарда арнайы жазылған жағдайларды қоспағанда Қоғамдастықтардың қаржылай көмегі салықтық, кедендік немесе басқа да баждардан (қосылған құн салығынан немесе басқа да осыған ұқсас салықтарды қоса алғанда) босатылуы тиіс.

9.2. Бенефициар ел Қоғамдастық қаржыландыратын сатып алатын келісім-шарттарға немесе гранттарға қатысты елде әрекет ететін мемлекеттік немесе халықаралық ұйымдарға қолданатын неғұрлым жеңілдікті салық және кедендік

рәсімдерді қолдануы тиіс.

9.3. Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

## 10-БАП - ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

10.1. Бенефициар ел жобаны іске асыру үшін қажетті шетелдік валютаны әкелуді немесе сатып алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ол, сондай-ақ аталған Жалпы шарттардың 7-бабына сәйкес қатысуға рұқсат алған мердігерлерге қатысты кемсітусіз шетелдік валютаны ресми айырбастау ережесін қолдануға міндеттенеді.

10.2. Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

## 11-БАП - ЗЕРТТЕУЛЕР ДЕРЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Егер қаржылық келісім зерттеулер жүргізуді қамтыса, қаржылық келісімді іске асыру үшін қол қойылған аталған зерттеулерді жүргізу жөніндегі жасалған келісім-шарттар зерттеуге арналған меншік құқығын және алынған деректерді пайдаланудағы, оларды жариялау немесе үшінші тарапқа берудегі Бенефициар мен Комиссияның құқығын басқару тиіс.

## 12-БАП - КЕЛІСІМ ШАРТТАР БОЙЫНША ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ БӨЛУ

12.1. Дұрыс жүргізілмеген төлемдерден қалпына келтірілген немесе алдын ала қаржыландыруға арналған кепілдіктерден немесе осы қаржылық келісім бойынша қаржыландырылатын келісім-шарттар негізінде ұсынылған орындау кепілдіктерінен алынған қаражат жобаға/бағдарламаға берілуі тиіс.

12.2. Келісім-шартты бекітетін сатып алу келісім-шартының контексінде тендер қатысушыларына тарап салған алынып тасталуы мүмкін қаржы айыппұлдары, тендерлік кепілдіктер сауалы, сондай-ақ Комиссияға келтірілген залалды өтеу Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне жүргізілуі тиіс.

## 5 ТАРАУ - НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 13-БАП - ҚЫЗМЕТТІ ЖАРИЯ ЕТУ

13.1. Қоғамдастық қаржыландыратын әрбір жоба/бағдарлама тиісті коммуникациялық және ақпараттық іс-шараларды басшылыққа алуы тиіс. Осы іс-шаралар Комиссияның келісімі болған кезде айқындалуы қажет.

13.2. Аталған коммуникациялық және ақпараттық іс-шаралар бұл іс-шараларды іске асыру кезінде әрекет ететін сыртқы іс-шаралардың көрінісін қамтамасыз ету үшін Комиссия баяндаған және жариялаған ережеге сәйкес өткізілуі тиіс.

## 14-БАП - БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ, АЛАЯҚТЫҚТЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

14.1. Бенефициар бұзушылықтарды және алаяқтықты болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау және Комиссияның сұрауы бойынша мақсатсыз жұмсалмаған қаражатты қайтару үшін шағым беру тиіс. Бенефициар қабылданған шаралар туралы Комиссияға хабарлауы тиіс.

14.2. "Бұзушылық" дегеніміз Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне немесе Қоғамдастықтар басқаратын қаражатқа Еуропалық Қоғамдастықтардың атынан жинақталған меншік қаражаты немесе ақталмаған шығыстар есебінен алынған табысты азайту немесе жоғалту түрінде зиян келтіріп отырған немесе келтіретін экономикалық субъектінің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінетін қаржылық келісімдер, келісім-шарттар немесе Қоғамдастықтардың заңдары ережелерінен кез келген ауытқуды білдіреді.

"Алаяқтық" дегеніміз:

- Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетінің немесе Қоғамдастықтар немесе оның атынан басқаратын бюджет қаражатын заңсыз немесе мақсатсыз ұстап қалуға әкелуі мүмкін жалған, дұрыс емес немесе толық емес құжаттаманы немесе мәліметтерді пайдалануға немесе ұсынуға;

- ерекшелік міндеттемелерге, осындай салдарымен зиян келтіретін ақпаратты жасыруға;

- осындай қаражатты олардың бастапқы мақсатынан басқа мақсатта заңсыз пайдалануға қатысты кез келген әдейі әрекетті немесе әрекетсіздікті білдіреді.

Бенефициар бұзушылық немесе алаяқтық дейтіндей күдік тудыратын кез келген жағдайлар туралы Комиссияны дереу хабардар етуге тиіс.

14.3. Бенефициар келісім-шарттарды немесе гранттарды беру немесе оларды іске асырудағы рәсімнің кез келген сатысында белсенді немесе пассивті сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндеттенеді. "Пассивті сыбайлас жемқорлық" дегеніміз ресми тұлғаның тікелей немесе делдал арқылы жеке өзі үшін немесе үшінші тарап үшін кез келген түрде сыйақы сұраған немесе алған немесе ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасаған кезде немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітуге әсері бар немесе әсер ететін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдаланған кезде осындай сыйақы берілетініне уәде алған әдейі әрекетін білдіреді. "Белсенді сыбайлас жемқорлық" дегеніміз кімде-кімнің ресми тұлғаға жеке ол үшін немесе үшінші тарап

үшін, ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасау үшін немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітетін немесе кемсітуі мүмкін ресми міндеттерін бұзуда өз қызмет бабын пайдалану үшін тікелей немесе делдал арқылы сыйақының кез келген түрін беруге уәделенуде немесе ұсынудағы әдейі әрекетін білдіреді.

## 15-БАП - КОМИССИЯ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ БӨЛІМ (СЖҚКЕБ) ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ЕСЕП ПАЛАТАСЫ ТАРАПЫНАН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ

15.1. Бенефициар Комиссия, СЖҚКЕБ және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы қаржылық келісім бойынша (келісім-шарттар мен гранттарды беру жөніндегі рәсімді қоса алғанда) бөлінген Қоғамдастықтардың қаражатын пайдалану жөнінде жергілікті жерлерде құжаттамалық тексерістер, сондай-ақ қажет болған жағдайда шоттарға қосымша құжаттар мен бухгалтерлік құжаттар немесе жобаны/бағдарламаны қаржыландыруға қатысты басқа да кез келген құжаттар негізінде келісімнің бар мерзімі және соңғы төлемнің күнінен кейін жеті жыл ішінде толық аудит жүргізуі мүмкіндігімен келіседі.

15.2. Бенефициар, сондай-ақ СЖҚКЕБ-нің жергілікті жерлерде Қоғамдастықтардың заңнамасында жазылған рәсімдерге сәйкес алаяқтық пен бұзушылықтарға қатысты Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүддесін қорғау үшін тексерістер мен бақылау жүргізуі мүмкін екендігімен келіседі.

15.3. Осы мақсатта Бенефициар Комиссияның, СЖҚКЕБ-нің және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының ресми өкілдеріне және олардың уәкілетті агенттеріне компьютерлік жүйелерді, сондай-ақ осы іс-шараларды техникалық және қаржылық басқаруға қатысты кез келген құжаттамалық және компьютерлендірілген деректерді қоса алғанда, қаржылық келісім бойынша қаржыландырылған іс-шаралар өткізілген орындар мен үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және осы жұмыстарды жеделдету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндеттенеді. Еуропалық Комиссияның, СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының уәкілетті агенттері үшін қол жеткізу үшінші тарапқа қатысты қатаң құпиялылықты сақтай отырып, мемлекеттік құқықтық міндеттемелерге зиян тигізбей берілу тиіс. Құжаттар қол жетімді және оларды қолайлы инспекциялауды қамтамасыз ететін тәртіпте тігілуі қажет және Бенефициар Комиссияға, СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасына олардың нақты орналасқан жері туралы хабарлауы тиіс.

15.4. Жоғарыда сипатталған тексерістер мен аудит Қоғамдастықтардың қаржыландыруын алатын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты да

қ о л д а н ы л у ы тиіс.

15.5. Бенефициарды жергілікті жерлерде тексерістер жүргізу үшін тағайындалған Комиссия, СЖҚКЕБ мен Европалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы агенттерінің келетіні туралы хабардар ететін болады.

## 16-БАП - КОМИССИЯ МЕН БЕНЕФИЦИАР АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

16.1. Бенефициар мен Комиссия қаржылық келісімнің баптарын іске асыру немесе түсіндіру туралы даулы мәселелер туындағанға дейін бірі-біріне консультация беру қажет.

16.2. Бұл консультациялар қаржылық келісімнің өзгеруіне, тоқтата тұруға немесе тоқтатылуына алып келу мүмкін.

## 17-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТҮЗЕТУ

17.1. Арнайы шарттарға және қаржылық келісімнің II қосымшасына енгізілетін кез келген түзетулер жазбаша түрде енгізілуі және қосымшада ресімделуі тиіс.

17.2. Егер түзетуге сұрауды Бенефициар жасаса, онда ол Комиссияға Алушының уақтылы негіздемелері болған және Комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, осы түзетудің болжам бойынша күшіне енуіне дейін кем дегенде үш ай бұрын сұрау салу тиіс.

17.3. Іске асырудың практикалық кезеңі мен қорытынды кезеңін ұзартудың ерекше жағдайлары аталған Жалпы шарттардың 4(5) және (6)-баптарында баяндалған.

## 18-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТА ТҰРУ

18.1. Қаржылық келісім мынадай жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:

(a) егер Алушы осы келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(b) егер Бенефициар адам құқығына, демократиялық қағидаттарға қатысты міндеттемелер мен заң нормаларын бұзған жағдайда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жол берілген жағдайларда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(c) Қаржылық келісім төменде көзделген форс мажор жағдайында тоқтатыла тұруы мүмкін. "Форс мажор" дегеніміз тараптардың біреуіне өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын, және ол тараптардың (немесе мердігерлердің, агенттер мен жұмыскерлердің) қателігіне немесе ұқыпсыздықпен қарағанына байланысты емес кез келген күтпеген және айрықша ахуалды немесе оқиғаны білдіреді, және де ол барлық салған күштерге қарамастан, еңсерілмейтін болып табылады. Жабдықтар мен

материалдардағы ақаулары немесе оларды орнатуды кешіктіру, еңбек ұжымындағы даулар, ереуілдер немесе қаржылық қиындықтар форс мажор ретінде пайдаланылмайды. Тарапқа міндеттемелерін орындауға форс мажорлық жағдай кедергі болған кезде, оларды бұзғаны жөнінде талаптар қойылмайды. Форс мажорға ұшыраған тарап ол туралы ықтимал ұзақтығы мен болжамды тигізетін әсерін сипаттай отырып, екінші тарапқа дереу хабарлау, сондай-ақ ықтимал залалды азайту үшін барлық шараларды қабылдауы қажет.

18.1. Тоқтата тұру шешімі туралы алдын ала хабарлама берілмейді.

18.2. Тоқтата тұру туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

## 19-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ БҰЗУ

19.1. Егер қаржылық келісімді тоқтата тұруға әкелген мәселелер ең жоғары кезең, төрт ай ішінде шешілмесе, қаржылық келісімді тоқтату туралы екінші тарапқа екі ай бұрын хабарлап, кез-келген тарап оны тоқтатуы мүмкін.

19.2. Егер қаржылық келісімге қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде қандай да бір төлемдер жүргізілмесе немесе Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген күнге оны іске асыру жөнінде келісім-шарттарға қол қойылмаса, қаржылық келісімнің қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

19.3. Тоқтату туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

## 20-БАП - ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

20.1 Аталған Жалпы шарттардың 16-бабында баяндалған тараптар арасындағы консультациялардың алты ай ішінде шешілуі мүмкін емес қаржылық келісімге қатысты кез-келген пікірсайыс бір тараптың сұрауы бойынша арбитражда қаралуы мүмкін.

20.2. Бұл жағдайда, әрбір тарап арбитражды жүргізуге арналған сұраудан кейін 30 күннің ішінде арбитрді тағайындауы қажет. Қажет болған жағдайда, тараптардың біреуі екінші арбитрді тағайындау жөніндегі өтінішімен Тұрақты арбитраж сотының Гаагадағы Бас хатшысына өтініш жасауы мүмкін. Өз кезегінде, екі арбитр 30 күннің ішінде үшінші арбитрді тағайындайды. Қажет болған жағдайда, кез-келген тараптың біреуі Тұрақты арбитраж сотының Бас хатшысына үшінші арбитр тағайындау жөнінде өтініш жасауы мүмкін.

20.3. Егер арбитрлар басқа шешім қабылдамаса, онда Тұрақты арбитраж сотының Халықаралық ұйымдарды тарта отырып арбитражды жүргізудің факультативтік ережелері бойынша рәсімдер пайдаланылады. Арбитрлардың шешімдері үш айдың

ішінде басым дауыспен қабылдануы тиіс.

20.4. Тараптардың әрқайсысы арбитрлардың шешімдерін орындау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

## 2 ҚОСЫМША
## ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР 2006 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТАСИС-тің ІС-ҚИМЫЛ ӨҢІРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ I. НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

| | |
|---|---|
| *Бюджет бабы* | 19.06.01 |
| *Жалпы құны* | 57,5 млн. еуро |
| *Заңнамалық базасы* | Шығыс Европадағы, Кавказдағы және Орталық Азиядағы (ШЕКОА) әріптес елдерге жәрдем көрсету туралы Кеңестің (Еурокомиссия, Евратом) 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 99/2000 қаулысы |

## 2. ӨҢІРЛЕРДЕГІ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Өңірлік ынтымақтастық жөніндегі Тасистің стратегиялық құжатын және Іс-қимылдың 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасын 2003 жылғы 21 ақпанда Тасистің Комитеті бекітті және 2003 жылғы 11 сәуірде Комиссия бекітті. Көрсетілген құжат Тасистің іс-қимыл өңірлік бағдарламасына қатысты негізгі әзірлемелердің толық шолуын қамтиды. Осыдан кейін 2004 жылғы 1 мамырда Европа Одағы 25 мүшеге дейін ұлғайды. Тиісінше, Европа Одағының Шығыс Европа, Кавказ және Орталық Азия (ШЕКОА) елдерімен сыртқы шекарасы жалғыз Финляндия-Ресей шекарасынан ЕО-ның Ресеймен жаңа төрт шекараға және ЕО-ның Украинамен, Белоруссиямен және Молдавиямен жаңа сегіз шекараға кеңейді.

2004 жылғы мамырда ЕО кеңейгеннен кейін ЕО-ның шығыстағы және оңтүстіктегі көршілері мен кеңеюінің басымдықтарын бірлесіп пайдалануға бағытталған Европалық серіктестік саясаты (ЕСС) [2] бекітілді.

2004 жылы ЕО өңірде әріптес елдермен (Молдавиямен және Украинамен) ЕКС шеңберінде іс-әрекет ету жоспарын қабылдады. Нәтижесінде Іс-әрекет ету жоспарларын 2005 жылдың басында тиісінше ЕО-Молдавия және ЕО-Украина ынтымақтастық жөніндегі кеңестері мақұлдаған болатын. Іс-әрекет ету жоспарларын іске асыру экономикалық бірігуді нығайту және саяси кооперацияны тереңдету мақсатында ынтымақтастық ету саласынан тыс та анағұрлым тығыз байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. 2004 жылы ЕКС үш кавказ еліне - Грузияға, Армения мен Әзірбайжанға қолданылған болатын. Осы құжатты жазу уақытында Іс-әрекет жасау жоспарлары түпкілікті ресімдеу сатысында болатын.

Он жылдан астам уақытқа "тоқтатылған" үш шиеленіс (Таулы Қарабах, Оңтүстік

Осетия және Абхазия) Кавказды дамыту ұстанымын жалғастырып отырғандығымен, 2004 жылғы мамырда жартылай автономиялы Аджарияның Грузиямен бейбіт қосылуына байланысты оң оқиға орын алды. Белоруссияда ЕО демократиямен, сөз бостандығымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен, сондай-ақ адам құқықтарының , әсіресе 2006 жылдың наурызында президент сайлауын өткізуге қатысты сақталуына байланысты ахуалға қатты алаңдауда. Молдавияда ЕО Днестр жағалауында шиеленісті шешу жөнінде және Молдавия мен Украина арасында шекара проблемаларын шешуде көмек көрсету жөнінде ОБСЕ ынтымақтаса су процесін қолдауға өз күшін белсендірді. Украинада 2004 жылдың желтоқсанындағы президент сайлауының маңайындағы оқиғалар елдің демократияға және заңның билік етуіне нақты бет алғандығын растады. Ющенко мырзаны Президент етіп сайлау ЕО-Украинаның Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімде қамтылған салаларда, сондай-ақ көрсетілген Келісімнен тыс салаларда өзара іс-әрекет пен прогресті кеңейту үшін жағдайды қамтамасыз етті.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

2 COM (2004) қорытынды 373 шығарылым 2004 ж. 12 мамырда шықты.

## 3. ІС-ӘРЕКЕТ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Осы Іс-әрекет жасау бағдарламасы Тасис өңірлік ынтымақтастығының стратегиясы жөніндегі құжатқа және 2003 жылғы 11 сәуірде Комиссия қабылдаған Іс-әрекет жасасудың 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасына толық сәйкес әзірленді. 57,5 млн. еуро бюджеті бола отырып, 2006 жылғы Тасистің іс-әрекет жасау бағдарламасы ТМД елдерінде мемлекетаралық іс-шараларды жүргізуді және мынадай үш тақырыпқа тоқталуды қамтамасыз етеді.

### 3.1. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында ұсынылатын іс-әрекеттер Тасистің 2004-2006 жылдарға арналған Өңірлік индикативтік іс-әрекет бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуге: "табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану бағытында қозғалысты" қамтамасыз етуге бағытталған. Бұдан басқа, Еурокомиссияның нақты бастамаларының, сондай-ақ осы саладағы халықаралық конвенциялардың талаптарын зерделеуге арналған бағдарлама құрауыштары әзірленді, мысалы, ЕО Су бастамасы - ВЕКЦА құрауышы, Климатты өзгерту жөніндегі БҰҰ-ның келісімді конвенциясы (UNFCCC) және Киот хаттамасы.

Бағдарлама өз назарын екі негізгі салаларға шоғырландырады - су ресурстарын пайдалану және климатты өзгерту. Су ресурстарын пайдалану жөніндегі географиялық

жоба Кавказ жағалауындағы елдерге бағдарланатын болады, ал климатты өзгерту мәселелерін қарастыратын жоба Тасис бағдарламасының барлық қатысушы он екі елімен ынтымақтастықты қамтитын болады.

### 3.1.1. Қуры өзінің бассейнін шекаралас пайдалануға жәрдем көрсету

Осы бағдарламаның шеңберінде ұсынылатын бірінші жоба ЕО Су келісімді директивасының қолданылатын құрауыштарын іске асыруға жәрдем көрсету жолымен Куры өзенінің бассейнін пайдалануды жақсартуға бағытталған. Грузия, Армения мен Әзірбайжан өңірлік деңгейде өзеннің бассейнін пайдалану тетіктерін құруға міндеттеме қабылдады және жоба осы міндеттемелердің кейбіреулерін орындауда оларға қолдау көрсетеді. Алайда қазіргі жағдайда Куры өзенінің суларын бірлесіп пайдалану мәселесі проблеманың барлық аспектілерін зерделей отырып толық көлемде қаралмайды. Басты себеп, мұндай ахуал әзірге үш елдің бәрі де мойындамай отырған "әділ пайдалану" тұжырымдамасының болмауынан орын алып отыр. Бұдан басқа, Куры суларының бір бөлігіне иелік ететін Түркия мен Иран осы өңірлік форумда белсенді қатыспайды.

Осы жағдайларда қабылданатын жобаға, қатерлі жағдайларда деректердің мониторингі жүйесін және басқару жүйесін құруға басты бағыттылық беру қажет. Мұндай көзқараста Курыны болашақ толық ауқымды шекаралас пайдалану үшін негізгі жағдайлар жасауға болады деп ұйғарылады.

Жобаның нақты мақсаттары екі салада іс-шаралар өткізуді көздейді:

- су ресурстарын пайдаланудың ұзақ мерзімді біріктірілген жүйесіне негіз салуға қабілетті ұлтаралық ұйымдастыру құрылымы мен ақпараттық жүйелерді құру;
- кездейсоқ қалдықтарды бақылау және алдын алу және осыған ұқсас оқиғалардан өзеннің ластануын барынша азайту мақсатында Куры өзенінің бассейнінде қатерлі ахуалдарда басқарудың шекарааралық жүйесін құру.

Бірінші мақсатқа жатқызылған іс-шаралар деректерді басқаруға: бар су жинағыштарын есепке алу, сондай-ақ ағынды, су балансы мен су басу аймақтарын есепке алу мақсатында Куры су жинаушының компьютерлік моделін құруға шоғырландырылатын болады. Жобаның бұл құрауышы сондай-ақ оқытудың да әлеуетін арттыруды қамтиды. Апатты басқару жүйесіне қатысты бөлігінде жоба негізінен Куры өзенінің бассейнінде қауіпті жағдайлардың алдын алу жүйесін құрумен айналысатын болады. Бұл үшін қызметтің қауіпті түрлері мен ластану көздері анықталатын болады, қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі дайындық ұйымдастырылады, қауіпті жабдықтарға пилоттық талдау жүргізіледі және оның қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша ұсынымдар әзірленеді. Бұдан басқа, жобада мониторинг пункттерін құруды және тиісті бағдарламалық қамтымды әзірлеуді талап ететін төтенше жағдайларды жоспарлау және басқару мәселелері қаралатын болады.

### 3.1.2. Киот хаттамасын іске асыруды қолдау

Тасис бағдарламасына қатысушы елдерде Киот хаттамасын іске асыруды қолдауға бағдарланған бұл жоба жасанды газдардың қалдықтарын қысқартуға мақсатына және

климатты өзгертуге бейімділікке ие. Жобаның іс-шараларымен Тасис бағдарламасына қатысатын Шығыс Европа, Кавказ бен Орталық Азияның (ШЕКОА) барлық он екі елі қамтылатын болады. Жобаның нақты мақсаттары мыналар болып табылады:

- билік органдарының да, жеке кәсіпорындардың да Киот хаттамасының тетіктерін пайдалану жөніндегі әлеуетін арттыру;
- жыл сайынғы тексерулер жүргізуді және ұлттық тіркелімдерді жүргізуді қоса алғанда жасанды газдардың қалдықтарының мониторингі мен оны есепке алудың сенімді және айқын ұлттық жүйелерін құру және қолдау үшін әлеуетін арттыру;
- климаттың өзгеру салдарын азайту жөніндегі болашақ (2012 жылдан кейін) іс-әрекеттерді халықаралық талқылауға белсенді қатысу үшін үкіметтің әлеуетін арттыру.

ШЕКОА елдерінің даму деңгейлеріндегі айырмашылықты ескеру үшін жобаны іске асыру кезінде екі түрлі көзқарас қолданылатын болады. Барынша дамыған елдер болып табылатын Белоруссия, Ресей Федерациясы мен Украина үшін бірлесіп іске асыру жобасы арқылы қалдықтарға арналған квоталардың сауда-саттығына қатысу үшін қажет мониторинг пен есепке алудың талаптарын ол қанағаттандыру үшін жеке секторда әлеуетті арттыруға шоғырландырылатын болады. Кавказда, Орталық Азия мен Молдавияда өндірістік күштер дамытуға жатады, тиісінше бұл елдерде жоба институционалдық әлеуетті арттыруға бағытталатын болады. Бұл бөлікте, жоба жасанды газдарды ұлттық есепке алу жүйесін құру және басқарудың әкімшілік рәсімдерін әзірлеу үшін қолайлы институционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Өңірдің ауқымында тұтастай алғанда жоба негізінен өнеркәсіптік нақты салаларына бағытталған таза дамыту тетіктерінің құрауышын қамтиды.

## 3.2. Сауда және инвестициялық ағындарды дамыту

Көрсетілген тақырыптың мақсаты сауда және инвестициялық ағындарды кеңейтуді, қауіпсіздік деңгейін арттыруды, бар энергетикалық және көлік желілерінің адам денсаулығына және қоршаған ортаның ахуалына әсер етуін азайтуды, сондай-ақ көрсетілген секторларда статистикалық деректерді жақсартуды қамтамасыз ететін энергетика, көлік пен телекоммуникациялар саласында ТМД елдерінің ынтымақтастығын ұйымдастыруға негізделген. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін осы Іс-әрекет ету бағдарламасында көлік (TRACECA бағдарламасы) пен энергетикада тиімділікті үйлестіруге және арттыруға бағытталған шараларға басты назар аударылады.

### 3.2.1. TRACECA бағдарламасы

2006 жылғы Іс-әрекет ету бағдарламасы шеңберінде өткізілетін TRACECA бағдарламасының (Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі) жалпы мақсаты өңірлік

кооперацияны дамыту, әлеуетті арттыру және мамандарды даярлау, техникалық-экономикалық негіздемелер мен инвестициялық бағалауларды жүргізу, сондай-ақ басым инвестицияларды жүзеге асыру жолымен ЕО пен TRACECA дәлізінің аймағына кіретін елдер арасында сауда-саттық пен көлік саласында саясатты одан әрі үйлестіруге негізделген.

Ұсынылып отырған жобалар TRACECA барлық елдерінде қолдау тапты және оларға 2004 жылғы 14 қарашада Әзірбайжанның Баку қаласында жоғары деңгейде өткізілген Көлік мәселелері жөніндегі конференцияда тиісті көңіл бөлінді. Осылайша, осы жобалардың негізінде көлік саласында ЕО кооперациясы мен осы өңірдегі ТМД елдерін одан әрі кеңейту жүзеге асырылатын болады.

2006 жылғы Іс-әрекет ету бағдарламасында мынадай төрт мақсат қойылды:

a) TRACECA дәлізіне басымдық ете отырып, сонымен қатар өңірдегі елдердің әлемдік экономикаға кірігуіне ықпал ете отырып, ТМД елдерінде әуе тасымалының қауіпсіз, сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында әуе тасымалдары саласында жұмыс істейтін азаматтық авиацияның әкімшілігі мен қызметкерлерін оқыту.

b) ТМД-ның батыс елдерінде, Кавказда және Орталық Азияда халықаралық логистикалық орталықтарды/желілерді құру. Логистикалық мүмкіндіктерді кеңейту мультимодалдық тасымалдардың функционалдық бірлесімділігін қамтамасыз ету және ұйымдастыру арқасында сауда-саттық пен көлікті дамытуға ықпал ететін болады, әрі осылайша ТМД елдері мен Еуропа арасында қазіргі заманғы тиімді байланыстар құратын болады.

c) Қауіпсіздікті бірлесіп басқару жүйесін құру, теңіздегі қауіпсіздік саласында ынтымақтасуға ықпал ету және Қара және Каспий теңіздерінде кемелердің ластануының алдын алу.

d) өзен және теңіз қатынас жолдарын пайдалануды қамтитын қаржы-экономикалық және техникалық қатынастарда өмір сүруге қабілеттілігін әзірлеу, сондай-ақ аралас тасымалдар тұжырымдамасының жақсы экологиялық және институционалдық сипаттамалары бар Қара және Каспий теңіздерінде "Теңіз магистралдарын" құруға жәрдем көрсету.

3.2.2. Еуропаға мұнай мен газды мемлекетаралық тасымалдау бағдарламасын қоса алғанда энергетикалық бағдарлама (INOGATE)

Іс-әрекет етудің 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасында белгіленген басым бағыттар бойынша энергетикалық секторға арналған жұмыстар (Ео нормаларымен және стандарттарымен үйлестіру, қауіпсіздік, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелері) мынадай екі бағыт бойынша жүргізілетін болады:

а) екі құрауышты құрайтын ТМД елдерімен электр энергетикасы мен энергияны ұтымды пайдалану салаларында энергетикалық ынтымақтастықты кеңейту:

- электр энергетикасы саласындағы стандарттарды үйлестіру;

- мүмкіндіктерді анықтау және энергияны тиімді пайдалануда инвестицияларға жәрдем көрсету.

Жобаның мақсаттары электр энергетикасы саласындағы стандарттарды үйлестіру және халықаралық қаржы мекемелерінің тарапынан инвестицияларға тиісті жәрдем көрсету арқылы өнеркәсіп пен тұрмыста энергияны ұтымды пайдалануға ықпал ету жолымен энергетика нарығын біріктіруге мүдделі елдерде энергияның тәуелділігін қысқартуға және энергиямен жабдықтау қауіпсіздігін арттыруға негізделген.

Энергияны тиімді пайдалану жөніндегі осы компонент Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің (ЕҚДБ) гранты арқылы конкурс жарияламастан берілетін 9,5 млн. еуро сомасына іске асырылатын болады. Гранттың осындай тәсілмен берілуі 168-бап (1)(c) мәнінде IR [3] ЕҚДБ-ның накты қолданыстағы монополиясымен түсіндіріледі. Осы нақты монополия жобаның техникалық сипатына байланысты туындады, ол энергетикада үлкен жұмыс тәжірибесі бар мамандандырылған қаржылық мекемелерді тартуды, банктік мекемелер құруды және ЕС құндылықтарын бөлісетін және мемлекеттік саясатта осындай мақсатыққа бағыт алған көшпелі экономикасы бар бұрынғы коммунистік елдерде жеке секторлар дамытуды талап етеді. Бұл қызметті толық көлемде Еурокомиссия қаржыландыратын болады, оған 253-баптармен (1) (b) және (d) IR жол берілген. Кәсіпорындар мен басқа да тиісті органдарға шамамен 25 млн . еуро сомасына дейінгі несиелерді жоба нәтижелері бойынша ЕҚДБ ұсынатын болады.

b) Боярктағы Метрологиялық орталық базасында құрылатын мұнайгаз саласындағы метрологияны дамытудың Халықаралық оқу орталығы.

Осы жобаның INOGATE бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін жалпы мақсаты Бояркада, Украинада құрылған "Табиғи газ метрологиясының Шығысеуропалық өңірлік орталығын" толықтыратын мұнайгаз саласындағы метрологияны дамытудың Халықаралық оқу орталығын құрудан тұрады. Оның негізгі бағыты - мұнайгаз саласындағы үздік өлшем технологияларын тиісті халықаралық танылған стандарттарға беруді жүзеге асыру.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

3 IR (Implementing Rules) - Жобаны іске асыру ережесі

## 3.3. Әділ сот және ішкі істер

Әділ сотпен ішкі істер (JHA) саласындағы 2006 жылғы іс-қимылдардың өңірлік бағдарламасы шекараға шектес аумақтарды басқаруға шоғырланады, ол ұйымдасқан қылмысқа қарсы күреспен, баспана беру және көші-қон мәселелерімен қатар 2004-2006 жылдарға арналған әрекеттердің Индикативті бағдарламасында көрсетілген бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Бағдарлама географиялық жағынан екі өңірге бағытталған - Орта Азия және Молдавия, Украина және Белоруссия. Бағдарламаның Белоруссия үшін ерекше маңызы бар, атап айтқанда, болашақтағы Еуропалық серіктестік саясаты (ЕСС) шегіндегі ынтымақтастық көзқарасымен қарағанда. Шекараға шектес аумақтарды басқару Украина, Молдавия және Белоруссия үшін ЕСС ең басты басымдықтарының бірі болып табылады. Бағдарлама шекараны ресми кесіп өтуге және Орта Азияда, Белоруссияда, Украинада және Молдавияда трансшекаралық қылмысқа қарсы күресте көмек көрсету мақсатында шекараға шектес аумақтарды басқарудың біріктірілген жүйесін қолдауды көздейді. Бағдарлама қызметінің көптеген саласында Еурокомиссия өткізген өткен іс-шараларға сүйенеді және оның жалғасуына бағытталған. Бағдарлама ұлттық бағдарламалар шегінде өткізілетін іс-шаралармен толықтырылатындай болып құрылған .

Ұсынылып отырған бағдарлама екі географиялық өңірге бағытталған үш компонентті қосады. Әрбір компонент шекараға шектес аумақтарды басқару жүйесін дамытудың қолданыстағы деңгейіне ерекше акцентteліп нақты жергілікті жағдайға есептеліп қалыптастырылған.

1-компонент: Украина - молдавия мемлекеттік шекарасы (EUBAM)

2005 жылғы 1 желтоқсанда Еурокомиссия, Молдавия және Украина арасында қол қойылған өзара түсінік туралы Меморандумға сәйкес Украина мен Молдавияға ( EUBAM) шекараға шектес көмек көрсету бойынша ЕС Миссиясы ұйымдастырылған болатын, жұмыстың бастапқы мерзімі 2007 жылдың соңына дейін 24 ай құрайды. EUBAM жұмыстарының мақсаты Днепр жағалауындағы жанжалды шешуге қатысу, украиналық-молдавиялық мемлекеттік шекарада шекараға шектес аумақтарды басқару мен кеден режимін жетілдіру болып табылады. EUBAM жұмысына ЕС, Молдавия және Украина тараптарынан үлкен саяси мән беріліп отыр.

Осы компонент аталған жобаның 2007 жылдан кейін де мынадай нақты бағыттар бойынша жалғаса беретінін көздейді:

- Молдавиялық және украиналық тараптардың Днестр жағалауы ауданындағы ерекше акценті бар шекараларының шекаралық және кедендік бақылауын жетілдіру.
- Кеденнен түсетін ақша түсімдерінің көлемін арттыру, кедендік бұзушылық пен контрабанданың санын азайту (қару-жарақ пен есірткі тасымалын қоса алғанда).
- Осы шекарадағы адамдарды заңсыз тасымалдау мен заңсыз көші-қон жағдайының санын азайту.
- Осы шекара арқылы өтетін тауарлар мен адамдардың заңды қозғалысына көмек көрсету.

Шекараға шектес көмек бойынша Миссияның негізгі іс-шаралары компонент құрамына жұмыстан қол үзбестен оқыту, белгілі пунктерге инспекциялық қару, тәуекелдердің орталықтандырылған талдауына арналған әлеует құру, шекараны қорғау саласында қолданыстағы стандарттар және ЕС практикалық тәжірибесі бойынша

ақыл-кеңес беру, шекараға шектес аумақтарды басқаруға жалпы көзқарас қалыптастыру мақсатында кеден және шекара жұмыстарын шоғырландыру мәселелері бойынша ақыл-кеңес беру, соңғысы, шекара қорғау саласында Молдавия мен Украинаның практикалық бірлескен қызметін одан әрі жетілдіру бойынша ақыл-кеңес беру.

Осы компонент конкурс жарияламастан (UNDP) БҰҰ Даму бағдарламасы шегінде берілетін 10 млн.еуро сомасындағы грант арқылы іске асырылатын болады. Грант берудің осындай тәсілі Днестр жағалауындағы дағдарыс жағдайымен түсіндіріледі және 168-бабына (2) IR сәйкес келеді. Іс-шара толық көлемде қаржыландырылатын болады, 253-баптарымен (1) (b) және (d) IR жол беріледі.

2-компонент: Молдавия мен Белоруссияның шекаралық және кедендік бақылауына арналған жабдықтарды жеткізу.

Соңғы бірнеше жылда Еурокомиссия шекараға шектес аумақтарды басқару жүйесін жаңғыртуда Молдавия мен Белоруссияға едәуір көмек көрсетті. Бұл көмек аталған елдердің шекаралық және кедендік қызмет жұмыстарын жетілдіруге бағытталған болатын. Еурокомиссия бағдарламасы инфрақұрылымын дамытуды қолдаумен толықтырылған осы қызметтердің әлеуеті мен кәсіби әзірлік деңгейін арттыруда едәуір үлеспен қамтамасыз етті. Алайда, шекаралық және кеден қызметтерінің жұмысына жетілдірілмеген және ескі жабдықтар едәуір әсер ете бастаған. Осындай қанағаттанарлықсыз техникалық жарақталу мен ресурстар (атап айтқанда, ақпараттық технология мен деректерді беру желісінің жоқтығы) Белоруссия мен Молдавияны тыйым салынған тауарлар мен контрабандаларды тасымалдау үшін, сондай-ақ ЕС-ке бағытталған заңсыз көші-қон үшін тартымды елге айналдырды.

Ұсынылып отырған компонент арнайы қауіпті проблемаларды шешуге арналған Өзара байланысты және қосымша бағдарламаларды іске асыру көмегімен түрлі деңгейлердегі шекараға шектес аумақтарды басқаруды көздейтін Еурокомиссия тарапынан әрекет ету тұжырымдамасының маңызды құрам бөлігі ретінде әзірленген осы компонентте мынадай ерекше мақсаттар бар:

- Шекара режимі саласында адамдарды, есірткілерді, қару-жарақты және қосарлы бағыттағы бұйымдарды заңсыз тасымалдау сияқты, заңсыз көші-қон мен салық салынатын және контрафактылық тауарларды алып өту қылмысы мен күрес және олардың алдын алу жөніндегі мүмкіндіктерді жетілдіру.
- Шекаралық және кедендік бақылауға қазіргі заманғы әдістерді енгізу (электронды төлқұжаттық бақылау, электронды кедендік тазалау) есебінен адамдар мен тауарлардың шекараны қиып өтуін жеңілдету.
- Қазіргі заманғы деректерді беру желілерін, сондай-ақ бақылау жабдықтарын дамыту арқылы заңды сауда ағымдарына көмек көрсету және тасымалдауға кететін шығындарды азайту.

Аталған іс-шаралар екі елге де шекаралық және кедендік қызметтерге арналған

бақылау жабдықтарын (ең бастысы, шекара және кеден бақылауының электронды құралдары) негізінен ЕС-ке кірмейтін елдердің шекараларын жарақтандыру үшін жеткізуді көздейді. Жеткізілген жабдықтарды пайдалану және күтіп ұстау бойынша қажетті оқыту да жүргізілетін болады. Аталған әрекеттер ЕС-ке мүше елдермен шекаралас Молдавия мен Белоруссияның шекара және кеден қызметтеріне жабдықтарды жеткізуді жүргізетін және оқытатын шеңберде 2006 жылғы Тасистің Өңірлік бағдарламасымен толықтырылатын болады.

3-компонент: Орта Азияға арналған шекараға шектес аумақтарды басқару бағдарламасы (BOMCA 7)

Қаралып отырған бағдарламаның екінші компоненті де Еурокомиссия өткізетін өткен және ағымдағы іс-шараларды қолдау және жалғастыру үшін арналған. Осы компонент Орта Азияға (BOMCA) арналған шекараға шектес аумақтарды басқарудың жетінші кезеңін білдіреді. BOMCA шегіндегі бастапқы іс-шаралар 2002-2003 жылдары жүзеге асырылды, ал бағдарламаны кең көлемде іске асыру 2004 жылы басталды. Ұсынылып отырған компонентті әзірлеу кезінде бағдарламаның алдыңғы кезеңдеріндегі сабақтар ескерілді.

Орта Азияда шекараға шектес аумақтарды практикалық басқаруды жетілдіру бойынша BOMCA-ның жалпы мақсаты шегінде осы компоненттің нақты мақсаты орталық-азия елдерінде бірнеше пилоттық өңірлердегі шекаралық бақылау әлеуетін нығайту, сондай-ақ шекара бақылауын нығайту бойынша және шекарада сенім атмосферасын құру бойынша жалпы шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Осы компонент әрбір орталық-азиялық мемлекеттердегі (Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстан) бес пилоттық өңірде шоғырланатын болады. Нақты пилоттық өңірлерді ЕС жобаларын үйлестіру Офисімен біріге отырып, алушы ел айқындайтын болады. Компонент BOMCA бағдарламасы шегіндегі алдыңғы жобалар қызметінің жалғасын білдіретіндіктен ол BOMCA 6 өзара байланыста, сондай-ақ Орта Азиядағы (CADAP) есірткіге қарсы күрес жөніндегі ЕС Бағдарламасымен орындалатын болады, Нақты мақсаттарда көрсетілгендей бағдарламаның осы компоненті тұтастай алғанда әрекеттің екі түрін көздейді: шекара бақылауын нығайту жөніндегі шаралар және шекарада сенім атмосферасын құру жөніндегі шаралар.

## 4. ЕУРОКОМИССИЯНЫҢ АЛДЫҢҒЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОДАН АЛЫНҒАН САБАҚТАР

4.1. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану

Кавказ елдеріндегі суды бірігіп пайдалануды жүзеге асыру 2002-2004 жылдарда іске асырылған су ресурстарын бірігіп басқару жөніндегі Тасис бағдарламасымен қолдау көрсетілді. Осы жоба тәжірибесі үш кавказдық елдің өзен бассейндерін басқару саласындағы ынтымақтастыққа мүдделі екендігін көрсетті. Бұдан басқа, ЕС

директивалары бар су заңнамалығы мен халықаралық құқықтарға олардың үйлесуіне барлық елдер де өз қызығушылықтарының өсіп келетінін көрсетті. Алайда, осы салада әлі де едәуір жұмыс көлемін орындау қажет. Келешекте қаржылық мекемелермен нақты инфрақұрылымдық жобалар жүргізу және алу үшін су ресурстарын пайдалану саласындағы өз әлеуетін нығайту қажет.

Ресей Федерациясын есептемегенде, барлық ШЕКОА елдерінде Тасистің 2002 жылға арналған Өңірлік бағдарламасы шегінде климаттың ғаламдық өзгеруіне қатысты өз міндеттерін осы елдермен орындауға техникалық жәрдем көрсетіледі. Бұдан басқа, Ресейге Ұлттық бағдарлама шегінде Киото хаттамасын іске асыруға институциалық қолдау көрсетіледі. Аталған жобаларды іске асыру ШЕКОА елдеріне олардың Киото хаттамасымен көзделген механизмдерге қатысуына және тасталымдарды қысқарту бойынша жобаларды инвестициялаудан пайда алуға мүмкіндік беретін қажетті заңдарды әзірлеу мен практикалық шаралар өткізуге дайындығын көрсетті.

## 4.2. TRACECA бағдарламасы

Тасис Өңірлік бағдарламасының TRACECA бағдарламасына байланысты сауда және инвестициялық ағымдарды (желілерді) дамыту жөніндегі негізгі сабақтары негізінен мынадай түр бойынша жинақталуы (бірақ шектелмеуі) мүмкін:

- Жоба мақсаттарын екінші дәрежедегі мақсаттармен өзара байланысын қамтамасыз ете отырып, басты мақсаттарға жетуге бағдар беру қажет.
- Ресурстардың тиімді және экономикалық пайдаланылуын қамтамасыз етуде масштаб тиімділігіне жету үшін, сондай-ақ мемлекет арасындағы білім мен тәжірибе алмасуы үшін өңірлік және өңіраралық деңгейлерге арналған жобалардың үйлестірілуі қамтамасыз етілуі тиіс.
- Реформа өткізу қарқынындағы өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында ЕС-тен көмек алу үшін ұзақ мерзімді стратегиялар мен перспективалар болуы қажет.
- Басқа донорлармен тығыз үйлесім және өңірлердегі ЕК сырттай білуді жетілдіру қажет.

TRACECA бағдарламасын орындауда алынған оң нәтиже негізінде алушы-елдер 2006 жылғы іс-қимыл бағдарламасының бірігіп қаржыландыру жобаларын орындау арқылы, сондай-ақ 2005 жылғы сәуірде Баку қаласында болған Үкіметаралық кеңес отырысында қабылданған TRACECA институционалдық құрылымдарын бірігіп қаржыландыру туралы келісім көмегімен бағдарламаның өзі өткізетін мақсаттарын орындауға әзір екендіктерін көрсетті.

## 4.3 INOGATE бағдарламасы

2005 жылы және 2006 жылдың басында мұнай және газ бағаларының өсуі энергетика және қосушы энергетика саласында, сондай-ақ энергия сұранысын реттеу және тиімді пайдаланылуын арттыру жолымен энергия тұтыну көлемін төмендету саласында өңір елдері мен ЕС арасындағы ынтымақтастық белсенділігін арттыруға әсер етті.

Басты сабақтардың бірі Тасистің алдыңғы жобалары шегінде жүргізілген жұмыстар нәтижесін бекіту қажеттілігінен тұрады. Бояркадағы, Украинадағы метрологиялық орталықтарда қосымша оқу құрылымдарын құру оның жұмысының тұрақтылығын арттырады деген болжам бар. Бояркадағы Орталықтың негізгі міндеті оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында газ тасымалында пайдаланылатын өлшемдер әдісін жетілдіру болып табылады.

4.4 Әділ сот және ішкі істер

EUBAM бағдарламасы бастапқы кезде 4 млн.еуро сомасында жедел мән беру механизмі шегінде қаржыландырылды, кейін Тасис бағдарламасы тағы да 4 млн. еуро бөлді. 2007 жылдың соңына дейін қалған уақыт кезеңінде осы бағдарламаның орындалуына 10 млн.еуро бөлінетін болады.

Осы бағдарламаның дамуына BOMCA бағдарламасын орындау тәжірибесі үлкен әсер етті. Бұдан басқа, BOMCA бағдарламасының тәжірибесінен алынған бір қатар сабақтар осы бағдарламаның жалпы құрылымын айқындаған кезде осы күнге дейін пайдаланылып келеді.

Шекараға шектес аумақтарды басқару бағдарламаларын орындаудың табыстылығы мен тұрақтылығының кілті ұлттық билікке белсенді қатысудың негізіне ұзақ мерзімді, жан-жақты қамтитын және әдістемелік көзқарас болып табылады. Осындай көзқарас, шекараға шектес аумақтарды басқарудағы институционалдық, құқықтық және жедел аспектілерді қатар қарастырудың жалпы контексіндегі бағдарламаны орындауды болжайды. Бұдан басқа, шешуші мәнінде де барлық алушы-елдердің үйлесімді әдістемелеріндегі қолдануға болатын өңірлік деңгейлерге арналған көзқарастарды қолдануға келісімдері бар.

Сол кезде жергілікті серіктестердің қатысуы басынан бастап, бастапқы кезеңдердегі бағдарламаларды әзірлеуге ұлттық серіктестердің қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Алайда, ұзақ мерзімді процесс ішінде көзге көрінетін нәтижелердің болмауынан бағдарламаға алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету едәуір қиындық туғызады. Демек, бағдарлама жылдам және нақты нәтижелер алуды қамтамасыз ететін шараларды қарастыруы тиіс.

Қолдағы ресурстарды барынша пайдалану үшін түрлі донорлардың қызметтері мен бағдарламаларының келісілген және өзара толықтырылатын бағдарына ұмтылу қажет. Демек, донорлардың анық үйлесімді механизмдерін әзірлеуде шешімді мән бар.

BOMCA бағдарламасының тәжірибесі де пилоттық көрсетуші жобаларды орындау шектелген ресурстарды тиімді пайдалануға әсер ететінін және жаңа процестер мен керек-жарақты кезең-кезең бойынша енгізіп қамтамасыз ету қажет екендігін көрсетті.

## 5 ҚОСЫМША - ІС-ӘРЕКЕТТЕР

2006 жылғы іс-әрекеттің осы Өңірлік бағдарламасы шегінде өткізуге ұсынылып отырған іс-шаралар Еурокомиссия қаржыландыратын басқа да іс-әрекеттермен, мәселен, Тасис әрекетінің тиісті Ұлттық бағдарламасы арқылы қаржыландырылатын іс-әрекетпен үйлестіру жоспарланып отыр.

Іс-қимылдың осы Бағдарламасы көршілестік нәтижесінде туындаған мәселен, шекараға шектес аумақтардың экономикалық дамуы, қоршаған ортаны қорғау және жұқпалы аурулар проблемасы, заңсыз көші-қон, адамдар арасындағы заңсыз сауда мен байланыстардың жалпы проблемаларын шешуге бағытталған. Осы Бағдарлама сондай-ақ орталық-азия елдерінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті құруға және осы елдерде олардың экономикалық даму тұрақтылығы мен кедейшілікке қарсы күреске ұмтылуына әсер етуге бағытталған Орталық Азиядағы іс-қимыл бағдарламасын толықтырады.

Осы іс-қимыл Бағдарламасы шегінде қаржыландыру үшін бөлінген жобалар барысында орындалған нақты қосымша іс-шаралар туралы неғұрлым нақты ақпарат осы құжатқа қоса берілген жобалардың қысқаша сипаттамасында келтірілген.

## 6. ДОНОРЛАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ

### Су ресурстарын басқару

Өңірлік және ұлттық деңгейлердегі су ресурстарын пайдалануды жақсартудың жалпы мақсатымен донорлар соңғы жылдары Кура өзенінің бассейнінде бірлесіп жұмыс жасап жатыр. Германияның қоршаған орта мәселелері жөніндегі федералдық министрлігі ластануды болдырмау және ертерек алдын алу тақырыбына парасатпен зерттеу жүргізді. БҰҰ-ның UNDP/GEF даму Бағдарламасы әлеуетті ластану көздерінің санын азайту мақсатында осындай іс-әрекеттерге бағытталған, ал сол кезде АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі (USAID) жергілікті деңгейдегі судың саны мен сапасына су ресурстарын басқарудың жүйесін және мониторингін іске асыруға көмек көрсетуде. Дүниежүзілік банк те суландыру схемасына және су пайдаланушылардың Қауымдастығын құруға мамандандырылып осы салада жұмыс істеп жатыр.

Кура өзенінің бассейнін трансшекаралық пайдаланудың ұсынылып отырған жобасы донорлар қызметінің өте жақсы үйлестірілген мысалы болып табылады. Ол Кура және Аракс өзендері бассейндеріндегі қауіпті оқиғаларды болдырмау жөніндегі немістің трансұлттық жобасымен тығыз әзірленген (2002-2006 жылдар). Бұдан басқа, осы жоба бойынша ұсынылып отырған іс-шаралар үшін жобалардың өзара барынша толықтырылып тұруын қамтамасыз ететін шешуші құжат әзірленді.

### Климаттың өзгеруі

Тасистің климаттың өзгеруі саласында жүргізіліп жатқан Өңірлік жобасы Таза даму механизмі (ТДМ) бөлігінде ЕКДБ әзірлемелерімен тығыз байланыста, өйткені ЕКДБ ШЕКОА-ның барлық елдерінде (ПСР) және ТДМ бірлесіп іске асыру жобаларын

белсенді дамытып келеді. Осындай практика келешекте де жалғасын табуға тиіс. Бұдан басқа, ЕС іс-әрекеті шараларын жоспарлаған кезде Данияның және басқа да мүше-елдердің ПСР және ТДМ бағдарламалары шегіндегі болашақ жобалар, сондай-ақ Дүниежүзілік банкі (атап айтқанда, Молдавия) жобалары ескерілетін болады.

TRACECA бағдарламасы

TRACECA органы арқылы Traceca Үкіметаралық комиссиясының Тұрақты хатшылығы және сауда және институционалдық көмек көрсетуді дамыту жобасы сияқты сауда және көлік дамыту жобаларының тиімділігін арттыру мақсатында өңірде жұмыс істейтін ірі донорлармен тұрақты өзара әрекет жүзеге асырылады. Олардың арасында - ЕКДБ, Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, Еуропа бойынша БҰҰ-ның Экономикалық комиссиясы (UNECE), кувейттің даму қоры (KDF), Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) және АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) бар.

INOGATE бағдарламасы

INOGATE бағдарламасында өңірде, сондай-ақ екі жақтың да донорларынан туындайтын жоспарлы бастамашылар және несиелік мекемелердің (Дүниежүзілік банк, ЕКДБ және Еуропа инвестициялық банкі) осындай салалардағы іске асырылатын қызметі ескерілетін болады. Сондай-ақ Тасис Ұлттық бағдарламасымен атап айтқанда, институционалдық көмек көрсету мен заңдарды бейімдеу бөлігінде келісім қамтамасыз етілетін болады.

Әділ сот және ішкі істер саласындағы бағдарлама

EUBAM бағдарламасын тұтастай Еурокомиссия қаржыландырады және оны іске асыру БҰҰ даму бағдарламасы (UNDP) шегінде жалғасатын болады. Консультативті кеңестің тоқсан сайынғы отырысына барлық мүдделі тараптардың ай сайынғы үйлестіру кеңестеріне шақырылатын ОБСЕ қатысады. EUBAM бағдарламасының қадағалаушысы ретінде Көші-кон мәселелері жөніндегі халықаралық ұйым (КХҰ) қатысады. Осындай іс-әрекеттер өңірде жүргізілмейді. Әлеуетті арттыру бойынша EUBAM бағдарламасының міндеттеріне қатысты айтар болсақ, бұл іс-шараны украина-молдавия мемлекеттік шекаралары арқылы жаппай құрту қарулары мен ядролық материалдарды таратуды болдырмауға бағытталған кең көлемді бағдарлама жүргізетін АҚШ үйлестіреді.

Донорлардың бірлескен жұмыстарының маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты ВОМСА шегінде Орта Азиядағы донорларды үйлестіру механизмі құрылды. ЕС мүше-елдердің іс-әрекетін үйлестіру "Орта Азия шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ЕС бастамашылығы" (CABSI) арқылы күшейтілді. CABSI - ЕС мүше-елдерінің бірнешеуінен тұратын Консорциумді білдіреді. Консорциум басшылығын Австрия жүзеге асырады, ал Ұлыбритания оның жұмысына белсене қатысады. Консорциумға сондай-ақ АҚШ-тың тұрақты өкілі кіреді. CABSI шегіндегі отырыс мақсаты ынтымақтастықты кооперациялауға және нығайтуға көмек

көрсету, сондай-ақ Консорциум өкілдерінің, ЕС мүше-елдердің, Еуропалық комиссияның, халықаралық донорлар мен халықаралық ұйымдардың өзара әрекеті болып табылады.

Молдавияның шекараға шектес аумақтарын басқару саласында донорлардың шағын саны жұмыс істеп жатыр, сондықтан негізгі үйлестіру іс-әрекеттерін Молдавияның шекара және кеден қызметтері үшін жабдықтар жеткізетін АҚШ жүзеге асырады. Екі жақтың донорларынан да өткізілетін іс-шаралардың өзара толықтырылуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралары қабылданады.

## Шығындар және қаржыландырулар

| **Ынтымақтастық саласы** | **Қаражаттарды индикативтік бөлу (млн. еуро)** |
|---|---|
| **Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану** | **10,0** |
| 1. Киот хаттамасын іске асыруға жәрдемдесу | 5,0 |
| 2. Кура өзені бассейні су ресурстарын трансшекаралық басқаруға жәрдемдесу | 5,0 |
| **Сауда және инвестициялық ағындарды (желілерді) дамыту** | **25,0** |
| 3. Әуе тасымалы саласында жұмыс істейтін азаматтық авиация басшылары мен қызметкерлерін оқыту | 2,0 |
| 4. ТМД-ның батыс елдерінде, Кавказ-да және Орта Азияда халықаралық логистикалық орталықтар/тораптар құру | 3,5 |
| 5. Теңіздердегі қауіпсіздік пен Қара және Каспий теңіздерін кемелерден ластануын болдырмау саласында жалпы қауіпсіздік пен ынтымақтастық саласындағы жүйелерді құру | 3,5 |
| 6. Қара және Каспий теңіздерінде "Теңіз магистральдарын" құру | 2,5 |
| 7. Электр энергетикасы және энергияны тиімді пайдалану саласында ТМД елдерімен энергетикалық ынтымақтастықты кеңейту | 11,0 |
| 8. Мұнайгаз саласындағы метрологияны дамытудың Халықаралық оқу орталығы | 2,5 |
| **Әділет және ішкі істер саласындағы бағдарлама** | **22,5** |
| 9. ТМД елдеріндегі шекараға шектес аумақтарды басқару | 22,5 |
| **Барлығы** | **57,5** |

**Glossary of abbreviations**
**Қысқартылған сөздердің сөздігі**

**AP / IБ**
Action Programme (AP)
Іс-қимыл бағдарламасы (IБ)

**BOMCA**
Border Management Central Asia Programme
Орталық Азияда шекараларды басқару бағдарламасы

**CABSI**
Central Asia Border security Initiative
Орталық Азияда шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ЕО-ның бастамалары

**CADAP**
Central - Asia Drug Action Programme
Орталық Азияда есірткімен күрес жөніндегі бағдарлама

**Court of Auditors**
Есеп Палатасы

**CDM. / ТДТ**
Clean Development Mechanism
Таза дамыту тетігі

**EAP**
Environmental Action Plan
Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы

**EBRD / ЕҚДБ**
Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі

**EC / ЕК**
European Commission
Еуропа Комиссиясы

**EECCA / ШЕКОА**
Eastern Europe, Caucasus and Central Asia
Шығыс Еуропа, Кавказ, Орталық Азия

**EIWI**
EU Water Initiative
Еуропа Одағының су бастамасы

**ENP / ПЕС**
Europian Neighbourhood Policy
Еуропалық серіктестік саясаты

**EU**

European Union
Европа Одағы
**EUBAM**
European Union Border Assistance Mission
Шекара жанындағы көмек жөніндегі ЕО миссиясы
**UNDP/GEF**
Global Environment Facility
БҰҰ Ғаламдық Экологиялық Қоры
**GHG**
Green House Gas
Буланған газдар
**IFI/ХҚИ**
International Finansing Institutions (IFI)
Халықаралық қаржы институттары (ХҚИ)
**IGC TRACECA**
Intergovernmental Conference
TRACEKA Үкіметаралық Комиссиясы
**INOGATE/ИНОГЕЙТ**
Inter-State Oil & Gas Transport to Europe
Еуропаға мұнай мен газды мемлекетаралық тасымалдау
**IP/ИБ**
Indicative Programme (IP)
Индиқативтік бағдарлама (ИБ)
**IOM/ҚХҰ**
International Organisation on Migration
Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым
**IR**
Implementing Rules
Жобаларды іске асыру ережесі
**JHA/Justice and Home Affairs**
Әділ сот және құқықтық тәртіп
**JI/БІ**
Joint Implementation
Бірлесіп іске асыру
**NIS**
Newly Independent States
Жаңа тәуелсіз мемлекеттер
**OSCE/ОБСЕ**
Organisation for Security and Cooperation in Europe

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымы

**OLAF**

European Anti-Fraud Office

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Европалық Кеңсе

**RRM**

Rapid reaction Mechanism

Жедел әсер ету тетігі

**TACIS**

Technical Assistance for CIS Countries and Mongolia

Еуропа Одағының ТМД елдеріне және Монғолияға техникалық көмек көрсету бойынша ынтымақтастық бағдарламасы

**TRACECA/TRACEKA**

Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia

Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі

**UNDP/БҰҰДБ**

United Nations Development Programme

БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (БҰҰДБ)

**UNECE/БҰҰ ЕЭК**

UN Economic Commission for Europe

БҰҰ-ның Еуропа Экономикалық Комиссиясы (БҰҰ ЕЭК)

**UNFCCC**

United Nations Framework Convention on Climate Change

БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы

**USAID**

United States Agency for International Development

АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі

**WMD**

Weapons of Mass Destruction

Жаппай қырып-жою қаруы

## 1-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | | **Киот хаттамасын іске асыруға жәрдемдесу** | |
| Жалпы құны | | ЕК салымы: 5 000 000 еуро | |
| Көмек көрсету әдісі | | Жобаны іске асыру әдісі - орталық-тандырылған | |
| DAC-коды | 41020 | Сектор | Биосфераны қорғау |

# 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

Йоханнесбергтегі Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммит, Климаты өзгерту жөніндегі БҰҰ Шекті конвенциясы (БҰҰ КЗШК), сондай-ақ Киот хаттамасы нарықтық тетіктерді пайдалана отырып, климаттың өзгеруіне әсерін тигізудің әлсіздеуі жөніндегі халықаралық міндеттемелерді нақты атап көрсетеді.

Мұндай міндеттемелер ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасында (ИБ), атап айтқанда, ИБ-нің үш тематикалық салаларының бірін анықтайтын 6.1-тарауда көрсетілген: Табиғи ресурстарды теңгерімді басқару. Мұнда жалпы мақсат "Табиғи ресурстарды теңгерімді басқару және артқан ресурс тиімділігі тарапына прогресс". Оған үш құрауышты ескере отырып қол жеткізіледі, оның бірі - осы жоба бойынша қаржыландырудың 14%-ын құрайтын климаттың өзгеруі.

Осы құрауыштың нақты міндеті парник газдары деңгейін төмендетуді, климаттың өзгеру салдарларын жұмсартуды, БҰҰ КЗШК және Киот хаттамасын өмірге алып келе отырып, ЕО елдері әзірлеген Бірлескен жүзеге асыруды (БЖ) және Таза даму тетіктерін (ТДТ) орындай отырып энергетикалық құралдарды пайдалану тиімділігін жақсартуды қамтиды.

ЕО және бенефициар елдер қол қойған серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім де қоршаған орта мәселесіндегі ынтымақтастыққа басым климаттың өзгеруі мәселесін анықтайды.

## 1.2. Алынған сабақтар

Россия мен Украина дамыған елдер мен өтпелі экономикасы бар елдерді қамтитын БҰҰ КЗШК-ге қол қойған (1-қосымша) тараптар болып табылады. Олар да Киот хаттамасын ратификациялады және БЖ-ға қатысушы бола алады және де ЕУК-қа сәйкес коммерциялық қызметті жүргізе отырып (сауда объектісі бола алатын, БЖ2 эквивалентінің 1 метрлік тоннасына тең, Киот хаттамасының 17-бабына сәйкес В қосымшада елдерге бөлінген эмиссияның белгіленген санының бірлігі). Алайда, парник газдарының қатал ұлттық тізілімі, сондай-ақ БЖ-ға қатысуға және эмиссияны сатуға ( эмиссия сатуға және сатып алуға рұқсат. Киот хаттамасы) күшті институционалдық және техникалық даму жоқ. Осы елдерде институционалдық және техникалық даму деңгейі БӨӨ КЗШК және Киот хаттамасына қатысу үшін әртүрлі, бұл көрсетілген процестерге тартылу деңгейі мәселесіне де қатысты.

Армения, Әзірбайжан, Грузия, Молдова, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан БҰҰ КЗШК-нің 1-қосымшасына қол қойған жоқ, сондықтан Киот хаттамасы бойынша парник газдарын тастауды қысқарту жөніндегі мәселелерді орындамайды. Алайда, Киот хаттамасының МЧР-не қатыса және парник газдарын тастауды қысқарту жөніндегі МЧР жобаларын іске асыруға қатыса алады. Қатысу және

осындай жобаларды іске асырудан пайда көру үшін осы елдерге күшті институционалдық және техникалық даму қажет.

ТАСИС-тің Климаттың өзгеруі жөніндегі ағымдағы жобалары (тізімде 1.3 есебінде жүр) Шығыс Еуропа елдерінің, Кавказдың, Орталық Азияның (ВЕКЦА елдерінің) талап етілетін заңжобаларын жасауды және оларға Киот тетігін іске асыруды қатысуға мүмкіндік беретін практикалық іс-шаралар өткізуді бастауға және эмиссияны төмендету жөніндегі жобаларға инвестицияны пайдалануға дайын екендігін көрсетті.

Климаттың өзгеруі саласындағы ТАСИС жобалары мониторингінің есептері жақсы ниетті болды.

## 1.3. Қосымша қызметтер салалары

Климаттың өзгеруі саласындағы ТАСИС-тің ағымдағы жобалары:

- ТАСИС 2002 өңірлік іс-әрекеттер бағдарламасы - Климаттың жаһандық өзгеруі жөніндегі міндеттемелерге байланысты Украинаға және Белоруссияға техникалық көмек көрсету.
- ТАСИС 2002 өңірлік іс-әрекеттер бағдарламасы - Климаттың жаһандық өзгеруі жөніндегі міндеттемелерге байланысты Қазақстанға, Қырғызстанға, Тәжікстанға, Өзбекстанға техникалық көмек көрсету.
- ТАСИС 2002 өңірлік іс-әрекеттер бағдарламасы - Климаттың жаһандық өзгеруі жөніндегі міндеттемелерге байланысты Арменияға, Әзірбайжанға, Грузияға және Молдоваға техникалық көмек көрсету.
- ТАСИС 2002 өңірлік іс-әрекеттер бағдарламасы - Киот хаттамасын (2005 жылғы маусымда басталған) іске асыруды институционалдық қолдау.

## 1.4. Донорлар қызметін үйлестіру

Қазіргі уақытта ЕҚДБ өңірдің барлық елдерінде БЖ және МЧР жобаларын белсенді алға жылжытуда. Ағымдағы жобалар ЕҚДБ-мен МЧР бағдарламаларын әзірлеу жөнінде жалпы жұмысқа бағытталған.

Осы мәселе бойынша кез келген жоба Данияда және БЖ және МЧР бағдарламаларын құрған басқа да мүше-елдерде жүргізілетін жұмыстармен, сондай-ақ Дүниежүзілік банкпен (әсіресе Молдовамен) өзара іс-әрекет етуі тиіс.

## 2. ЕЛДІК/ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

Жоғарыда аталып өткендей, бенефициар елдер заңнаманы және БЖ және МЧР тетіктерін пайдалана отырып, сатып алушы елдерге ЕУК тікелей сатуға мүмкіндік беретін және растайтын практикалық іс-әрекеттерді талап ететін іске асыру бағытында жұмыс істейді.

## 2.2. Секторлық контекст

ВЕКЦА елдері Киот хаттамасының тетіктерін пайдаланып, қазір жағдайлары жақсы . Бұл, негізінен, ВЕКЦА елдерінің өнеркәсіп өндірісіндегі жалпы экономикалық дағдарысқа байланысты, осының салдарынан Украина мен Ресейде елеулі ішкі артықшылықтарға қосымша есебінде, Киот хаттамасына сәйкес эмиссия шығарудың артық нормалары қалды. Бұдан әрі, ВЕКЦА елдерінде эмиссияның/ өндірістің жоғары деңгейі бар өнеркәсіптің тозығы жеткен салалары салдарынан олар өздерінің өнеркәсіп инфрақұрылымын жаңғырту кезінде БЖ және МЧР құралдарын пайдаланудан пайдаға кенеледі.

Алайда, ВЕКЦА елдеріне мемлекеттік те, жеке де деңгейде мұндай мүмкіндіктерден пайда көру күші жетіспейді. Мұндай күшті қалыптастыру ынтасы осы күнге дейін бар, себебі өңірлерде Киот хаттамасы тетіктерін пайдалана отырып, қаржыландыруды арттыру қызығушылығы бар.

ЕО мүше-елдері квоталарды сату арқылы және БЖ мен МЧР тетіктерін пайдалану арқылы эмиссияға қатысты Киот хаттамасы мәселелерін орындауға мүдделі екендігін атап өту қажет.

Елдердегі жағдайды егжей-тегжейлі сипаттау 1-қосымшада берілген.

## 3. Сипаттау 3.1. Мақсаттар

Жалпы мақсаты - парник газдарын тастауды қысқарту және климаттық өзгерістерге үйрену.

Ерекше мәселелер:

- Киот хаттамасының тетіктерін пайдалану үшін мемлекеттік те, жеке де деңгейде күштің өсімі;
- жыл сайынғы ұлттық түгендеу мен тіркелімді қоса алғанда, парник газдары эмиссиясы жөніндегі мониторинг және есептіліктің сенімді, айқын ұлттық жүйесін құру және қолдау үшін күштің өсімі;
- климаттық өзгерістерге үйренуге дайындық жөніндегі үкімет күшінің өсімі;
- климаттың өзгеруін азайту жөнінде болашақ іс-шараларды халықаралық талқылауға (2012 жылдан соң) белсенді қатысу жөнінде үкімет күшінің өсімі.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі іс-шаралар

Күтілетін нәтижелер - ВЕКЦА елдерінде парник газдары эмиссиясы жөніндегі мониторинг және есептіліктің сенімді, айқын ұлттық жүйесін құру және қолдау, жеке өнеркәсіптің Киот хаттамасының тетіктерін іске асыруға қатысуына арналған күш, сондай-ақ климаттық өзгерістерге үйренуге дайындық мүмкіндігі және болашақ іс-шараларды халықаралық талқылауға белсенді қатысу. Алайда, ВЕКЦА елдерінің

түрлі даму деңгейі салдарынан екі көзқарас пайдаланылады.

Кавказға, Орталық Азияға және Молдоваға қатысты іс-шаралар парник газдарының республикалық тіркелімін жүзеге асыру және басқару жөнінде әкімшілік процесс жүргізу үшін тиісті институционалдық потенциал құруды қамтитын институционалдық дамуға бағытталады (тек 1-қосымша бойынша).

Мұндай күш Беларуссияда, Ресейде және Украинада дами бастаған кезде, мұндай елдердегі көмек жеке өндіріс күшін БЖ жобалары арқылы эмиссия сатуға қатысу үшін қажет мониторинг және есептілік жөніндегі талаптарға сәйкес келетіндей етіп дамытуға бағытталады.

Біздің бұрынғы жобалар ТДТ (Таза даму тетіктері) (РКИК елдерінің бірінде орындалатын, алайда 1-қосымшаға жатпайтын (әдетте дамушы елде), толығымен немесе ішінара РКИК 1-қосымшасының елдерінің инвестициясы есебінен) жәрдемдесу қажеттілігін атап көрсетеді. Жобалар нәтижесінде парник газдарын тастау қысқартылады, ол CER бірлігінде өлшенеді, олар Киот хаттамасының 12-бабы шеңберінде жобаның инвесторына беріле алады). Біз ТДТ жөнінде бірнеше семинарлар өткізе алсақ та, жеке секторды ақпараттандыруды күшейту үшін мақсатты бағыттар әлі де қажет. Осы сектор ТДТ туралы әлі де ақпараттанбаған (мысалы, цемент өнеркәсібі, металлургия...), арнайы семинарлар септігін тигізе алатын ТДТ жобалары бойынша.

## 3.3. Жобаға қатысушылар

Жобаны жүзеге асыруға қатысушылардың басты мүдделері мыналар:

- ВЕКЦА-ға мүше бірнеше елдердің Киот хаттамасы тетіктерін іске асыруға қатысу мүддесі. Бірнеше елдер осындай жоба түрлері арқылы өздерінің кейбір мәселелерін шешуді қалайды.
- БЖ және ТДТ құралдарын пайдаланудан пайда көру үшін ЕО және ВЕКЦА-дан жобаға салалық қатысушылар мүддесі.
- Тиісті органдардың эмиссиялар жөнінде мониторинг және есептіліктің ұлттық жүйесін құруға және ұстауға арналған күшінің болуы қажеттілігі.

Түпкі бенефициарлар - бұл бүкіл халық, себебі климаттық өзгерістер - бұл дүниежүзілік проблема. ВЕКЦА елдері халқы жобаның нәтижесін пайдалана алады, себебі парник газдарын кез келген тастау өңір ауасының жағдайын жақсартады.

## 3.4. Тәуекелдер мен жол берулер

Негізгі тәуекел - бірінші кезекте, министрліктер, парламенттер және басқа да тиісті мемлекеттік институттар және, екінші кезекте, компаниялар мен кәсіпорындар тарапынан ынтымақтастықтың болмауы. Екінші тәуекел - қос топта да тиісті персоналдың немесе жобаның нәтижелерін бақылауға арналған ресурстардың болмауы.

### 3.5. Шарттылығы

Елдердің бірінші тобы бойынша орындаудың басты шарты тартылған бенефициар елдердің министрліктері мен институттары жобаның басында министрліктер мен парламенттер арасында мәселелерді орындау және консультациялар жүргізу үшін белгілі персонал беруге дайын екендігі.

Елдердің екінші тобы күн сайынғы іс-шараларда мәселелерді орындауға тиісті персонал беру ниеті болуы тиіс.

### 3.6. Қиысатын мәселелер

Экологиялық тұрақтылық, жақсы басқару

### 4. Іске асыру мәселелері 4.1. Іске асыру әдісі

Жалпы басшылық ету арқылы енгізілетін ықтимал құрауыштары бар орталықтандырылған басқару.

### 4.2. Бюджет және күнтізбелік жоспар

Бюджет - 5 миллион еуро қызметтерге арналған толық сомамен. Жобаның ұзақтығы 36 айға болжамдалады.

Жобаны әзірлеу кезінде ақпараттандыру және коммуникацияны арттыруға қатысты ішкі құрауыштар ТАСИС өңіріндегі Өңірлік экологиялық орталықтар (ӨЭО) функциясы шеңберінде іске асырылуы мүмкін. ӨЭО - бұл халықаралық ұйымдар, олардың міндеті - азаматтық қоғамды қолдай отырып, экологиялық проблемаларды шешуге көмектесу. Егер мұндай үлгі тұрарлықтай болса, қаражат бөлігін тиісті ӨЭО-мен тікелей келісімдерге қалдыруға болады.

Егер жобаның құжаттарын одан әрі әзірлеу кезінде тиісті ӨЭО-сы бар ақпараттандыру және коммуникация ішкі құрауыштары нұсқасы бағалы болса, онда жобаның бөлігі ӨЭО-мен бірлескен келісім-шарттар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай нұсқа, ӨЭО бірлесіп қаржыландыруды қамтамасыз еткен жағдайда ғана пайдаланылады.

Бенефициар елдердің салымы мынадай түрде болады: кеңсе үй-жайын беру, осы жобамен қамтылған министрліктер мен басқа да қоғамдық институттар персоналының жұмыс уақытының белгілі санын.

### 4.3. Сатып алу рәсімдері және гранттар беру

Қаржылық келісімді жүзеге асыратын барлық келісім-шарттар сөз болып отырған рәсімдер басталған уақытта күшіне енетін, сыртқы қызметті жүзеге асыруға Комиссия

белгіленген және жариялаған рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес тапсырылуы және жүзеге асырылуы тиіс.

Бағдарламаның бүкіл сметасы осы бағдарлама бойынша сметаны қабылдаған уақытта күшінде болатын Комиссия белгілеген рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

## 4.4. Орындау мониторингі

Мониторинг тұрақты мониторинг бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

## 4.5. Бағалау және аудит

Талдау және аудит Комиссия рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

## Қосымшалар 1-қосымша: Елдерде секторды талдау

1996 жылы Армения БҰҰДБ-дан және Жаһандық экологиялық қордан (ЖЭҚ) климаттық өзгерістер мәселесі бойынша жұмыс жүргізуге көмек алды, бұл Бастапқы келісімнің басталуына алып келді (Мемлекеттік баяндама, оны 1-қосымшасының әрбір елі 3 жылда бір рет РКИК Хатшылығына жіберуге міндетті (1995 жылы, 1998 жылы, 2001 жылы және т.б.). Баяндама ПГ тастауды түгендеу, қалдықтарды болжамдау, қалдықтарды төмендету жөніндегі шаралар, климаттың өзгеруіне үйрену секілді және неғұрлым кіші бөлімдерінің бірқатары міндетті болуы тиіс).

Жәрдемдесу шаралары жобасы II-кезеңге жетті, сондықтан Армения күшін бағалай және климаттық өзгерістерге үйрену үшін қажет басымдықтарды анықтай алады. Жоба климаттық өзгерістерге үйренуге қажет технологияларды іске асыру және беру үшін ішкі күшті қолдауды нығайтуға; климаттың өзгеруін және олардың экономиканың, денсаулық сақтаудың және қоршаған ортаны қорғаудың түрлі секторларына әсерін одан әрі зерттеуге және жүйелік бақылауға жағдай жасауға, қоғамның хабардар болуын жақсартуға және жобаға қатысушыларды климаттың өзгеруі мәселесін шешуге тартуға бағытталған. Жоба 2003 жылдың соңында аяқталады.

БҰҰ РКИК 1-қосымшаға қосылмаған ел ретінде **Әзірбайжан** БҰҰДБ/ЖЭҚ бастапқы хабар дайындауда көмек алды. Климаттың өзгеруі жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жұмысына қатысатын барлық мекемелер мен "Рузгар" экологиялық қоғамы, Әзірбайжанның жасыл қозғалысы және Қоршаған ортаны қорғау қоғамы секілді бірнеше ТӨБ 2000 жылдың соңында аяқталған Бірінші Бастапқы қауымдастықты дайындауға қатысты. Жоба бойынша мыналар орындалды:

- 1990-1994 жылдар ішінде Монреаль бақыламайтын антропогендік қалдықтар мен парниктік қалдықтардың ұлттық тіркелімін әзірлеу;
- ауыл шаруашылығының түрлі салаларында антропоген қалдықтарын қысқарту

жөніндегі шараларды бағалау, осы салада тиісті ұлттық бағдарламаны іске асыруға ұсыныстар беру;

- экожүйесі мен ел экономикасының маңызды секторларының әрекет етуі мен зиян келтіруін бағалауды зерттеу, ықтимал климаттық өзгерістерді зерттеу.

Беларусь ЖЭҚ және Дүниежүзілік банктің көмегінің арқасында парник газдарының (ПГ) ұлттық тіркелімін әзірледі, әсер ету және осалдығын бағалауды тексеру, Бірінші Бастапқы қауымдастықты құрды және климаттың өзгеруі мәселесі жөніндегі стратегияны әзірлеуді бастады. ПГ тіркелімі 1990, 1995, 1999 және 2000 жылдарға әзірленді. КЗҮАТ (Климаттық өзгерістер жөніндегі үкіметаралық топ) 1996 және 2000 жылдарға әзірленді. Әзірленген тіркелімдер Әмбебап Есептілік форматында берілмеген (1-қосымшаның елдері РКИК хатшылығына жыл сайын түгендеу туралы баяндаманы (ПГ қалдықтары кадастры) жіберуге міндетті), Ұлттық тіркелім одан әрі дамытуды және жетілдіруді талап етеді. Болашақта УФО-ны және өткен жылдар тіркелімін пайдалану қажет. Бақылау тәртібі мен сапа кепілдігі пайдаланылмаған. Бұдан басқа, жыл сайынғы негізде ПГ ұлттық тіркелімін әзірлеуді қолдайтын ұлттық жүйе жоқ.

Грузия БҰҰ РКИК-қа 1994 жылы қосылды және де Президент Жарлығына сәйкес ел міндеттемелерін орындау үшін Мемлекеттік климаттың өзгеруі жөніндегі проблема комитеті (МКӨПК) құрылды. Тиісінше, климаттық өзгерістерге үйлесімді үйрену жөніндегі БҰҰӨӨ РКИК шараларына сәйкес міндеттемелер, сондай-ақ Ұлттық бағдарлама мен Іс-әрекеттер жоспары әзірленді. Грузия БҰҰ РКИК жұмысына белсенді қатысады және МЧР кеңесіне ұсынылды.

Армения МЧР институттарын құруда белсенді жұмыс істейді. Армения күшін дамытуды қолдаудың басым саласы - бұл МЧР инфрақұрылымын одан әрі дамыту және технологиялар беру. Ақпараттық насихаттау, оқыту, халықты ақпараттандыру (үкімет, қоғам және жобаға қатысушылар деңгейінде), сондай-ақ осалдық пен үйрену мәселесін зерттеу - бұл көмекті қажет ететін салалар.

Қазақстанға бюджет ресурстарын пайдалана отырып, жыл сайын ПГ тіркелімін жүргізу үшін жұмыс істейтін жүйеге қол жеткізу ұсынылады. Алайда, әлі тиісті министрліктер арасында компаниялар мен жеке салалардың ПГ эмиссиялары бойынша бөлуді көздейтін ұқсас заңнама қажет. Киот хаттамасы мақсаттарына сәйкес және СО-ға қол жеткізу үшін І қосымшаның бөлігіне біліктілік процесі шеңберінде Қазақстанға осындай жобаларды тексеру, сертификаттау және мониторингі ұлттық жүйесін құру қажет.

Қырғызстанның климаттың өзгеруі мәселесіндегі басымдықтары: осы мәселе жөніндегі жұмысты және климаттың өзгеруі салдарларының алдын алу жөніндегі жұмысты ақпаратпен қамтамасыз етуді және үйлестіруді қамтамасыз ету үшін тұрақты институционалдық күшті құру (мысалы, климаттың өзгеруі мәселесі Жөніндегі орталық); ПГ тіркелімін жүргізу жөніндегі күшті нығайту, бұл деректерді жинау

жүйесін жаңартуды және тұрақты институционалдық тіркелімді құруды қамтиды.

Қазіргі уақытта **Молдова Республикасы** ПГ елеулі көзі болып табылмаса да, ел климаттың өзгеруіне, әсіресе, су ресурстары, халықтың денсаулығы, жердің құнарлығының төмендеу және ауыл шаруашылығы/орман өнеркәсібі жоспарында осал. Климаттық өзгерістердің түрлі елдер мен қызметтер салаларына әсерін азайту мақсатында Республикада үйрену жұмыстарының кең спектрі орын алады. Оның ішіндегі ең маңыздысы - оңалту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, орман алқаптарын кеңейту, ұтымды пайдалануды жақындату және табиғи ресурстарды ел экономикасының тұрақты даму принциптеріне қайта жасау.

Ресейде БЖ (бірлесіп жүзеге асыру) жөніндегі ұлттық нұсқаулықтар және ПГ эмиссиясы мониторингінің ұлттық жүйесі әлі құрылмаған. Ресей Үкіметі Киот хаттамасын енгізуге арналған іс-әрекеттер жоспарын әзірледі, оған Экономикалық даму және сауда министрлігі жауап береді.

Тәжікстан Таза даму тетігін енгізуге арналған сараптау базасын әзірлеуді болжамдайды, әсіресе, мынадай жобаларды әзірлеуді: энергетика және өнеркәсіп секілді белгілі секторларда тіркелімдік басқаруды жетілдіру: үйрену шараларын анықтау және бағалау үшін күшті нығайту, климатты зерттеу жөніндегі ақпараттың қол жетімділігін күшейту.

Түркменстан : Киот хаттамасы мен БҰҰ РКИК енгізуге арналған күшті нығайту саласының басымдықтары климаттың өзгеруі мәселесінде халықтың ақпараттануын арттыру, Киот хаттамасын енгізу жөніндегі күшті нығайту арқылы ұлттық желілер сапасын жақсарту және Климаттың өзгеруі жөніндегі ұлттық орталық құру.

Украина климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі халықаралық күштерде маңызды роль атқарады. Біріншіден, ол ПГ қалдықтары бойынша әлемдегі сегізінші ел және 1990 жылы алтыншы болды, Екіншіден, Украинаның өтпелі экономикасы, әсіресе өнеркәсіп секторында, эмиссияны азайтудың көп тәсілдерін ұсынады. Мұндай секторлардың жаңғырту және тиімділігін арттыру үшін үлкен күштері бар. Алайда, Украина халықаралық міндеттемелерге сәйкес келу үшін қажет өз мүмкіндіктерін дамытқан жағдайда ғана өз күшін іске асыра алады.

Өзбекстанда БҰҰ РКИК міндеттемелеріне сәйкес келу жөніндегі бастапқы жұмыс БҰҰДБ/ЖЭҚ "Өзбекстанның климаттың өзгеруі жөніндегі елдік зерттеулері" жобасы бойынша (I және II белсенділік деңгейіне септігін тигізетін) 1999-2001 жылдары басталды. Жоба ПГ эмиссиясын қысқарту жөніндегі ұлттық стратегияны әзірлеуді қамтитын Алдын ала ұлттық хабарларды дайындауды, маңызды басым салалар ( технологиялық бағалау) күшін нығайтуды қолдады. БҰҰДБ/ЖЭҚ муниципалды аудандарды жылыту кезінде энергияны ұтымды пайдалану тосқауылдарын жоюды қолдануды бағалауды да қолдады, алайда бірлесіп қаржыландыру болмағандықтан, ол ірі ауқымды жоба болмады.

1999 жылы Дүниежүзілік банкінің ұлттық стратегияларды зерттеу бағдарламасы ПГ

қалдықтарын қысқарту жөніндегі Өзбек ұлттық стратегиясын зерттеуді аяқтады. Зерттеуді жергілікті сарапшылар жүргізді, олар ПГГ эмиссиясы басымдықтарын зерттеді, тетіктерді ықтимал пайдалануды талдады, тосқауылдарды, сондай-ақ оларды енгізудің заңнамалық және институционалдық алғышарттарын талдады. Олар Таза даму тетігі жөнінде 10 ықтимал жобалар қоржынын да әзірледі. Бұл қоржынға Өзбекстанға арналған екі МЧР жобасы - Ташкент және Андижан жылу жүйелерін оңалту жатады, соңғысы орындалу деңгейінде.

## 2-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **Кура өзені бассейні су ресурстарын трансшекаралық басқаруға жәрдемдесу** | | |
| Жалпы құны | *5 000 000 еуро* | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі - Орталықтандырылған басқару | | |
| DAC-коды | 14040 | Сектор | Өзендерді дамыту |

## 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

ТАСИС өңірлік ынтымақтастығының Стратегиялық құжаты және 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарлама - мәнді бағдарламалық құжат. Тақырыптық тарауларының бірі - "Табиғи ресурстарды тұрақты басқару", оның құрауышы су ресурстарын басқару болып табылады, 70% грант.

Ықтимал іс-әрекеттер "ТМД елдеріне су ресурстарын біріктіру және суды пайдалану тиімділігі жөніндегі жоспарларды әзірлеуде көмек көрсету" "су" құраушы бойынша көзделген ерекшелік бағдарламаларының біріне сәйкес келеді.

Бұдан әрі бағдарламалық құжатта Оңтүстік Кавказ өңірінде "су" жобаларын қолдау туралы ерекше назар аудару бар. Бағдарламада "Кавказ үшін жердің нашарлауы және су ресурстарын ұтымды пайдалану аса маңыздылық тудырады", деп атап көрсетілген және табиғат байлығын үйлестірілген басқаруға және ресурстарды пайдалану тиімділігін нығайтуға сүйене отырып, ЕО-ның техникалық көмегін тиімді пайдалануға және қатыстылығы (үлестік қатысу) мен ақпараттандырылуын арттыруға болады. Бұл неғұрлым алдын ала сақтандыратын көзқарастарды қамтамасыз етеді және тұрақтылық пен қауіпсіздікке септігін тигізеді, себебі табиғи ресурстар, атап айтқанда, су үшін күрес - бұл Орта Азия мен Оңтүстік Кавказдағы даулардың ықтимал көзі". (18-бет).

Жоба екі бөліктерге негізделеді: ВЕКЦА құрауышымен ЕО Су бастамасы және ЕО Су директивасының негізін салушы.

Жоба Әзірбайжан мен Грузия арасында қол қойылған СПС-ке сәйкес жұмыс істейді , ол қоршаған орта саласындағы ынтымақтастық мыналарға негізделуі тиіс деп анықтайды:

- ластану деңгейі мен экологияны бағалау, қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттандыру жүйесінің тиімді мониторингіне;
- ауа мен суды жергілікті, өңірлік және трансшекаралық ластануына қарсы күреске;
- су сапасына;
- трансшекаралық мәтінде Қоршаған ортаға ықпал етуін бағалау туралы конвенцияны орындауға.

СПС экология саласындағы ынтымақтастық мыналар арқылы болуы тиіс екендігін атап өтуді жалғастыруда:
- заңдарды Одақ стандарттары тарапына жетілдіру;
- экология мәселелеріне оқыту және институционалдық құрылымдарды нығайту;
- Еуропа Экологиялық агенттігі шеңберіндегі және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықты қоса алғанда, өңірлік деңгейдегі ынтымақтастық;
- экологиялық мониторинг.

## 1.2. Алынған сабақтар

ТАСИС қаржыландыратын 2002-2004 жылдардың Бірлескен өзендерді басқару бағдарламасы (JRMP) 2004 жылдың басында жасалды. Жобаның мақсаттары БҚҚ/ЕЭК (Еуропа Экономикалық комиссиясы) ережелерін қолдануды көрсетуге және Мониторинг жөніндегі ережелердің деректері негізінде Хельсинк конвенциясы бойынша трасшекаралық сулардың сапасын жақсартуды ұсынуға бағытталған.

Жобаның ішкі құрауышы Кура өзенінің трансшекаралық бассейнін зерттеуге арналды, сондықтан JRMP ұсынылып отырған іс-шаралар туралы хабарлайды. JRMP, өзгелер арасында, "Кура" ішкі жобасын хабарлай отырып, мынадай ескертулер жасайды:
- Арменияда, Әзірбайжанда және Грузияда өзен бассейндерін басқару бағдарламасын (өзен бассейніндегі су шаруашылығы іс-шаралары) енгізу мәселесінде ( RBM), атап айтқанда, бенефициар елдерінің айтуы бойынша жеткілікті түрде қысқа болған JRMP ағымдағы бағдарламасының жалғасуында айтарлықтай мүдделі;
- RBM үш кавказ елінің ынтымақтастығы салына алатын негіздің бірін көрсетті;
- үш елдің өз заңнамаларының халықаралық заңдармен және ЕО директивасымен үйлесуінде өспелі мүддесі бар.
- осы елдер RBM жүйесін енгізгенге дейін әлі де көптеген жұмыстар жасауы қажет және де негізгі мәселе заңнама болып табылады;
- Халықаралық қаржы институттарынан ірі ауқымды инвестициялық көмек алу үшін ел ішінде потенциалды дамыту қажет.

JRMP қосымша жобаны бастауды жалғастырумен аяқталды, оның басты міндеті

Негізін салушы Су директивасын бірте-бірте енгізу, суды ұтымды пайдалану жөніндегі заңнаманы жаңғыртуды және үйлестіруді қолдау, су кадастры мен су сапасын бақылау жүйесін жасау арқылы трансшекаралық судың сапасын жақсартудан тұратын болады.

## 1.3. Қосымша қызметтер саласы

Соңғы жылдары донорлар Кура өзенінің бассейні мәселесі бойынша өңірлік те, республикалық та деңгейде су пайдалануды басқаруды жақсарту үшін жалпы күштерін жұмсай отырып, бірге жұмыс істеді.

Аталған JRMP-дан басқа, басқа да маңызды жобалар мен зерттеулерді неміс Федералдық Қоршаған орта жөніндегі министрлігі жүзеге асырды, олардың жобалары ластану мен ерте жылып кетудің алдын алуға, БҰҰДБ/ГЭФ - ластанудың белсенді учаскелерін қысқарту жөніндегі жобаларға, USAID - су ресурстарын ұтымды пайдалануды басқаруға, су сапасы мен саны мониторингін жергілікті енгізуге және Дүниежүзілік банк - жер суландыру сызбаларына және Су пайдаланушылар қауымдастығын құруға негізделген.

## 1.4. Донорлар қызметін үйлестіру

Ұсынылып отырған бағдарлама неміс Федералдық Қоршаған орта жөніндегі министрлігі Кура-Ара өзендері бассейнінде қауіпті оқиғалардың алдын алу жөніндегі өтпелі трансшекаралық жоба (2002-2006) шеңберінде әзірлеген жобалау құжаттамасына негізделген.

Бағдарламаның мұндай ұсыныстары Бірлескен трансшекаралық су бассейндерін басқару секілді, ТАСИС қаржыландыратын қазіргі және тиісті іс-шаралардың ұсыныстары мен нәтижелеріне және ЕО Су бастамасы жөніндегі жұмыс тобының хатшылығы - ВЕКЦА құрауышы өткізетін іс-шараларға сәйкес келеді.

Соңғысы назарды мониторингті жетілдіру, деректерді басқару және болжамдау жүйесі арқылы ақпараттық базаны жақсартуға аудару қажеттілігіне көрсететіні ойда қалатындай.

## 2. ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

Қазіргі уақытта Еуропа комиссиясы және ЕО-ның бенефициар елдері ВЕКЦА ЕО Су бастамасының іске асырылатын құрауышы шеңберінде су секторы мәселесінде саяси диалог орнатуды қалауда.

Арменияда өзен бассейніндегі су шаруашылығы іс-шаралары бастапқы деңгейде. Жақында қабылданған Су кодексінде негізгі принциптер әлі анықталуда және осы уақытта оларды енгізу жөнінде бастапқы қадамдар жасалуда.

Армения әлі күнге дейін Трансшекаралық су мәселелері жөніндегі конвенцияға қол

қойған жоқ. "Экологиялық ақпаратқа, шешім қабылдау процесіне қоғамның қатысуына қол жеткізу және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы" Орхус конвенциясы да Трансшекаралық міндеттемелер жөніндегі Киев конвенциясы секілді ратификацияланған. Алайда, жаңа Су кодексі трансшекаралық су аспектілерін назарға алады.

Әзірбайжан Республикасында су ресурстары мемлекетке тиесілі су аумақтары жеке немесе муниципалды кәсіпорындарға лизингке беріледі. Көпшілік ұйымдар саны су ресурстарын ұтымды басқаруға және су ресурстарын бақылауға жауапты.

Су ресурстары жөнінде бірнеше заң бар, мысалы, Әзірбайжан Республикасының 1988 жылғы мамырдағы Су кодексі, ол су ресурстарын пайдалануды үйлестіруді көздейді, "Гидроэлектростанцияларында суды пайдалану ережесі" 2000 жылғы 6 желтоқсандағы, "Суды мемлекеттік есепке алу ережесі" 2000 жылғы 17 қаңтардағы, " Ақылы суды пайдалану ережесі" 2002 жылғы маусымдағы.

Мелиорация және су шаруашылығы комитеті жаңа ережелер, суармалы жерлердің аумағына байланысты төлем деңгейін әзірледі және де сонымен қатар, фермерлер наразылығын туғызды. Республиканың кейбір аудандарында фермерлер халықаралық тәжірибелерге сәйкес су пайдаланушылар қауымдастығынан суды сатып алады.

Трансшекаралық суларды пайдалану мәселесінде де даулар мен келіспеушіліктер бар.

Әзірбайжан Республикасы Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылды (1992 жылғы 17 наурыз), алайда Армения да, Грузия да осы құжатқа қосылған жоқ.

Бұл су пайдалану және Кура мен Аракс трансшекаралық өзендер суларын қорғау мәселесін елеулі күрделендіреді.

Армения мен Түркия және Грузия мен Әзірбайжан шекарасындағы Кандар өзеніндегі резервуарды қоспағанда, Кура өзенінің бассейнінде трансшекаралық іс-шаралар жүргізілмейді.

Алайда, су санының мәселесі бойынша Грузия мен Әзірбайжан Гидрометі арасында бірқатар коммуникация бар.

Грузияда су ресурстарын тиімді басқару, мониторинг және экологиялық инспекцияның болмауы су ортасының жағдайын басқару мен жақсартуды қиындатады.

Грузия өзінің заңнамасын халықаралықпен үйлестіруді шешті.

Бұл президенттің Жарлығы арқылы жүргізіледі. Грузия көптеген халықаралық конвенцияларға қол қоятыны анық болып отыр. Мысалы, трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі UN-ECE Хельсинк конвенциясын ратификациялау талқылау деңгейінде.

## 2.2. Секторлық контекст

Арменияның, Әзірбайжанның, сондай-ақ Грузияның саясаты су ресурстары мәселесін көбіне есепке алады. Оңтүстік Кавказдың үш елінің әрқайсысындағы ағымдағы заңнамаға қатысты алатын болсақ, онда су ресурстарын басқаруға қатысты ереженің басты көзі Су кодексі және осы мәселе бойынша қабылданған үкіметтік шешімдердің, министрліктер мен департаменттердің жарғылары болып табылады.

Жалпы алғанда, Арменияның су кодексін қоспағанда, жоба жүргізілетін елдердің су ресурстары туралы заңдар, бұл бұрынғы кеңес кодексінің модификацияланған нұсқалары, сондықтан олар мазмұны мен стилі жағынан ұқсас. Қазіргі уақытта, EU WFD қоятын талаптарды осы елдер зерттеуде, алайда тек Армения оларды өзінің су заңнамасына біріктірді. Екі сөзбен айтатын болсақ, жағдай былай:

- Армения жаңа Су кодексін халықаралық заңмен және ЕО директивасымен үйлесім жағына басты қадам жасап, 2002 жылы қабылдады, ал, қазіргі таңда, олар Хельсинк конференциясы секілді халықаралық конференциялар шешіміне қаншалықты бағына алатынын зерттеуде.

- Грузия WFD принциптерін көрсететін, 1997 жылғы Су туралы Заңға түзетулер енгізуге ниеттенуде, алайда, Үкімет енгізуге қаражат беруі тиіс екеніне жол береді;

- Әзірбайжан ЕСЕ (Еуропа экономикалық комиссиясы) эгидасымен қабылданған көптеген Конвенцияларды ратификациялады; ол ЕО заңнамасына заң және институционалдық құруға көшу жағына бірте-бірте қадам басу қажет екенін және 1997 жылғы Су кодексі мен тиісті заңнамаларға түзетулер енгізу қажеттілігін мойындайды.

Өңірлік деңгейде Армения, Әзірбайжан және Грузия өз заңнамасын ЕО заңнамасына жақындатуды басқару тетігін құруға міндетті.

Алайда, Армения, Әзірбайжан және Грузия үшін жақын мерзімде өзен бассейні жөнінде толық іріктелген халықаралық келісімге қол жеткізу және Дунай, Рэйн, Эльба өзендерін қорғау жөніндегі ұқсас комиссиялар негізінде Кура өзенін қорғау жөнінде комиссия құру мүмкін емес. Біріншіден, себебі "тең пайдаға асыру" концепциясын барлық елдер қабылдаған жоқ, екіншіден, екі елдің - Иран мен Түркияның - Кура өзенінің суларында өздерінің пайлары бар, алайда өңірлік диалогқа енжарлықпен қатысады.

Барлық үш ел де ынтымақтастықтың сәйкес келетін жүйесін құруға және өзен бассейні мәселелерін шешуге назар аударуы тиіс деп саналады. Институционалдық және заңнамалық өзгерістер енгізілгеннен, қаржыландыру мақұлданғаннан кейін, су ресурстарын басқарудың көпшілік мәселелері бойынша тиімді шешім табуға және келісімге келуге болады. Тек сонан соң ғана, Кура өзені бассейні мен оның салаларын тазалау жағына қарай елеулі прогреске қол жеткізуге және суды пайдаланудың тиісті жүйесін әзірлеуге болады.

Жоба шеңберінде өзен бассейніндегі су шаруашылығы іс-шараларының барлық аспектілерін шешу мүмкін болмағандықтан, жобаның екі негізгі секторларына назарын аударуға көзделген: деректер мониторингі мен қауіпті жағдайларды басқару жүйесі,

онда жоба басқа донорлар өткізетін іс-шараларды толықтыра алар еді. Бұдан әрі осы екі секторға ресурстарды инвестициялау арқылы, Кура өзенін трансшекаралық басқаруға көзқарасты нығайту қажет, бұл трансшекаралық суларды басқарудың жақсы іріктелген саясатына қол жеткізу үшін жақын болашақта іс-шараларды кеңейтуге алып келуі мүмкін.

## 3. СИПАТТАУ 3.1. Мақсаттары

Жобаның жалпы мақсаты - Кура өзені суының сапасын жақсарту. Жобаның нақты мақсаттары:

1. Құрылған трансұлттық ұйымдық құрылым және ақпараттық басқару жүйесі біріктірілген су ресурстарын перспективада басқару үшін қажет.
2. Өзеннің осындай жағдайларда ластануының алдын алу және азайту үшін Кура өзенінде қауіпті жағдайларды басқарудың құрылған трансұлттық жүйесі.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі іс-шаралар

Бірінші нақты мәселе бойынша екі басты нәтиже

1.1. EU WFD негізінде модель деген трансұлттық ақпараттық деректер жүйесін құру және

1.2 өзен бассейнінің трансұлттық компьютерлендірілген моделін дамыту

Бірінші нәтиже себебі бойынша бірінші кезеңде көзделген негізгі жұмыс деректерді басқаруға негізделеді: жекелеген елдердің су көлемін қысқарту мен сапасы жөніндегі барлық тиісті дерекқоры Жаһандық ақпарат жүйесіне (ЖАЖ) негізделген EU WFD талаптарына сәйкес келетін ақпараттық дерекқордың біртектілігінің бөлігі болуы тиіс. Кейінірек ұлттық ЖАЖ трансұлттық ақпарат жүйесімен бірігуі тиіс.

Екінші нәтиже бар су тосқауылдарына тіркеу орнату, көлемдерді, су балансы мен су басып қалатын алқаптарды қысқартуды модельдеу мақсатында өзен бассейнінің компьютерлендірілген моделін құру болып табылады.

Барлық құрауыштар потенциалды арттыруды және осы саланың мамандарын машықтандыруды қамтуы мүмкін.

Егер қолданылатын және сәйкес келетін болса, онда ұлттық деңгейде мұндай іс-шаралар су ресурстарын біріктірілген басқаруды дамыту үшін республикалық процесс шеңберінде әзірленеді.

Екінші мәселеге келетін болсақ, мынадай нәтижелер болжамдалады:

2.1. қауіпті жағдайлардың алдын алу жүйесін құру;

2.2. төтенше шаралар жоспарын дайындау

2.1-нәтиже қауіпті іс-әрекеттерді және Кура өзені бассейнінде ластанған жерлерді анықтауға бағытталған іс-шараларды енгізуге, өңірлік және жергілікті

инспекторлардың қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі тренингтерді, сондай-ақ пилоттық талдау операторларының қауіпті орнатулары мен мұндай орнатулардың қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларды енгізуге байланысты болады. Соңғы іс-шаралар осындай ықтимал қауіпті орнатулар үшін және экспериментталды негізде, қаражаттың болуына байланысты осындай жоспарларды кейін енгізу арқылы жалғасын табуы тиіс.

2.2-нәтижеге төтенше шаралардың бар жоспары негізінде, мысалы, Эльба өзенінде, қол жеткізуге болады; өзгеден басқа, қажет қадамдар мониторинг стансаларын, трансшекаралық жүйеге біріктірілген мазасыз дабылнамалар құруды және қауіп дабылнамалары өлшемдерінің тиісті қосымшаларын әзірлеуді қамти алады.

## 3.3. Мүдделі тараптар

1-мәселеге қатысты Кура өзенінің мәселесі бойынша алушылар мен белсенді серіктестер - өзен бассейнін басқару жөніндегі басшылық. 2-мәселеге қатысты Кура өзенінің мәселесі бойынша алушылар мен белсенді серіктестер - Экология министрлігі және Армения, Грузия және Әзірбайжан бассейнін басқаруды басқару.

Иран мен Түркияның құзыретті органдары да қатысуға шақырылуы тиіс.

Кавказдың Өңірлік экологиялық орталығы (ӨЭО) коммуникация мен қоғамдық қатынастар мәселесіне қатыса алады. Оның қатысу деңгейін жобаны қалыптастыру деңгейінде анықтау жақсы болады.

Кура өзені бассейнінің мәселесі бойынша іске асырылатын тиісті жобалардың қатысты санын ескере отырып, донорлармен және азаматтық қоғаммен үйлесім жобаны тиімді орындаудың негізгі факторы болып саналады. Толықтыру есебінде ЕО-ның Су бастамасы жөніндегі жұмыс тобы - ВЕКЦА құрауышы - қазіргі уақытта Еуропа комиссиясы (Экология жөніндегі бас басқарма) ақпарат алуы тиіс және де жобада белсенді роль атқаруы мүмкін.

Негізгі қатысушылар жер суландыруды пайдаланатын фермерлер, су пайдаланушылар қауымдастығы, коммуналдық сумен қамтамасыз ету, электр станциялары, туристік кәсіпорындар, балық аулаушылар, экологиялық ұйымдар, су саясатын әзірлеушілер, Экология министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Амелиорация және су шаруашылығының экономикасы жөніндегі комитет, Экономика министрлігі және Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

## 3.4. Тәуекелдер мен жол берулер

Жалпы жол берулер - су мәселесі жөнінде тиісті уәкілетті органдармен трансшекаралық ынтымақтастыққа дайындықпен қатар тұрақты саяси және

экономикалық жағдай. Су саны мен экологиялық жағдайлар жөнінде алдын ала ақпарат та бенефициар елдер тарапынан да қол жетімді.

### 3.5. Қажет талаптар

Кура өзені бассейні бойынша көптеген қазір өтіп жатқан іс-шаралар болған жағдайда, осы жоба тек тиісті меморгандардың Техникалық тапсырма бойынша қол жеткізілген консенсус негізінде ғана емес, сонымен қатар, осы уақытта Кура өзені бассейнінде белгілі іс-шараларды өткізетін донорлармен де қалануы тиіс.

ЕО-ның Су бастамасы жөніндегі жұмыс тобы - ВЕКЦА құрауышы - жалпыға бірдей түсінікке қол жеткізудің үйлестірушісі болуы тиіс.

### 3.6. Аралас сұрақтар

Жобаның көзқарасы көршілес елдердегі өңірлік ынтымақтастықпен қатар адал ниетпен басқару аспектілерін жақсартуға сәйкес келеді. Осыған толықтыру ретінде жобаның құндылығы бенефициар елдің су секторы жөніндегі саясатын тиісті ЕО саясатына, яғни, ЕО Директивасының су базасына жақындастыру.

### 4. Іске асыру мәселелері 4.1. Іске асыру әдісі

Ұсынылып отырған жобаның іс-шаралары бірлескен басқару арқылы енгізілетін ішкі құрауыштың мүмкіндігімен орталықтандырылған басқару арқылы іске асырылады .

### 4.2. Бюджет және күнтізбе

Жобаның бюджеті 5 млн. евроға тең. Ең азы 3.5 млн. Еуро қызметтерге және ең азы 1.5 млн. еуро сатып алуға арналған.

Техникалық көмек түріндегі қызмет көрсету келісім-шарт арқылы ұсынылатын болады.

Сатып алулар тиісті келісім-шарттар арқылы жасалады. Лоттар саны сатып алынатын жабдықтарға байланысты.

Жобаны одан әрі іске асыру уақытында ақпараттандыруға және коммуникацияға қатысты ішкі құрауыштар халықаралық ұйым болып табылатын Кавказдың Өңірлік экологиялық орталығы шеңберінде орындалуы мүмкін, оның міндеті, шын мәнінде, қоғамның шешімдер қабылдау процесіне белсенді қатысуы арқылы "экологиялық проблемаларды шешуде және азаматтық қоғамын құруды қолдауда көмек көрсету, *ақпаратпен еркін алмасуды құру және ТӨҰ, министрліктер, шағын және орта кәсіпорындар, жергілікті қауымдастықтар мен басқа да жобаға қатысушылар арасында республикалық және өңірлік деңгейде ынтымақтастықты ынталандыру* ". Мұндай

көзқарастың құндылығы дәлелденетін болса, қаражат бөлігі ӨЭО-мен тікелей келісіммен бөлінетін болады.

Егер жобалау құжаттарын одан әрі әзірлеу уақытында ақпараттандыру әдісі бағалы болса, онда жобаның бөлігі Кавказдың ӨЭО-мен тікелей келісім арқылы халықаралық ұйыммен бірлесіп басқару арқылы енгізілетін болады. Бұл жағдай, тек Кавказдың ӨЭО бірлесіп қаржыландыруға қатысатын болса ғана мүмкін болады.

Бенефициар елдің салымы табиғи түрінде болады: кеңсе үй-жайларын ұсыну, адам ресурстарын - үкімет өкілдері, жобаға тартылған басқа да қоғамдық ұйымдар.

Іс-шаралар 2007 жылдың екінші жарты жылында басталуы тиіс және 36 ай жалғасады.

### 4.3. Сатып алулар рәсімдері және гранттар беру

Барлық келісім-шарттар Комиссияның рәсімдеріне және стандарттық құжаттарына сәйкес тиісті рәсімдер басталған уақыттан бастап берілуі және іске асырылуы тиіс.

Барлық бағдарламалық бағалау бағдарламалық бағалауды қабылдау уақытында рәсімдер мен Комиссияның стандарттық құжаттарына сәйкес келуі тиіс.

### 4.4. Мониторинг жүргізу

Мониторинг мониторинг бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

### 4.5. Бағалау және аудит

Бағалау және аудит еуропа рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

## 3-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **Әуе тасымалы саласында жұмыс істейтін азаматтық авиация басшылары мен қызметкерлерін оқыту** | | |
| Жалпы құны | ЕК салымы *2 000 000 еуро* | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі - орталықтандырылған басқару | | |
| DAC-коды | 21050 | Сектор | Көлік |

## 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

Өңірдің негізгі стратегиялық басымдықтары: нарықтың қажеттілігіне, көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға, оңалтуға жақсырақ әсер ету үшін өңірлік деңгейде үйлестірілетін және халықаралық трафик пен қоршаған ортаға келтірілетін салдарларды азайту үшін арнайы үкіметтік көліктік саясатты құру.

Жобаның бенефициарлары - Бакуде 1998 жылғы 8 қыркүйекте қол қойылған

TRACECA бойынша Базалық көпжақты келісім-шартқа қол қойған (MLA) тараптарды қоса алғанда, ТМД елдері болып табылады.

MLA негізгі басымдықтардың бірі - тауар айналымын және тасымалдауды арттыру жолымен халықаралық нарыққа кірігу болып табылады:

- Еуропада, Қара Теңіз және Орталық Азия өңірінде экономикалық қатынастарды, сауданы және көлік коммуникациясын дамытуға көмектесу;
- Халықаралық жолдар, темір жолдар және коммерциялық навигация нарығына қол жеткізуге кепілдік беру;
- Трафиктің, жүктің қауіпсіздігіне кепілдік беру және қоршаған ортаны қорғау;
- Көлік саласында көлік саясаты мен жария құрылымның үйлесімділігі;
- Көлікте бәсекелестіктің бірдей шарттарын жасау.

Жоба ТАСИС Кеңесінің регламентіне (N№99/2000) және 2004-2006 жылдарға арналған ТАСИС Өңірлік Ынтымақтастықтың Индикативтік бағдарламасы мен міндеттеріне сәйкес 2006 жылға арналған Іс қимылдың Өңірлік Бағдарламасын және Саудаға және инвестициялық ағындарға жәрдемдесу - Көліктік ынтымақтастық атты 2 Кезеңді ұсынды, атап айтқанда:

- Өңір шегінде сауданы дамыту мен жақсартуға қатысты мәселелерде қатысушы елдердің ынтымақтастығын ынталандыру;
- TRACECA-ға жәрдемдесу;
- сауда және көлік жүйесінде проблемалар мен алшақтықтарды айқындау;
- ЕО қаржыландыратын Техникалық көмек бағдарламасы шеңберінде айқындау.

Ұсынылып отырған жоба EU/TACIS/TRACECA ағымдағы саясат пен стратегияға сәйкес болады. ТАСИС өңірлік ынтымақтастығы мен 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік бағдарламасының Стратегиялық құжаты көлік саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты қарастыруды және маңызды техникалық стандарттарды, қауіпсіздік және қоршаған орта стандарттарын үйлестіруді бағдарлауды талап етеді. Онда "Әуе көлігін қорғауды және оның қауіпсіздігін жақсартуға, атап айтқанда еуропалық қауіпсіздік ережелерін үйлестіруге қатысты арнайы көңіл бөлу, сондай-ақ оларды іске асыру мен енгізу үшін тиісті заңнамалық базаны құру қажеттілігі" айтылған.

Жоба 2005 және 2006 ОА Индикативтік бағдарламасына, ОА елдері мен жалпы еуропалық дәліз (PAN-TC) арасындағы осы заманғы тиімді байланыстарды дамытуды талап ететін Track 1 сәйкес, көлік іс шараларының қауіпсіздігін жақсартып, өңір шегінде жүктердің транзитіне жәрдемесе отырып жүргізілуде.

Соңғысы, ЕО-ның сыртқы авиациялық саясатының міндеттеріне және 2004 жылғы 14 қарашадағы Баку конференциясының шешімдеріне сәйкес жүргізілуде.

## 1.2. Алынған сабақтар

ТАСИС бағдарламасы бенефициар елдердің көлігіне арналған ұлттық бюджеттің аясында, көптеген жобалардың шеңберінде көлік секторын дамытудың және сауданы арттырудың мәселелерін шешті. Көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда әртүрлі бюджет желілері арқылы өңірлік авиация секторындағы ЕО-ның қатысуы аса шектеулі. Негізгі іс-шаралар авиациялық тасымалдауларды бақылау мәселесіне қатысты болды, және мұндай жоба 1996 жылы "Оңтүстік шеңбердегі авиакөлікті бақылауды оқыту және авиабағыттарды дамыту" жобасынан және 1997 жылы қосымша "Кавказ өңірінің елдеріне арналған өңірлік авиақызмет көрсету" жобасынан басталды. Мұндай кезеңдерде жоба өңірдің авиациялық диспетчерлерінің жекелеген топтарына қызмет көрсетті, сондай-ақ Оңтүстік Шеңбер елдерінің әрқайсысы үшін, атап айтқанда Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Моңғолия, Тәжікстан, Түркіменстан үшін ішкі авиация бойынша халықаралық сарапшылардың қызметтерін ұсынды.

Алдыңғы жобалардың жетістіктерін ескере отырып, 1999 жылы "Оңтүстік Шеңбердің авиациялық бағыттары, II Кезең" атты жаңа жоба басталды. Жобаның жалпы мақсаты - Оңтүстік Шеңбер өңірінде авиакөліктің қауіпсіз және тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу Жобаның екі құрамдас бөлігі болды және екеуі де ИКАО азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы ұсынғандай CNS/ATM (Байланыс және қадағалау/ әуе қозғалысын ұйымдастыру) енгізуге қатысты болды. Жобаның міндеттері - CNS/ATM мақсатында қадағалау мен радио таратудың автоматты жүйесінің технологиясын пайдаланған кезде Оңтүстік Шеңбер өңірінің артықшылығын көрсету, содан соң өңір шегінде қонуға дәл есептелген кіру үшін CAT CAT I/II/III GPS ( ғаламдық навигациялық спутниктер жүйесі) GLONASS және/немесе EGNOS-қа ( Еуропалық геостационарлық қосымша навигациялық жүйе) негізделген GBAS [1] (Жер үсті жақсарту жүйесі) жүйесін іске асырудың әлеуетін зерттеу.

Азаматтық авиация халықаралық саудаға, туризмге жол беру ретінде адамдарды тасымалдауда ғана емес, сол сияқты құнды және тез бұзылатын тауарларға арналған жүк көлігі үшін үлкен роль атқарады. ТМД-дағы оқиғалардың, қауіпсіздіктің және қорғаудың статистикасы онша жағымды емес. Алынған сабақтың негізгісі - қауіпсіздік және қорғау туралы біле отырып, институционалдық әлеуетсіз халықаралық конвенцияларға, қағидалар мен ережелерге шынайы берілгендік және оларды табысты енгізу мүмкін емес. Бұл тек әуе басқару қызметтерін ұйымдастыру мәселелеріне ғана емес, сол сияқты жедел және әкімшілік шаруашылық бірліктерге қатысы бар.

Өңірдің бірнеше елдері өзінің авиациялық мәдениетін жақсартқысы әрі әлемдік және Еуропа Одағының стандарттарын қабылдағысы келеді.

Маңызды бақылауларды халықаралық сарапшылар алдыңғы жобаларды іске асыру уақытында жасағанын атап өту қажет. Елдердің көпшілік авиакомпаниялары мемлекеттің қырағы бақылауында болу фактысын атап өту маңызды. Сондықтан

қорғау мен қауіпсіздік мәселесіндегі көптеген ұсыныстар айтарлықтай елеулі және енгізу үшін саяси жігерді талап етеді. Ең алдымен қолайлы және нәтижеге бағдарланған маңызды міндеттерді шешуге ұсыныс беріледі.

Сонымен қатар олар осы заманғы талаптарға сәйкес келуге және Еуропа мен әлемнің ең үздік тәжірибесінің стандарттарына жауап беруге тиіс.

Мұның алдындағы өңірлік көліктік жобалар (TRACECA-ны қоса алғанда) бенефициар елдегі әрбір жекелеген авиациялық компанияның авиациялық секторының стратегияларын, әуе кемелері паркінің саясаты мен тұжырымдамасын егжей-тегжейлі зерделеуді ұсынған болатын. Алайда, соңғы уақытта көптеген өзгерістер болғандықтан, ұсынымдарды жаңарту қажет. Әрбір елдердің және әрбір әуежайдың әуе кемелері паркінің құрамына, басқаруға және қауіпсіздік пен қорғау жүйесіне ерекше көңіл аудару қажет. Қазіргі уақытта компания мен компанияның арасында үлкен алшақтықтар бар.

Жалпы білім беретін бағдарлама авиациялық компаниялардың бүгінгі әлеуетін ескере отырып, бұрын ұсынылған білім беру көлеміне сүйене отырып, әзірленуге тиіс. Мұның алдындағы тәжірибе жоба қызметінің талаптары ТМД елдеріндегі даярлау деңгейі және қауіпсіздік пен қорғау мәдениетінде айырмашылық болатындығын көрсетеді. Қаржылық, ұйымдық және институционалдық реттелуде айтарлықтай айырмашылықтар, сондай-ақ осындай жобаларды алатын елдер үшін авиациялық секторда бәсекелесу мүмкіндіктері бар.

Тәжірибе қайталауды болдырмау және ЕК-нің нақты құнды көмегін алу үшін әр түрлі компанияларды оқыту тарихын мұқият зерделеуді және бенефициарлармен тренингтік бағдарламаны алдын ала талқылау қажеттілігін талап етеді.

Алдындағы тәжірибе авиациялық өнеркәсіптің ерекше талаптарына жауап беретін жақсы әзірленген жобалар мен жоғары кәсіби оқыту өте құнды екендігін көрсетті. Ұйымдастырылатын тренинг үшін өзара оқыту және халықаралық коммуникация тәсілі құнды болатындықтан оқытушылардан авиациялық қауіпсіздік пен қорғаудың түрлі салаларындағы тәжірибемен бөлісуді өтіну ұсынылады. Ұсынылып отырған жобаның шеңберінде маңызды оқыту материалдарын бенефициар елдердің халықаралық тілдеріне аудару мүмкіндігін ескеру ұсынылады, бұл туралы алдыңғы оқыту кезінде жиі айтылған болатын. Сонымен қатар халықаралық авиация тілі ретінде ағылшын тілін білу жобаның көмегімен жақсартылуға тиіс.

Осылайша, егер мұндай мақсат әрбір жеке алынған елдегі бірлескен жұмыстың өнімі болғанда, ол неғұрлым тиімдірек енгізілген болар еді. Саяси деңгейдегі шиеленістер мен түсініспеушіліктер жекелеген авиажелінің мемлекеттік органдарға тәуелділігінен халықаралық қатынастарға ауысқан кезде, саяси жағдайға да байланысты болады.

Ұзақ уақытқа созу жобаның басталуына ғана емес, сол сияқты тұтастай алғанда бүкіл жобаға да теріс әсер ететіндіктен жобаға қол қоюдан бастап оның басталуына

дейінгі мерзімді мейлінше қысқарту ұсынылады. Тәжірибе көрсеткендей, ынтымақтастық пен бір-бірімен тиімді сөйлесуге дайын болу, көбінесе, мұндай шаралардың азаматтық авиацияны ресми емес жағдайда ұйымдастырған орындарға байланысты болғандығын атап өткен жөн.

TRACECA елдерінің ТАСИС бағдарламаларына әсері өте дұрыс. Мұның өзі елдердің арасындағы және ЕО-мен ынтымақтастықты құру мен тереңдету үшін пайдалы базаны орнатады. Киев қаласында 2005 жылғы қарашада TRACECA жұмыс тобының кездесуінде елдердің өкілдері, сондай-ақ Бакудегі (Тбилиси 2005 жыл) конференциядағы авиациялық жұмыс тобы айтқандай, жобаның ұсынылып отырған өңірлік тәсілі енгізілген елдердің басымдылықтарына сәйкес болуда.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

1 Әуежайларға арналған нақты навигациялық жүйе, ол жерге жайлы қонуға мүмкіндік беретін жердегі GPS пен GLONASS белгілерінің сапасын үнемі тексереді.

## 1.3. Қосымша іс-әрекет жасау салалары

Жалпы Азаматтық авиация секторында жобалардың шектеулі мөлшері бар екенін ескертуіміз қажет және олар негізінен, әуежайларға және әуе қозғалысын бақылауға арналған жабдықтарға инвестициялар жасауға қатысты екендігін атап өту қажет. Көлік саясаты және Азаматтық авиацияға қатысты институционалдық мәселелер бойынша тағы бірнеше техникалық көмек жобалары бар.

Алайда, ЕК оқу процесіне және бақылау бойынша персоналды күшейту жөнінде шараларға бастамашылық етіп те қойды. Әуе жолдарына, әуежай персоналдарына және әкімшілікке көзделген бұл жоба өңірлерде азаматтық авиация секторын жақсартудың келесі кезеңі болады және аймақтық бірігуге бағытталады. Бұл бұрын қабылданған іс-әрекетке және бенефициарлардың өзінің күшіне қосымша күш қосу болып табылады. Сонымен, жоба жобалардың және ТАСИС бағдарламасының қазіргі және мұның алдындағы жетістіктерін нығайтады. Осы құжат авиация секторын бара-бар дамытуды қолдайтындықтан тиіс ұсынылып отырған жоба 2006 жылы қабылдануы тиіс 2015 жылға дейін IOC TRACECA Стратегияның жаңа жобасына сенім арта алады.

## 1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

Жоғарыда көрсетілгендей TRACECA өңірлеріне қатысты бұл секторда донорлардың қатысуы едәуір нашар. Осылайша, IGC TRACECA Тұрақты Хатшылығы және елдердегі оған тиесілі құрылымдар арқылы үйлестіретін күш жұмсаумен бірге ICAO (ИКАО) (Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы) жәрдемімен тығыз ынтымақтастық болады.

## 2. ЕЛДІК/ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ

Авиациялық өнеркәсіп өзінің барлық әлеуетін дамытуы және экономикалық және әлеуметтік өркендеуге өзінің үлесін қосуы үшін, авиация қауіпсіздігі және қауіпсіздік деңгейін күшейтуі қажет. ТМД елдерінде оқыс оқиғалардың деңгейі Батыс Европа мен әлемнің барлық өңіріне қарағанда шамамен 50 есе артық. Бұл жағдай тек ескі жабдықтан ғана емес, сол сияқты бақылаудың жоқтығы мен адамдардың кемшілігінен туындайды. ТМД елдерінде қауіпсіздік пен күзетті стандарттарын жақсарту қажеттілігі ЕО аумағында 2006 жылғы наурызда тізімі алғашқы рет шыққан, жұмыс істеуіне рұқсат етілмеген авиакомпаниялардың бар екендігімен де маңызды.

Елдерде қауіпсіздік жөніндегі міндеттемелерді тиімді орындау үшін білікті персоналдың, мемлекеттік және жартылай мемлекеттік операторлар мен тасымалдаушылардың жетіспеушілігі жиі кездеседі. Персоналды, экипаж мүшелерін, авиакөлік пен жер үстіндегі жұмыстарды бақылайтын персоналды оқыту, қауіп-қатерлер, оқыс оқиғалар, сонымен қатар мұндай жұмыстар үшін қаржының жоқтығынан жүргізілмейді. Мұндай оқытуды жүргізу аса маңызды.

ТМД елдері үшін көлік заңнамаларына еуропалық Ережелер (мысалы, ЕС/EASA және JAA [2] ) сияқты авиация туралы ережелер енгізу қажеттілігі туындайды. TRACECA елдері қауіпсіздікке байланысты қабылдаған ЕС/EASA Ережелері мен JAA стандарттары TRACECA өңірінің авиациялық секторына үлкен пайда әкелуі мүмкін. Оның үстіне ЕС/EASA және JAA Ережелерін қабылдау мен енгізу TRACECA-ның көптеген елдерінде кемеліне жетпеген, шу және ауаға шығарылатын қалдықтарды қоса алғанда, авиация көлігінің қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін арттырады.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

2 *EASA - Авиация қауіпсіздігі жөніндегі Еуропа агенттігі; JAA - Бірлескен авиациялық басқарма*

## 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты 2.2. Секторлық контекст

Елдің және алыс өңірлердің экономикалық және әлеуметтік дамуында авиация көлігінің маңызы зор. Авиациялық сектор Қазақстан сияқты үлкен елдің көліктік таралымын дамытуда маңызды рөл атқарады. Авиация халықаралық сауда үшін және халықаралық инвестициялар тарту мен туризм үшін де маңызды. Сонымен, жоба ТМД елдерінің әлемдік экономикаға кірігуіне оң ықпал етеді және нәтижесінде, әлеуетті нығайту шаралары арқылы осы сектордағы басқаруды жетілдіруге ықпал етеді.

ТМД елдерінің көпшілігі немесе транзиттік дамитын елдер құрылықпен қоршалған, дамыған авиациялық сектордың (жер үсті, теңіз және авиация көліктерін қоса алғанда) бар болуы халықаралық нарықпен өзара іс-әрекеттің маңызды факторы болып табылады. Тиімді даму 1998 жылы қол қойылған Еуропа-Кавказ-Азия дәлізі бойынша

халықаралық көлікті дамыту жөніндегі TRACECA Көпжақты Келісімінің көптеген ұсыныстарының негізі болып табылады.

Алайда, азаматтық авиацияда мемлекеттік тасымалдаушылар мен әуе жайлардың үлесі үстем болып табылады, бірақ көптеген елдерде авиацияны коммерциалиязацияландыру басталып та кетті, мысалы, жер үстінде қызмет көрсету.

Әуежайлардағы қауіпсіздікті басқару жүйесін енгізу бойынша ИКАО бастаған үдеріс қазіргі уақытта барлық Еуропалық әуежайларда іске асырылуда, ал ТМД елдерінде енді басталып отыр, бірақ оны жеделдету қажет.

Драмалық уақиғаларға қарамастан, өңірлерде қауіпсіздікті күшейту жолында елдер аз ғана күш жұмсады және мұндай әкімшілік жұмыс тиімді емес.

## 3. СИПАТТАМАСЫ 3.1. Мақсаттары

Осы жобаның мақсаты ЕО мен ТМД елдерінің арасындағы жолаушылар қозғалысын арттыру, сондықтан да бұл мәселедегі артықшылық авиацияға, атап айтқанда, туризм және бизнес салаларына тиесілі.

Жалпы міндеті TRACECA дәлізіне назар аудара отырып, ТМД елдеріндегі неғұрлым қауіпсіз, тиімді авиациялық көлік болып табылады, осылайша өңірдің әлемдік экономикаға кірігуге жәрдемдеседі.

Жобаның нақты мақсаты ұшақтарға және олардың жұмыс істеуіне, әкімшілік етуге, экипаждардың персоналына басты назар аудара отырып, авиациялық сектордың әлеуетін нығайту.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет салалары

Жоба азаматтық авиация саласында білім беру және халықаралық конвенциялардың , қарарлардың, ұсынымдардың және ECU/EASA (Еуропалық авиациялық сақтандыру агентствосы), JAA (Бірлескен авиациялық уәкілетті орган) мен ИКАО (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) стандарттарының талаптарына сәйкес қауіпсіздікті бақылауға жауапты білім беретін институттар мен ұйымдарды күшейту жолымен жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешуге үлес қосады.

Келесі нәтиже ТМД елдерінің тиісті заңнамасын түзету жөніндегі ұсынымдар болады.

Негізгі іс-шаралар:

- заңнама, дағды, тренингтік әлеует пен бағдарламалар, қолданылатын жоспарлар және жақсартылған білім беру, сондай-ақ оқытушылардың біліктілігі саласындағы осы кездегі жағдайға терең талдау жасау;
- оқу қажеттіліктерін бағалау;
- өңірлік тәсілге назар қоя отырып, оқу жоспарын әзірлеу;
- білім беретін институттарды күшейту;

- жаттықтырушыларды /оқытушыларды даярлау;
- оқытатын сапарларды ұйымдастыру және оларды шешім қабылдайтын адамдар үшін енгізу;
- жұмыс орнында оқыту үшін сыныптарды имитаторларды және оқытушыларды даярлау;
- арнайы тілдік даярлау;
- қауіпсіздік мәдениетін арттыру үшін даярлау;
- әр елде тиісті заңнама базасын жақсарту, атап айтқанда халықаралық стандарттарды (ИКАО қосымшаларын) енгізуге қатысты жөніндегі ұсынымдар;
- әуежайлардағы қауіпсіздікті басқару жүйелерін енгізуге жәрдем көрсету;
- өңірлік жұмыс тобы және ақпаратпен алмасу үшін кездесулер.

## 3.3. Мүдделі тараптар

Жобаға негізгі қатысушылар:
- Көлік министрлігі және Министрлер Кабинеті - көлік саясатын және көлік инфрақұрылымын дамытуға жауапты және оқыс уақиғаларға жауап беретін жобаның жалпы бенефициарлары.
- Азаматтық авиацияның басшылығы азаматтық авиацияға бақылау мен мониторингті жақсы жүргізе алады. Олар көлік секторындағы заңнама базасын және әділ басқаруды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды қабылдауды және орындауды жеделдетеді.
- Әуежайлардың, жер үсті компаниялардың және өңірлік авиажелілерінің жақсартылған қауіпсіздікпен жұмыс істеуі, мұның өзі жаңа іскерлік мүмкіндіктерді туғызады.
- Авиажолаушылар, операторлар және жеделдетілген қызмет көрсету.
- Авиажолаушылар қауіп деңгейінің төмендеуінен тек қана ұтады.
- MLA ережелеріне негізделген, өңірдегі сауданы күшейтуге бағытталған TRACECA бағдарламасы.
- Әріптес елдер мен ЕО арасындағы ынтымақтастыққа жауапты ұлттық үйлестіру бюросы.

## 3.4. Болжамдар

Табысты енгізудің негізгі болжамдары:
- елдердегі саяси тұрақтылық;
- авиакомпаниялардың оқыту жөніндегі ережелерге қол қоюға (мақұлдауға) дайындығы және мүмкіндігі;
- үкіметтер өңірлік кірігу және қауіпсіз авиасекторды құру саясатын одан әрі жүргізеді;

- жоба бенефициарларының және әріптестерінің жоба шеңберінде осы саладағы ынтымақтастыққа дайындығы;
- қажетті ақпараттар мен деректерге еркін рұқсат алуы;
- персоналдың болуы және оның тұрақтылығы;
- біліммен (практикалық тәжірибемен бара-бар қамтамасыз ету).

### 3.5. Тәуекелдер

Негізгі тәуекелдер:
- бенефициарлар деңгейінде ТМД-нің кейбір елдерінде шешім қабылдаудың тұрақсыздығы;
- бенефициарлар арасында ынтымақтастықтың болмауы;
- ТМД елдері көлік ұйымдарының қарама-қарсы мүдделері;
- ТМД көлік секторындағы жалпы мақсаттардың және басымдықтардың болмауы;
- заңнамадағы қажетті түзетулер мен шешімдерді қабылдаудың ұзақ үдерісі.

Мұндай тәуекелдерді ТМД және ЕО елдерінің көлік секторына негізгі қатысушылардың ынтымақтастығы үшін қазіргі кезде пайдаланылатын тетіктерді пайдалану жолымен барынша азайтуға болады.

### 3.6. Қажетті шарттар

Жобаның басталуы ТМД елдерінің өз көлік саясатын өңірлік деңгейде дамытуға дайындығына байланысты. Жобаны қабылдау туралы мәлімдеме мұндай дайындықты білдіру болады. Қатысушы тараптар Достастықтың авиация саласындағы заңын Келісім немесе ЕО-ға мүше елдердің екіжақты авиациялық келісіміне түзетулер арқылы сақтауға тиіс.

### 3.7. Сабақтас мәселелер

Қауіпсіздікті күшейтуден пайданы көмек бағдарламасын алушылар ғана алмайды. Авиация дегеніміз ғаламдық индустрия, оның кемшіліктері әлемдік ықпалға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Гендерлік саясаттың қағидаттары да персоналды оқыту кезінде пайдаланылатын болады. ЕО-ның EASA және JAA ережелерін және ұсынымдарын қолдану қоршаған ортаға оң әсерін тигізеді.

## 4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 4.1. Іске асыру әдісі

Еуропа Комиссиясының орталықтандырылған басқаруы жолымен іске асырылады.

## 4.2. Бюджет және күнтізбе

Ұйғарылатын бюджет қызмет көрсетуге арналған бір және бірнеше келісім-шарт нысанында 2 млн. еуроны құрайды.

Бенефициардың салымы - персоналды, деректерді және ақпаратты беру. Тиісті институттарға арналған осы заманғы оқытатын жабдықтарға инвестициялар жасау қажеттілігі болады, мұның өзі бенефициарлар мен оқытатын институттар өтейтін 100 000 еуроға және одан да көбірек сомаға жетуі мүмкін.

Жоба 24 айға созылады және Қаржы келісіміне қол қойған уақыттан бастап басталады.

## 4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржы келісімін орындайтын барлық келісім-шарттар Комиссияның рәсімдеріне және стандарттық құжаттарына сәйкес берілуге және орындалуға тиіс.

## 4.4. Мониторинг жүргізу

Жобаға ТАСИС-тің мониторингтік қызметі мониторинг жүргізеді және оны өңірдегі ЕО делегациялары жіті қадағалайды.

## 4.5. Бағалау және аудит

Түбегейлі бағалау көзделуге тиіс және ТАСИС ережелері мен келісім-шарттар талаптарына сәйкес аудит жүргізілуге тиіс.

# 4-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **ТМД-ның батыс елдерінде, Кавказда және Орта Азияда халықаралық логистикалық орталықтар/тораптар құру** | | |
| Жалпы құны | 3 500 000 еуро | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі - Орталықтандырылған басқару | | |
| Код DAC | 21010 | Сектор | Көлік |

# I.НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы көлік секторында өңірлік ынтымақтастықтың мақсаты ретінде Кавказ арқылы Азия мен жалпы еуропа көлік дәліздері арасында қазіргі заманғы тиімді байланыстарды дамытуды білдіреді. Материалдық-техникалық (логистикалық) орталықтар ЕО, көршілес елдер және т.с.с. арасында халықаралық қатынас болып қызмет ететін негізгі жолдардан алыс орналасуы

т и і с .

Өңірде сауда-саттық пен көлікті күшейту және ТМД елдерін дүниежүзілік экономикаға біріктіру үшін неғұрлым тиімді жолмен Кавказ арқылы мұнайға жатпайтын жүктердің Азиядан келу қозғалысын ұйымдастыру қажет. Халықаралық көлікаралық желіні құру жүктердің ағындарын оңтайландыру үшін маңызды алғышарт болып қызмет етеді (импорт, экспорт, транзит) және жергілікті көлік желісінің бірігу үдерісіне және оның жалпы еуропа көлік дәлізімен байланысына ықпал ететін болады.

Жалпы логистикалық көлік желісіне көлікаралық кірігуі жеке логистикалық инфрақұрылымын және ұлттық пен халықаралық деңгейлерде еңбекті бөлуді ала отырып, өңірде жаһандық (республикалық, дүниежүзілік) макрологистикалық жүйенің құраушы бола алады.

Осылайша, осы жоба ТАСИС-тің 2002-2006 жылдарға арналған Стратегиялық Құжаттарына, ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған Көпжылдық Индикативтік Бағдарламасына, Орталық Азия үшін 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік Бағдарламаға, Еуропа тату көршілік саясатының стратегиялық құжатына сәйкес және " Ақ Кітаппен" тығыз байланыстағы (Еуропаның 2010 жылға арналған көлік саясаты: Шешетін уақыт жетті) БҰҰ халықаралық мұхиттарға рұқсаты жоқтарға және тасымалдаудың түрлі тәсілдерін әсіре тиімді операциялық бірлесімділігі және көлік коммуникациясы саласында көліктік дамыған елдерге арналған Декларациясы. Бұдан басқа, жоба жеке инвестицияларды тартуға және жеке капиталдың қатысуымен мемлекеттік мекемелердің өміршеңдігін құруға жәрдемдеседі.

Жоба сондай-ақ 2004 жылғы 14 қарашада Бакуде (Әзірбайжан) өткізілген Көлік жөніндегі Баку Конференциясына сәйкес келеді.

## 1.2. Алынған сабақтар

ТАСИС-тің алдыңғы жобалары өндірістің өсуі, ресурстарды неғұрлым тиімді және экономикалық бөлу есебінен үнемдеуге қол жеткізу үшін басымдықтардың шектеулі санына шоғырландыру қажеттілігін ақтайды. Осындайды логистикалық орталықтардың жұмысы туралы да айтуға болады, оларды өңірлік деңгейге шығарса және бір уақыттағы шоғырландырылған техникалық көмекпен ұстаса, тиімді болып табылады. Аныктау жөніндегі логистика ұлттық шекаралармен қиылысады және мемлекеттік шекаралардың шегінен шығып кетеді. Дүниежүзілік рынокпен бірігу және өңірлік ынтымақтастық талаптарға жауап беретін және жаһандық өндіріс пен көлік тізбектері үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынатын логистикалық көлік жүйелерін құруды және көлік бағыттарын оңтайландыруды объективті талап етеді.

Сондықтан оңтайландырылған жүйені құру бүкіл бағыт уақытында жүктің қауіпсіздігі, білікті өтініш жасау, төмен көлік шығыстары және тиімді қызмет көрсету қамтамасыз етілетін өңірлік деңгейде мәселені шешкен кезде ғана мүмкін. Сонда да

тиімді өңірлік жүйе үшін тұжырымдама бойынша логистикалық тізбекке қатысатын жергілікті басшылықтың келісімі талап етіледі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кеден органдарының Бас келісімі және оларды қолдау - бұл жоба жетістігінің шет бұрышты т а с ы .

ЕК түрлі бюджеттік желілер арқылы әр түрлі өңірлік сауда және көлік іс-шараларында қатысуы бар болғандықтан, осы жоба да өңірлік интеграцияны құруға және ТАСИС-тің жобалары мен бағдарламаларының бар және алдыңғы шарттарын нығайтуға өз үлесін қосады. Бұдан басқа, ТМД елдерінің ТАСИС-тің өңірлік көлік және коммерциялық іс-шараларына қарым-қатынасы оң болды, ол негіз құрады, оған елдер мен ЕО арасында ынтымақтастық құруға және нығайтуға болады. Ұсынылып отырған жобаның өңірлік көзқарасы тартылған елдердің басымдықтарына сәйкес б о л а д ы .

Ең соңғысы, инвестициялар тарту және халықаралық қаржы институттарымен және негізгі донорлармен де тығыз үйлесімділік те маңызды алынған сабақ және жобаның ерекше құрауышы болып табылады.

## 1.3. Қосымша әрекет ету салалары

ЕО - соңғы жылдары тұрақты өңірлік көлік бағдарламасын қолдау арқасында өңірдің көлік секторының негізгі қатысушысы (1993 жылдан бастап 160 млн. еуро). Ұсынылған техникалық көмек (негізінен TRACECA бағдарламасы арқылы) ЕҚДБ қамтитын Халықаралық қаржы институттарының орасан зор инвестицияларын тартуға көмектесті, ол порттарға, темір жолға және TRACECA дәлізінен алыс 700 млн. еуродан астамға автомобиль жолдарына қатысты күрделі жобалар бойынша міндеттемелерді орындады, Дүниежүзілік Банк (ДБ) 40 млн. доллардан асатын сомаға Кавказда автомобиль жолдарына жаңа күрделі жобалар бойынша міндеттемелер орындады және автомобиль мен темір жолды жақсарту үшін қаржы қаражатын ұсынатын АДБ бұдан басқа, ЕО жеке инвесторлары TRRACECA өңірінде көлік компанияларымен бірлескен кәсіпорындармен айналысады. ЕО өңірлік ынтымақтастықты және өңірде экономикалық тұрақтылықты одан әрі күшейту үшін ЕК басқа бағдарламаларымен бағдарламаны қолдайды.

Жобаны қолдау ТМД аумағында көлік және логистикалық желіні дамытуда көшбасшы рөлге кепілдік береді.

TRACECA Бағдарламасының алдыңғы, ағымдағы және мақұлданған жаңа жобаларына накты толықтыруды қамтамасыз ету үшін осы жобаны накты әзірлеуге жіті көңіл бөлінетін болады, олар мыналар:

a. Шекаралардың қиылысу рәсімдерін үйлестіру
b. Транзиттік төлем мен тарифтер бойынша бірыңғай саясат
c. Экспедиторларды оқыту курстары (жүктер) (Материалдық-техникалық

қамтамасыз етудің қазіргі заманғы жүйелері жөніндегі кіріспе курсты қамтиды)

d. TRACECA дәліздері мен Трансеуропа көлік байланысы арасында теңіз байланыстарын жақсарту (көп модульді желі/логистикалық орталық ретінде қара Теңіз порттарын құруды қоса алғанда)

e. Ақтау портын дамыту, бас жоспар және Ақтау порты үшін техникалық негіздеме (Қазақстан)

i. TRACECA елдерінің трафик ағындарын талдау және болжамдау және өңіраралық көлік интеграциясы

g. 2006 жылға арналған Іс-әрекет бағдарламасында көзделген Теңіз жобасының автомагистральдері

Осы өңірде сауда және көлік саласындағы көптеген басқа донорлар мен бастамалар, ол алдыңғы бөлімде суреттелгендей толықтырылатын жобаларға және олармен үйлесімділікке ықпал етеді.

Жобаның орындалуын TRACECA үкіметаралық комиссиясы және өңірдің көлік секторында ЕК ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыруға сенуге болатын серіктестер болып табылатындығын дәлелдеген тиісті институционалдық мекемелер үйлестіруі тиіс. TRACECA жобаларын ұйымдастыру құрылымдарында үлестік қатысуы бар қатысушы елдер толығымен қолдайды.

TRACECA бағдарламасының нәтижесі үкіметтік мекемелер арасында ынтымақтастық пен диалогты күшейту болды, сондай-ақ Орталық Азияда, сондай-ақ Кавказ бен Шығыс Европада көлік мәселелерінің өңірлік ауқымын дамытуға ықпал етті . Баку процесінің нәтижелері және алдыңғы оң нәтижелердің негізінде осы жоба өңірлік деңгейде іске асырылуы тиіс, оның міндеттері енгізілетін елдердің басымдықтарына сәйкес келуі тиіс.

Осы Жоба Орталық Азияның 2006 жылғы Іс-әрекет ету бағдарламасының 2 млн. еуросын пайдаланады, бұл ретте бүкіл жобаның құны 5.5 млн. еуроға тең болады.

## 1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

Тиісті донорлық қатысуға Қара Теңіз, Кавказ бен Орталық Азияда тең келер болмады.

Орталық-азия өңірінде негізгі басымдықтар сауда-саттықты күшейтуге, кедендік ынтымақтастыққа, транзиттік дамытуға қатысты екендігін атап өткен жөн және донорлардан шығады. БҰҰ, оның Орталық азияның экономикасына арналған арнайы Бағдарламасының (СПЕКА) шеңберінде төрт ОА елдерінің қатысуымен көлік инфрақұрылымы мен шекарадан өтуді жеңілдету жөніндегі жұмыс тобы құрылды. АДБ Әзірбайжан мен Қытайды қамтитын ОА елдерінің қатысуымен Орталық Азия экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын (KAREC) даярлады. USAID ОА сауда-саттықты арттыру және кеден қызметін жаңғырту жөніндегі өңірлік жобаларды

іске асырады. ОА, Қытай мен Ресейді қамтитын Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы да ( ШЫҰ) сауда-саттық пен көлікті дамытуда қатысады. БҰҰ транзиттік-дамыған елдердің теңізіне шықпайтын елдер үшін Жаһандық әрекет ету Бағдарламасын әзірледі (Алматы Әрекет ету бағдарламасы).

ТМД Батыс елдері Батыс жаққа өзінің көлік жүйесінің бірігуімен күшті әсер ете отырып, осындай өзгерістерге ұшырады. Мысалы, ДБ Оңтүстік-Шығыс Еуропада сауда-саттық пен көлікті дамытуға жәрдем көрсету жөніндегі жобасы 2003 жылғы маусымда басталды және ДБ Кеңесі мақұлдады. Жалпы ұсынылған сома 40 жыл өтеу мерзімімен 10 жылға 7.21 млн. долларға тең. Жобаның негізгі міндеттері - сауда-саттық пен көлікке арналған тарифтік емес шығыстарды қысқарту; кірістерді арттыру және тиісінше шекаралас пункттерде контрабанда мен сыбайлас жемқорлықты қысқарту. Жоба институционалдық кедендік ықтималды нығайту, ақпараттық кеден жүйесін біріктіруді жаңғырту; транзиттік бақылау жүйесін дамыту; бар шекара пункттерінің ықтималын және тиімділігін күшейту; шекаралық бақылау органдары мен сауда-саттық жасайтын жергілікті халық арасында өзара байланыс пен ынтымақтастық механизмдерін жақсарту; ақпарат тарату және сауда-саттық жасайтын жергілікті халыққа (жеке сектор) оқытуды ұсыну; және сынақ учаскелерін жабдықтау жолымен осындай мақсаттарға қол жеткізуге ұсынады.

Ұсынылған бастамалар іс-шаралардың толық тізімін құрамайды, бірақ логистикалық орталықтарға тікелей немесе жанама қатысатын ТМД аумағында донорлық көмектің ауқымдары мен шоғырландырылуын түсінуге мүмкіндік береді. Жоғарыда санамаланған барлық донорлар жан-жақты бірыңғай көзқарас, ұйымдастыру инфрақұрылымын құру, заң құрылымын үйлестіру және жобалардың экономикалық өмір сүру қабілеттерін даярлау негізінде көлік пен сауда-саттық саласында іс-шаралар жүргізеді.

Жоғарыда санамаланған бастамалардан басқа, көлік және сауда-саттықты күшейту жобалары бойынша өңірде белсенді жұмыс істейтін өзге донорлық ұйымдар бар ма? Бұл - ЕКДБ, ДБ, АДБ, БҰҰӨӨ Еуропа Экономикалық комиссиясы (UNECE) және Азия (UNESCAP), Кувейт Даму Қоры (KDF), Жапония Халықаралық Ынтымақтастық жөніндегі агенттігі (JICA) және USAID. Басқа донорлар салыстырмалы, өйткені негізгі күш басқа салаларға салынады. Германияның екі жақты көмегіне сәйкес ғана логистикалық орталықтар, мысалы, Ташкентте және Тбилисиде қаржыландырылды.

Бұл бастамалардың барлығы әлі жоқ логистикалық желілердің табысты жұмыс істеуіне жол ашу үшін бағытталған. Үкіметаралық Комиссияның Тұрақты хатшылығы TRACECA (PS IGC) кепілдік беруі мүмкін сауда-саттық пен халықаралық көлік жобаларының дамуына жәрдем көрсетудің тиімділігін өзара арттыру мақсатында үйлестіру мен ынтымақтастық қажет.

## 2. ЕЛДІК/ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар-елдің ынтымақтастық саясаты

Өңірдің негізгі стратегиялық басымдықтары: рынок талаптарына үздік әрекет ету, көлік инфрақұрылымын жаңғырту және оңалту мақсатында өңірлік деңгейде үйлестірілетін арнайы үкіметтік көлік саясатын және халықаралық кеме жүру және қоршаған ортаға әрекет етуді азайту үшін жетілдірілген құрылымдық жағдайлар жасау.

Жауапты ретінде өңірдің көлік министрлігі жобаны іске асыруға қатысуға міндеттенеді, ал көлік компаниясы түрлі семинарлар мен кеңестерде жоғары сапалы логистикалық қызметтерге қажеттілік білдірді, жобаның табысты орындалуы үшін маңызды алғышарттар бар. Алайда Жобаға Кеден Басқармасы, Сыртқы істер министрлігі, елдердің экономикалық дамуына жауапты Министрлік және жобаның мүмкін аумақтарының жергілікті халқы сияқты басқа да жобаға тартылған қатысушылардың алдымен дайындығын бағалайтын кезең-кезеңмен көшу қажет. Мұның нәтижелері жобаларды одан әрі орындаған кезде әрекетке енгізілуі мүмкін.

Қазіргі уақытта бенефициар елдер ЕО және БҰҰ бастамаларымен тығыз ынтымақтастықта өңірлік деңгейде сауда мен көлікті дамытуға ерекше көңіл бөлетін болады. Бұл елдердің барлығы негізгі басымдық және болашақта ӘЫК-ке (Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім) қол қою жолымен мақсаттар ретінде еуропа құрылымдарына өз бірігуін білдірді, оның негізгі ережелері мыналар:

1. Тараптар арасында саяси диалог үшін тиісті тетікті қамтамасыз ету, ол саяси қарым-қатынастарды дамытуды көздейді
2. Тараптардың демократияны шоғырландыру, экономиканы дамыту жөніндегі күш салуларын қолдау және нарық экономикасына көшуді аяқтау
3. Осылайша олардың тұрақты экономикалық дамуын ынталандыра отырып, Тараптар арасында сауда-саттық пен инвестицияларға, үндестірілген экономикалық қарым-қатынастарға жәрдем көрсету
4. Заңнамалық, экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, азаматтық-ғылыми, технологиялық және мәдени ынтымақтастық заңнама үшін негізді қамтамасыз ету

Осы мағынада әр ел өзінің Ұлттық Стратегиясын әзірледі, ол ӘЫК жоғарыда аталған негізгі ережелеріне сәйкес бар.

Жоба бенефициарларының көбі негізгі Халықаралық Келісімге (НХК) халықаралық тасымал бойынша 1998 жылы 8 қыркүйекте Бакуде қол қойылған Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізін ұйымдастыру жөніндегі Еуропа одағының бағдарламасы). **НХК** негізгі басымдықтарының бірі - сауда-саттық пен көлікті жетілдіру жолымен өңірдің халықаралық рынокқа кірігуі:

- Еуропада, Қара теңіз бен Азия өңірінде экономикалық қарым-қатынастарды, сауда және көлік коммуникациясын дамытуға көмектесу;
- автомобиль жолдарының, темір жол мен коммерциялық навигацияның

дүниежүзілік рыногына қатынауды қамтамасыз ету;

- трафиктің қауіпсіздігін, жүктердің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;

- көлік саласында көлік саясатын және заңды құрылымды үйлестіру;

- көлік операциялары үшін бәсекелестіктің тең шарттарын құру.

## 2.2. Секторлық контекст

Бұрынғы кеңес Одағы елдерінің тәуелсіздік алған кезінен бастап ұлттық экономика өсімі бюджет қаражатының кесірінен азайып кетті, олар осы елдердің көлік инфрақұрылымын дамыту үшін бөлінді. Көлік темір жол көлігіне тәуелді болды және әлі күнге дейін тәуелді, алайда автомобиль тасымалдарының көлемі өсіп отыр. Көлік операторлары арасында көп модельді тасымалдауды күшейту жөнінде ынтымақтастықты талдау қажет. Жеке сектордың көлік қызметтерін ұсынуда және инфрақұрылымда қатысуы мүлдем жоқ деуге болады.

Өңірде сауда-саттық пен көлікті күшейту үшін мұнайға жатпайтын жүктерді неғұрлым тиімді жолдармен тасымалдауды жақсарту қажет. Жүк көлігінің рыногы қалыпты негізді шарттарда тиімді инфрақұрылымы бар логистикалық қызметтерді жақсартуды талап етеді.

Олардың кірігуі мен дамуы үшін қазіргі заманғы көліктің, жалпы дерекқордың болмауы олардың арасындағы технологиялық байланыс ретінде өңірде сауда-саттық пен халықаралық көлікті дамытуға тікелей әсер етеді (импорт, экспорт, транзит).

Халықаралық стандарттарға сәйкес техникалық стандарттарды жақсарту және модальаралық байланысты құру - болашақта TRACECA дәлізінде кірігуге және жалпы еуропа көлік дәліздеріне (PAN-TC) кепілдік беру мақсатында жүктердің ағынын оңтайландыру үшін кейбір маңызды алғышарттар (импорт, экспорт, транзит). Жоғарыда санамаланған стандарттарға қосымша тиісті заңнамалық құрылымды әзірлеу ықтимал инвесторлар үшін, әсіресе мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік негізінде тартымды және ақылға қонымды орта құруды жеделдетеді.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету орталықтары мұнай кедергілерді жеңуге көмектесе алады. Бұл көлік және сауда-саттық өңірлері, олар мыналарды қамтиды:

- көлік кәсіпорындары;
- көлік үшін қосымша қызметтер (контейнерлерге, құрғақ жүкке арналған қойма үй-жайлары және рефрижираторлар);
- түрлі қызмет көрсету бөлімшелері;
- материалдық-техникалық қызмет көрсету қызметтерінің жедел жұмысы.

Олар орташа есеппен 15-100 гектар аумақты алып жатыр және 400-2000 жұмыс орнымен қамтамасыз ете алады. Европада олар табысты жұмыс істейді және көлік жүгіне қызмет көрсету, жүкті қоймалау және материалдық-техникалық қызмет көрсету

жөніндегі басқа қызметтер саласында маңызды орын алады.

Олар барлығына қол жетімді темір жол/автомобиль жолы немесе кеме/автожол/темір жол сияқты аралас тасымалдарға арналған тауарларды тиеу және түсіру қызметтерін көрсету құралын қамтиды.

Халықаралық көлік орталықтарының негізгі міндеті:

- МТҚ (материалдық-техникалық қамтамасыз ету) орталықтары ауданында тұратын халық үшін тауарларды жеткізуді жақсарту және тауарларды сату;
- көпмодальді көлік тізбектері тауарларды топтастыру жолымен қалыптастырылуы мүмкін;
- тауарларды тиеу және түсіру қызметтерін көрсетудің көпфункционалдық құралдарын құру;
- ұтымды әлеуетті пайдалану және бәсекеге қабілеттілікті күшейту;
- кәсіпорындардың орналасуын тұрақтандыру және оларды МТҚ құзыреттілік орталықтарында дамыту.

Күтілетін пайдалар:

- МТҚ халықаралық тауар ағынына біріктіру;
- өңірде жаңа жоғары білікті жұмыс орындарын және өмір сүру жағдайларын жасау;
- МТҚ процесінің тізбегіне шағын және орта кәсіпорындарды біріктіру;
- сервис деңгейін арттыру және құнын азайту;
- МТҚ орталықтарының (қалалық орталықтардың МТҚ) қалалық орналасу орталықтарында трафик көлемін азайту;
- жол инфрақұрылымын үздік пайдалану;
- кішігірім жүктерді үлкеніне топтастыру жолымен тасымалдаудың құнын азайту.

Бенефициар елдер басымдықты таниды және ел экономикасының табысты дамуының интегралдық бөлігі ретінде тасымалдау және МТҚ халықаралық тәжірибеге сүйенетін болады.

## 3. СИПАТТАМАСЫ 3.1. Мақсаттары

Жобаның жалпы мақсаты - МТҚ ықтималын, функционалдық бірлесімділігін және көпмодальді көлікті күшейту жолымен сауда мен көлікті күшейту және осылайша ТМД және Еуропа елдерімен қазіргі заманғы тиімді байланыстарды дамыту.

Жобаның ерекше міндеті мемлекеттік-жеке серіктестік және тиімді кедендік қызмет көрсетуге басымдық бере отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмей қаржы, экономикалық өміршең, техникалық жүзеге асырылатын және модальаралық желі үшін институционалдық сенімді құрылымды дамыту болып табылады.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі іс-шаралар

Күтілетін нәтижелер:

1. Икемді модальаралық желіні құру жөніндегі зерттеу, мысалы, іріктелген салада:

- МТҚ пункттері кедендік рәсімнен өткен және тіркелген кеден қоймаларымен;

- тиеу-түсіру жабдықтарын қамтитын Модальаралық Терминал;

- рефрежираторларды немесе температураны бақылау құралдарын қамтитын қойма үй-жайлары;

- МТҚ орталықтары.

2. Іріктелген инфрақұрылым объектілерінің техникалық жағдайларын жақсарту үшін қысқа мерзімді және орташа мерзімді Іс-әрекет бағдарламалары.

3. Өңірлік желіні құру үшін және инвесторларды тарту үшін құрылымның қажетті шарттары жөніндегі ұсынымдар, мысалы:

- МТҚ объектісінде тиімді кеден қызметтерін көрсету үшін;

- тіркелген кеден қоймаларын ұсыну үшін;

- "еркін экономикалық аймақтар" құру.

Негізгі іс-шаралар мынадай жұмыстардың тізімін қамтиды:

- МТҚ көлік орталығына және халықаралық көлік бағыттарына қатысты ағымдағы ахуалды талдау;

- өңірдегі көлік логистикалық секторы үшін болашақтағы қажеттіліктер мен іскерлік мүмкіндіктерді анықтау, мысалы:

инфрақұрылым,

құрылымның үстіңгі бөлігі;

ұсынылатын қызметтер аясы;

тасымалданатын тауарлар

- TRACECA дәлізінің көлік-логистикалық желісінің кедергілерін және жетіспейтін элементтерін анықтау;

- көлік-логистикалық желіге одан әрі біріктіру үшін икемді жолын кесудің интермодальдік желілерін бағалау және іріктеу;

- іріктелген МТҚ орталықтарын талдау және техникалық зерделеу; МТҚ іріктелген аудандары үшін техникалық ерекшеліктермен, инвестициялық қажеттіліктермен және іске асыру жоспарымен дамыту стратегиясы;

- қиылысудың іріктелген торап желісінің қоршаған ортаға әсерін стратегиялық бағалау;

- іріктелген логистикалық пункттердің тиімді жұмысы мен ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар;

- ТМД елдерінде донорлардың тиісті іс-шараларын талдау;

- ХҚИ (халықаралық қаржы институттарын) қоса алғанда ықтимал инвесторларды анықтау;

- инвестициялардың мәселелеріне байланысты дерекқорды (ұлттық және халықаралық) талдау;

- жеке сектордың қатысуы жөніндегі тиісті дерекқорды жақсарту жөніндегі ұсынымдар.

### 3.3. Мүдделі тараптар

Жобаның жалпы бенефициарлары және жобаның негізгі қатысушылары - Көлік министрлігі, көлік саясаты мен көлік инфрақұрылымының тұрақты дамуына жауапты Министрлер кабинеті.

Өңірдегі көлік операторлары, мысалы, темір жол, жүк машиналарының жүргізушілері және бенефициар елдердің т.б. МТҚ секторында жаңғыртылған көлік қызметін көрсету саласында "ноу-хау", сондай-ақ жаңартылған инфрақұрылым кезінде жақсы орындау нәтижелерін алады. Басқа қатысушылар экспедиторлардың қауымдастығы сияқты мемлекеттік және жеке сектор арасында делдал институттар болады. Олар ноу-хаудан пайда алады және басқа мүшелердің арасында "көбейтушілер " ретінде әрекет етеді.

Бенефициар елдердің кеден қызметтері тіркелген кеден қоймаларына қызмет көрсету тиімділігін арттыру және алынатын кірістерді арттыру жолымен жобадан пайда түсіреді.

Соңғысы, тікелей емес нысаналы топтар - осы салада арзан және нарықтық қарым-қатынастарға дейін тез өндірілетін тауарлардан пайда алатын бизнес-қауымдастық пен тасымалданатын тауарларды пайдаланушылар. Бұдан басқа, МТҚ орналасу орындарында жұмысқа тұрудың қосымша мүмкіндіктері болады.

### 3.4. Тәуекелдер мен жол берулер

Табысты өңірлік көзқарастың негізгі болжамдары мыналар болып табылады:

- елдегі саяси тұрақтылық;
- Үкімет өңірлік интеграцияны және жалпы еуропа көлік дәлізімен өмірге қабілетті байланысты құру саясатын жүргізуді жалғастырады;
- бенефициарлар мен жоба әріптестерінің жоба бойынша көзделген іс-шараларда қатысу міндеттемесі;
- Қажетті ақпарат мен деректерге еркін қол жетімділік;
- Персоналдың тұрақтылығы мен болуы;
- Жеткілікті білім қоры.

#### 3.4.1. Тәуекелдер

- Инвестицияларды тартуға арналған әлеует;
- өңірдің кейбір елдеріндегі саяси тұрақсыздық;
- Көлік ұйымдарының қарама-қайшы мүдделері;

- елдердің көлік секторында жалпы мақсаттар мен басымдықтардың жоқтығы;
- тиісті емес дерекқор.

Мұндай тәуекелдерді көршілес елдер мен Еуропаның көліктік негізгі ұйымдары арасында жұмыс істейтін ынтымақтастық тетіктерін пайдалана отырып, азайтуға болады.

## 3.5. Қажетті жағдайлар

Жобаның іске қосылуы елдердің өңірлік және өңірлік емес деңгейлерде ұлттық көлік саясатын әзірлеуге ниетіне байланысты. Жобаның барлық бенефициарларын растау құжаты дайындықты білдіру нысаны болуы мүмкін.

## 3.6. Аралас мәселелер

Жоба жеке сектордың қатысуын арттыруға жол салуы тиіс және осылайша логистикалық қызметтерді қамтамасыз етуде саясат пен реттеу функцияларына тартылған тараптардың рөлін өзгертеді. Қоршаған ортаға әсер жобаны орындау уақытында анықталатын болады. Алайда, тиімді тораптық пункттер көлік операцияларын топтау жолымен және өміршең интермодальдік тасымалдау мүмкіндігін береді.

Одан әрі жаңа жұмыс орындарының табылуы түрінде оң әлеуметтік әсер ету болады .

## 4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 4.1. Іске асыру әдісі

Орталықтандырылған басқару

## 4.2. Бюджет және күнтізбе

Жобаның ұйғарылатын бюджеті қызметтер көрсетуге арналған бір немесе бірнеше келісім-шарттар түрінде 5.5 миллион еуроға тең.

Жоба ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған Көпжылдық Индикативтік Бағдарламасына сәйкес болады және 2006 жылға арналған Іс-әрекет бағдарламасының бюджетінен қаржыландырылатын болады. ЕК салымы Өңірлік Бағдарламадан 3.500.000 еуро сомасында болады және Орталық Азия бойынша Іс-әрекет ету жоспарының шеңберінде 2.000.000 сома.

Бенефициардың салымы негізінен әріптес тарап персоналының деректер мен ақпарат беру түрінде болады.

Жоба Қаржы келісіміне қол қойылғаннан кейін бір жылдан соң 24 айға есептелген.

## 4.3. Гранттарды сатып алу және беру рәсімдері

Барлық келісім-шарттар тиісті рәсім басталған уақыттан бастап Комиссияның рәсімдері мен стандарттық құжаттарына сәйкес берілуі және іске асырылуы тиіс.

Барлық бағдарламалық бағалар бағдарламалық бағалауды қабылдаған уақытта Комиссияның рәсімдері мен стандарттарына сай келуі тиіс.

## 4.4. Мониторинг жүргізу

Мониторингті ТАСИС бағдарламалардың мониторингі орталығы жүргізетін болады және осы өңірдегі Еуропа Делегациясы бақылайтын болады.

## 4.5. Талдау және аудит

Түпкілікті талдау (бағалау) ТАСИС Ережесі және келісім-шарт талаптары бойынша қажет болған кезде көзделетін болады.

# 5-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **Теңіздердегі қауіпсіздік пен Қара және Каспий теңіздерін кемелерден ластануын болдырмау саласында жалпы қауіпсіздік пен ынтымақтастық саласындағы жүйелерді құру** | | |
| Жалпы құны | 3 500 000 еуро | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі - Орталықтандырылған басқару | | |
| DAC коды | 21040 | Сектор | Көлік |

# 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

ТАСИС өңірлік ынтымақтастық жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасы көлік секторында өңірлік ынтымақтастық бағдарламасының міндеті ретінде Орталық Азия мен Еуропа көлік дәлізі және облыстар (ТК) арасында қазіргі заманғы тиімді байланыстарды дамытуды көрсетеді.

Еуропа-Кавказ-Еуропа көлік дәлізі (TRACEKA) Қазақстанды, тиісінше Түркменстанды шығыс жағалаудан және Әзірбайжанды екінші тараптан Каспий теңізінің батасы жағалауынан және Грузияны Қара теңіздің шығыс жағалауынан Украинамен, Румыниямен, Болгариямен, Турциямен байланыстыра отырып, Каспий және Қара теңіздің теңіз арналарын қамтиды. Қара теңіз елдерінің Босфор арқылы ашық теңізге шексіз қатынауы болса, Каспий теңізі ішкі су жолдарының Ресей желісі арқылы қалған әлеммен байланысады. Ресей ішкі су жолдарын пайдалану ережесі арнайы рұқсат ала отырып ресейлік емес флагмандардың (ТМД елдерінен келетіндерді қоса алғанда) өтуіне мүмкіндік береді. Әрине, Ресейді осы жобаға тартуға әбден

болады. Сонда да, Каспий теңізінде кез келген халықаралық теңіз қатынасы сияқты жолаушылар мен жүктердің үдемелі байланысы бар, ол қандай-да бір шамада қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындауы тиіс.

TRACEKA идеясына жоба мынадай көзқарастардан ықпал ететін болады:

- жолаушыларға, экипажға, корабльдер мен жүктерге қауіпсіз теңіз байланыстарын қамтамасыз етеді;
- теңізде және тиісті порттарда экологиялық қауіпсіздік;
- толығымен біріктірілген мультимодальдік көлік дәлізін құру және;
- көлік клиенттерін жоғары дамыған жеткізулер тізбектерімен қамтамасыз ету.

Осылайша, осы жоба ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған Орталық Азия үшін 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік Бағдарламаға, Еуропа тату көршілік саясатының стратегиялық құжатына сәйкес, сондай-ақ ол "Ақ Кітаппен" тығыз байланыстағы (Еуропаның 2010 жылға арналған көлік саясаты: Шешетін уақыт жетті) БҰҰ халықаралық мұхиттарға рұқсаты жоқтарға және тасымалдаудың түрлі тәсілдерін әсіре тиімді операциялық бірлесімділігі және көлік коммуникациясы саласында көліктік дамыған елдерге арналған Декларациясы. Одан әрі, жоба жеке инвестицияларды тартуға және жеке қоғамдық жеке әріптестік өміршеңдігін құруға жәрдемдеседі.

Жоба сондай-ақ 2004 жылғы 14 қарашада Бакуде өткізілген Баку Көлік конференциясына толығымен сәйкес келеді.

## 1.2. Алынған сабақтар

Басымдықтар мен бағдарламалардың шектеулі санын әзірлейтін өңірдегі ТАСИС-тің көлік жобаларын іске асыруда шоғырландырылған көзқарас ауқымдардың өсуінен тиімділікті арттыруға, сондай-ақ ЕК қаражатын неғұрлым тиімді және ұтымды пайдалануға қол жеткізуде табысты болып табылғандығы дәлелденді. Ертеде жүргізілген тәжірибе көрсетіп отырғандай, ЕК өңірдегі сауда-саттық пен көлік желілеріне жәрдемдесуде түрлі бюджет жүйелері арқылы қатысуы егер іске асыруға бағдарланған икемді ортамен толықтырылса, тиімдірек болып табылатындығын ұйғарады. Осылайша, бұл жоба өңірлік бірігуге арым-қатынаста келесі негізгі жұмыс сатысын қалыптастырады және қауіпсіздік жөніндегі үздік шараларды қабылдау арқылы және адами капиталды дамыта отырып және теңіз секторында қауіпсіздік пен экологиялық бақылау процестеріне жәрдем көрсете отырып жобалар мен ТАСИС бағдарламаларының ағымдағы және ертедегі ұмтылыстарын күшейтеді.

Жоба бойынша басқарылатын қызметті қатаң қабылдау ұсынылады және ол ұлттық қана емес, өңірлік деңгейде де жүзеге асырылатын нақты жақсартуларға әкеледі. Бенефициар елдің жетістіктеріне және теңіз секторындағы тиімді конъюнктураға қарай кейбір жұмыстарға түрлі деңгейдегі араласулар қажет. Алдыңғы өңірлік көлік

жобаларының тәжірибесі (TRACEКА) ұсынылған ұсынымдар бейімделуі тиіс және алдын ала мұқият талдануы тиіс екендігін дәлелдейді, іске асыру рәсімінің орындылығы әрбір алушы ел үшін процесс жобаның ұзақтық кезеңіне сәйкес келуі және берілген кезеңнің шегінде қол жетімді нәтижелерді алуды қамтамасыз ету үшін мұқият қаралуы тиіс.

Жоба теңіз және экологиялық қауіпсіздік пен сақталудың құрауыштарын күшейте отырып, ТАСИС-тің алдыңғы жобаларының техникалық, экономикалық және құқықтық күштерін баса көрсетеді. Бұл өңірдің артықшылығы қалған емес; бұл сондай-ақ жүктерді дүниежүзілік тасымалдауда және халықаралық ұйымдарда бенефициарлардың халықаралық ахуалына ықпал етеді.

Алдыңғы жобалардан алынған басқа сабақ түрлі іс-әрекет алаңдарында дамудың түрлі деңгейлерінің болуы болып табылады. Бұл теңіз қауіпсіздігі мен сақталуы мәселесіне қатысты да күтіледі. Осылайша, халықаралық деңгейде мақұлданған конвенциялар мен стандарттарға толық сәйкес келуге және ЕК тиісті заңнамасына жақындауға және институционалдық құрылымдар мен бақылаушы органдарды қоса алғанда заңның іс жүзіндегі реттелуінің бейімделуіне ықпал етеді. Осы ереже тартылған бенефициарлар арасында бірлескен күштердің тиімділігін көрсетеді және толықтыру ретінде одан әрі жалпы, ұлттық кеме құрылысы өнеркәсібінде де порттардың тартымдылығына оң әсерін тигізетін болады.

## 1.3. Қосымша іс-әрекет салалары

Қазіргі уақытта ЕК интервенциясы шеңберінде теңіз жаттығулары бойынша жоба іске асырылады. Жобаның жалпы мақсаты жүктерді тасымалдаудың қауіпсіздігіне, теңіз ластануының алдын алуға, экологиялық хабарламалықты арттыруға және өңірдің теңіз секторында институттардың ықтималын арттыруға ықпал ету болып табылады.

Жалпы Қоғамдастық жөніндегі Еуропа Комиссиясы теңіз жаттығулары мен куәліктер беру туралы халықаралық қазіргі заманғы ережелермен үшінші елдердің сәйкестігін бақылау үшін Еуропа одағынан тыс теңізде жүзушілерге берілген білікті куәліктер үшін тану жүйесін ұсынды. Халықаралық Теңіз Ұйымы (ХТҰ) техникалық стандарттардың, ережелердің, талаптардың жақсы үйлестірілген режимін және корабльдердің түрлі үлгілерінің сенімді және тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында Жұмыстарды жүргізу ережесінің кодексін әзірледі. БҰҰ теңіз мәселелеріне арналған жалғыз мамандандырылған агенттігі ретінде ХТҰ елдерге олардың теңіз секторында өздерінің жеке адами ресурстарын дамытуға ұмтылысында көмек көрсетуге жауапты.

Теңіз жаттығулары жөніндегі жоба олардың басқаруы мен орындауын нығайту, өңірлік ынтымақтастыққа жәрдем көрсетуге, оқу бағдарламаларын әзірлеуге, лекторларды оқытуға және бар оқу бағдарламаларын жетілдіруді қамтамасыз етуге

көмектесу мақсатында оқытатын теңіз институттары мен орталықтарына жәрдем көрсетеді. Осылайша, теңіз қауіпсіздігін басқару жөніндегі келесі жоба қызмет саласына қатысты алдыңғы жобаның жетістіктерін ескергені қажет.

Жоба сондай-ақ ЕК теңіз жолдарын дамыту жөніндегі бастамасын және Комиссияның 2006 жылға арналған Іс-әрекет ету бағдарламасына енгізілген осы мәселелер бойынша қатар іске асырылатын жобаның қызметін ескеруі тиіс. Бұл бастамалар Теңіз көлігінің барлық тікелей аспектілерінің орасан зор әлеуетін ынталандыруы тиіс.

Сондай-ақ ЕК TRACEKA дәлізі мен TEN дәліздері арасында теңіз қатынасын жақсарту жөніндегі 2004 жылға арналған ІБ жобасы осы жобаны іске асыру жөніндегі проблемаларды шешетіндігін атап өту қажет. Жобаның жалпы міндеті Еуропа-Кавказ-Азия дәлізін дамыту жөніндегі халықаралық көлік туралы негізгі көпжақты келісімде айтылғандай осы дәліздің бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын арттыра отырып, Қара теңіз бен Кавказ өңірі арқылы Еуропа мен Орталық Азияны байланыстыратын дәлізден алыс сауда-саттыққа жәрдем көрсету болып табылады.

Тасымалдаудың негізгі бөлігін Қара теңіздегі теңіз қатынастары құрайтындығын назарға ала отырып, теңіз қатынастарын одан әрі зерттеу және оларды жағалау жолағына дейін терең жалғастыру анық болып отыр. Олар клиенттердің сұрау салуларына және дәлізді дамытуда үздік іс-тәжірибелерге сәйкес келуі және осылайша, үздіксіз көп жүкті тарту мақсатында TRACEKA бағытының бәсекеге қабілетін нығайтуға ықпал етуге және TEN еуропа көлік дәліздерін TRACEKA мультимодальдік көлік желісімен байланыстыра отырып, жүктің жеткізілімдердің мультимодальдік теңіз бұғауларында жылжуын шоғырландыруы тиіс. Сондай-ақ бұл жерде теңіз қатынастарының қатар жобасымен тығыз үйлестіру ұсынылады.

Осы жобаны іске асыруды TRACEKA үкіметаралық комиссиясы және оның көлік секторында ЕК ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруда тұрақты және сенімді әріптес болып табылатын оның ұйымымен үйлестірілуі тиіс. TRACEKA-ны қатысушы елдер толығымен қолдайды, олар мұны ХТҰ және оның Тұрақты Хатшылығының меншік құқығын ала отырып дәлелдеді.

Тығыз ынтымақтастық пен үкіметтік органдар арасындағы диалог TRACEKA Бағдарламасының нәтижесі болып табылады. Бағдарлама сондай-ақ Кавказда және Шығыс Еуропадағыдай сияқты Орталық Азияда көлік мәселелерінің өңірлік маңыздылығын дамытуға ықпал етті. Алдыңғы оң нәтижелерге негіздей отырып, бұл жоба өңірлік деңгейде іске асыруы тиіс болады, онда оның міндеттері барлық тартылған елдердің басымдықтарына сәйкес келуі тиіс. Бұдан басқа, TRACEKA елдерінің ТАСИС өңірлік бағдарламаларына қатынаста әсері оң болды, елдер мен ЕО арасында ынтымақтастық құруға және тереңдетуге болатын мақтан етерлік негізді құрады.

## 1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

Қара теңіз және Каспий бассейні елдері теңіз қауіпсіздігі мен сақталуы туралы алаңдаушы және бұл мәселелерді өңірлік қауіпсіздіктің түрлі бастамаларына қатысты шешеді. Бұл біз бұқаралық ақпарат құралдарынан жиі естіп жүргендей, жаһандық алаңдаушылық мәні болып табылады. Бүгінгі таңда ешқандай ел өздерінің жеке меншік шекараларының ішінде өздерін қауіпсіздікте және сақтаулымыз деп санай алмайды. Каспий және Қара теңіз жағалаулары да осы жағдайда және бұл проблемалардан қорғалмаған. Керісінше, өңір Еуропа мен Азияны жалғай отырып, бүкіл тарихында білдіріп отырған табиғи көпір мен қиылысу пункті рөліне байланысты басқаларға қарағанда бұл қауіпке көп ұшырайды.

Халықаралық даму әріптестерінің көңілі бұл мәселеге негізінен бейімді болды және теңіз қауіпсіздігін басқару саласында өңіраралық бастамаларды донорлық қаржыландыру айтарлықтай шектеулі.

Түрлі халықаралық форумдар мен ұйымдар өздерінің іс-әрекет және бағдарламаларында және ұсынымдарында осы мәселеге назар аударатындығын атап өту қажет. Мысалы, еуропа теңіз өңірлерінің өкілдері 2003 жылы Еуропа периферииялық теңіз өңірлері конференциясының (ЕПТК) бастамасы бойынша Нант қаласында (Франция) кездесе отырып, мұнай танкерлерімен апат жағдайларымен залалданған өңірлерге қатысты қолдау мен ынтымақтастық пікірін қайталайды. Осы форумның мүддесіне теңіз қауіпсіздігі жүйесін ұйымдастыруға және іске асыруға толық тарту кіреді. Олар өңірлік және жергілікті биліктер де теңіз апаттарының және теңіздің ластануының саяси зардаптарына экологиялық, экономикалық, әлеуметтік және саяси жауап беретіндігін еске салады. Әрбір теңіз бассейнінің айналасында өңірлерді бірге қосатын шараларды ұйымдастыру мақсатында ЕПТК Балтық теңізі, Солтүстік теңіз, Атлантика, Орта жер, Қара теңіздер және Исландия үшін Географиялық Комиссиялары құрылды. Каспий теңізінің бассейнінде теңіз қауіпсіздігі мәселелерін шешу деңгейі салыстырмалы төмен және ЕК әлемнің осы өңірінде теңіз қауіпсіздігін басқару саласында хабардар етуді енгізуге бар күшін салады.

Ықтимал мердігер негізгі донорларға өзінің қызметі туралы хабарлауға және ықтимал әріптестерге жоба жөніндегі ағымдағы қызмет ақпаратының дамуын ұсынуға тиіс. Сондай-ақ, TRACEКА Тұрақты хатшылығы процеске тартылғандығы және оның ресурстары ықтимал мердігердің донорларын үйлестіруге жәрдем көрсету мақсатында пайдаланатындығы маңызды.

## 2. ӨҢІРЛІК/ЕЛДІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

Жауапты Көлік министрлігінің тарапынан TRACEКА өңірінде жобаны іске асыру жөніндегі нақты тарымдылық болғандықтан және жоба алдыңғы теңіз секторы

жобаларының нәтижелеріне негізделетіндіктен толық қосымша бағалауларға қажеттілік жоқ.

Өңірде Ресейдің жобаның табыстылығы үшін маңыздылығын атап өте отырып Ресей Федерациясына осындай тарымдылықты сақтау қажет.

Қазіргі уақытта TRACEKA елдері Еуропа Одағының және БҰҰ бастамаларымен тығыз ынтымақтастықта өңірлік деңгейде сауда-саттық пен көлікті дамытуға ерекше көңіл бөледі. TRACEKA елдері Әріптестік пен Серіктестік (ӘСК) немесе Саяси тату көршілік туралы келісімге қол қою арқылы болашаққа арналған басымдық пен міндер туралы еуропа құрылымына өзінің бірігуі туралы хабарлады, олардың негізгі ережелері мыналарға негізделген:

- саяси қарым-қатынастардың дамуына мүмкіндік беретін партиялар арасында саяси диалог үшін тиісті шектерді қамтамасыз ету;
- демократияны нығайту, экономиканы дамыту және нарықтық экономикаға көшуді аяқтау жөніндегі партиялардың ұмтылысын қолдау;
- партиялар арасында сауда мен инвестицияларға және үйлесімді экономикалық қарым-қатынастарға жәрдем көрсету және осылайша олардың тұрақты экономикалық дамуын ынталандыру;
- заңнамалық, экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, азаматтық-ғылыми, технологиялық және мәдени ынтымақтастық үшін негізді қамтамасыз ету.

Осы қатынаста, TRACEKA бағдарламасын алатын Каспий және Қара теңіз елдері ХТҰ-ның жоғарыда көрсетілген ережелеріне сәйкес келуі тиіс өз Ұлттық Стратегиясын әзірледі.

Теңіз қауіпсіздігінің техникалық және экологиялық стандарттары жөніндегі халықаралық талаптарды орындау әрбір көлік саясатының қажетті құрауышы болып саналады.

Мыналар өңірдегі негізгі стратегиялық басымдықтар болып табылады: нарық сұранысын үздік қанағаттандыру мақсатында өңірлік деңгейде үйлестірілген сипатты үкіметтік көлік саясатының негіздемесі, көлік инфрақұрылымын жаңғырту және қалпына келтіру және халықаралық қатынас үшін шеңберлі шарттарды жақсарту және экологиялық әрекеттерді азайту.

## 2.2. Секторлық контекст

Теңіз секторы, негізінен теңізде жүзу қауіпсіздігіне қатысты Халықаралық Келісімдермен (Солас), қоршаған ортаны кемелердің ластауының алдын алу (Marpol), Теңізшілерге арналған Оқыту, Сертификаттау және Бақылау нормаларымен (STCW) және 2004 жылдан бастап Халықаралық кемелер мен порт құралдарын қорғау жөніндегі кодекспен (КПҚҚ Кодексі) реттеледі. Бұдан басқа, Халықаралық ұйымның түзетулері мен хаттамалары әзірленді. Бұл жағдайлардың барлығы олардың орындалуы

шамасына қарай және қадағалау мен бақылаудың тұрақты жүйесі құрылса жақсы екендігін атап өту қажет. Әрине, Қара теңіз бен Каспий теңізінің өңірінде тиісті бақылау механизмінің іске асыру мен негіздемелерінің түрлі деңгейлері бар. Бұл деңгейлер іс жүзінде қолданылған баламалы жүйелерге дейін кейбір конвенцияларды қолдануға дейін емес, формалды қол қойғаннан ерекшеленеді. Іс жүзінде кіру порты кету порты қолданылатын конвенцияға сәйкес қажетті барлық бақылаулар мен зерттеулерді жүзеге асырғандығына сенуі тиіс. Егер іс басқаша болса, онда теңіз секторындағы барлық жүйе әлсіз бола бастайды және құрып кетуі мүмкін. Ақпарат бір порттан екінші портқа беруі мүмкін. Бір портта қабылданбаған кеме, екінші портқа кіруге рұқсат алуы мүмкін. Кеме иелері сөзсіз кету порты мен жету портының арасында байланыс болмаса, мұнай төгілген жағдайда жауапты болмайды. Экипажға, жолаушылар мен жүкке қатысты қауіпсіздік жөніндегі шаралар ережелер мен стандарттарды бірлесіп қолданбай неғұрлым қиын болады. Кеме иелері олардың кемелері, экипаждары, жолаушылары мен порттардағы жүктері қауіпсіздікте екендігіне және шабуылдың кез келген түрінен немесе теріс пиғылды практикадан сақталғандығына сенімді болуы тиіс. Осы жобалармен Қауымдастық қажетті стандарттарға қол жеткізуде өз үлесін салады.

Негізгі халықаралық конвенциялар өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғында күшіне енді және тұрақты өзгеріп отырды және ең соңғы талаптарға бейімделіп отырды :

- Халықаралық теңізде жүзу қауіпсіздігі конвенциясы (SOLAS);
- Халықаралық кемелердің қоршаған ортаны ластауының алдын алу жөніндегі конвенция (MARPOL).

Осы конвенциялардың негізінде ХТҰ теңіз көлігінің сақталуы сияқты теңізде жүзу қауіпсіздігін және экологиялық қауіпсіздікті жақсартуға баса назар аударатын қызметті әзірледі және әзірлеуде. Осы саладағы өзге соңғы нәтижелердің арасында мыналар бар:

- "Жүзу құрамына арналған оқыту нормалары, куәліктер беру және вахтада тұру жөніндегі халықаралық конвенция" туралы ХТҰ ережесі, қысқаша STCW;
- Халықаралық кемелер мен порт құралдарын қорғау жөніндегі кодекс (ISPS);
- порттардың қауіпсіздігі жөніндегі МОТ/ХТҰ кодексі.

Жүзу құрамына арналған оқыту нормалары, куәліктер беру және вахтада тұру жөніндегі халықаралық конвенция" туралы ХТҰ ережесі, қысқаша STSW туралы ХТҰ ережелері және іс жүзінде 1995 жылдағы түзетулері бар нұсқасы жарамды болғандықтан, оның толық атауы STSW-95. 1978 жылғы барлық теңізде жүзушілерге қойылатын барлық нақты анықталған талаптар жазылған қайта қаралған және шығыс Конвенция 1997 жылғы 1 ақпанда күшіне енді.

Елдердің орындалатын талаптары (ту мемлекетінің тараптары) ХТҰ ұсыным тізбесіне енгізілген. Алайда оларға құралдарын жетілдіруге және білім деңгейін

арттыруға мүмкіндік беретін белгілі бір кезең беріледі.

ХТҰ курстардың модельдерін ұсынады. Қолдарында Ұсыным Тізімінің елдері берген сертификаттары бар теңіз жүзушілерді ту мемлекетінің тараптары қабылдайды. Алайда, тарап ұсыным тізіміне енбейді деген факт осы тарап берген сертификаттың немесе индоссаменттің заңды күшін жоймайды. Сонда да, Ұсыным тізімі әбден оқытылған және білікті теңіз жүзушілерін іріктеуде қолдану мүмкін өлшем болып табылады.

ХТҰ/STCW 95 талаптарына сәйкес келетін елдер институттарының сертификаттар беруі әрбір елдің жеке жағдайына байланысты. Бұл жағдайда ХТҰ жалпы рәсімдері жоқ.

"Халықаралық кемелер мен порт құралдарын қорғау жөніндегі кодекс (ISPS) 2004 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік шабуылдарынан кейін және лаңкестік мақсаттарда пайдаланылатын кемелер мен корабльдерге тәуекелді тани отырып, ХТҰ 1974 жылғы Теңіздегі өмір қауіпсіздігі жөніндегі конвенцияны модификациялау ( SOLAS) және ЕПТК жаңа кодексін құру жөніндегі кең жұмысты бастады. 2002 жылғы желтоқсанда шақырылған ХТҰ Дипломатиялық Конференциясы кемелер мен порт үй-жайларының қауіпсіздік мәселесін шешу жөніндегі жаңа XI-2 тарауын қамтитын SOLAS түзетулер топтамасын қабылдады.

ЕПТК ережелері мен Кодексі 500 ОТ немесе одан да көп жоғары жылдамдықтағы кемелерді қоса алғанда барлық жолаушылар кемелеріне, жүк корабльдеріне және жылжымалы теңіз бұрғылау қондырғыларына қолданылады.

2004 жылғы 1 шілдеден бастап барлық мұндай корабльдердің олардың SOLAS XI-2 тарауының және ЕПТК кодексінің қажетті талаптарына сәйкестігін көрсету үшін Халықаралық кеме қауіпсіздігі сертификаттары (ISSC) болуы тиіс.

Порттың ахуалын бақылайтын офицерлер осындай кемелерде ISSC қолданыстағы сертификаттарын табуды есепке алады деп күтіледі.

ЕПТК Кодексі ережелерінің кез келгенге сәйкес келмеуінің салдарын анық-кеме жүзуге жарамсыз.

Мыналар бақылаудың белгілі бір шаралары болып табылады:

- корабльді тексеру;
- корабльді тоқтату (теңізге шығуын тоқтату);
- корабльді ұстау;
- порт ішіндегі қозғалысты қоса алғанда қызметін шектеу; немесе
- корабльді порттан шығару.

SOLAS XI-2 тарауының қаулысы қажетті кемелердің порттық үй-жайларына қатысты осыған ұқсастарды белгілейді.

Үкіметтің жасайтын келісім-шарттары мыналарды қамтамасыз етуі қажет:

- порт үй-жайларының қауіпсіздігін бағалау жүзеге асырылды және мақұлданды;

- порт үй-жайларының қауіпсіздік жоспарлары әзірленді, қаралды, мақұлданды және қолданылды; және

- түрлі қауіпсіздік деңгейлері үшін порт үй-жайларының қауіпсіздік жоспарында көрсету үшін қажетті шаралар әзірленді және порттық қондырғыларға берілді.

ХТҰ жоғарыда аталған қаулылары кеме туы елдеріне арналған, бұл қандай елдің туының астында кеме жүзіп барады дегенді білдіреді.

Алайда ту мемлекетінің корабльдерін тіркеу және бақылау органдары кеме қызмет ететін порттардан алыс орналасуы мүмкін. Әдетте, бұл кеме ыңғайлы ту астында жүзетін кезде кездеседі (салық салу, қауіпсіздік және т.с.с. бойынша жақсы жағдайлар ұсынуы мүмкін ел). Суда жүзу қауіпсіздігі әдетте мұндай жағдайларда зардап шегеді. Өткен ғасырдың 80 жылдары бұл порттардың ахуалы мәселесі бойынша бастамалар себебі болды, бұл порт мемлекетінің кемелерді бақылауы туралы өзара түсінушілік туралы Париж Меморандумын жасасуға әкелді. Кейіннен порттардың басқа саласы жөніндегі басқа қызмет жалғасты, мысалы, Токио хаттамасы.

Қара теңіздің айналасында орналасқан барлық мемлекеттер порт мемлекетінің кемелерді бақылауы туралы Өзара Түсінушілік туралы Меморандумға келісті. Меморандум 2000 жылғы қазанда қол қоюға дайын болды.

Жоғарыда аталған Қара теңізде ішінара қолданылады, Каспий теңізі бойынша осыған ұқсас қызмет анықталған жоқ. Қара теңіз үшін де, Каспий теңізі үшін де жалпы конвенция әзірленген жоқ.

Қазіргі уақытта іске асырылатын Теңізде оқыту жобалары міндетті оқытуды қамтиды, ал TRACEKA мен TEN дәліздері арасындағы теңіз бірлестіктерін жақсарту жөніндегі жоба Қара теңізде ғана қолданылатын болады.

## 3. СИПАТТАМА 3.1. Мақсаттары

Теңіз тасымалдарының қауіпсіздігі саласында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты басқарудың жалпы жүйесін дамыту, Қара және Каспий теңіздерінде кемелер келтіретін ластаудың алдын алу шаралар мен қызметтің күрделі кешенінен тұрады. Халықаралық теңіз ұйымы (ХТҰ) және Біріккен Ұлттар Ұйымының осы ұйымының шеңберінде мақұлданған түрлі Конвенциялар дүниежүзілік теңіз қауіпсіздігі жүйесінің негізін салады.

Ресей Федерациясы және TRACEKA мүше жүзуші елдер халықаралық теңіз дүниесінің біріктірілген бір бөлігі болып табылады. Каспий теңізіне қатысты кейбір шектеулермен атап өту қажет болғанымен, алдыңғы тарауда айтылған теңіз қауіпсіздігі шектері қандай-да бір ерекшеліксіз сол деңгейде қолданылады. ХТҰ барлық бенефициар елдердің мүшелігі осы өтінішті қолдайды.

Теңіз тасымалдарының қауіпсіздігі саласында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты басқарудың жалпы жүйесін дамыту, Қара және Каспий теңіздерінде кемелер келтіретін

ластаудың алдын алу өңірлік жүйенің маңызды құрауышы болып табылады. Ол көліктің жолаушылар және жүк түрлері үшін қауіпсіз және тиімді қызметтерін көрсетудің негізгі алғышарты болып табылады. Әрине, бенефициар елдер тиісті қадамдарды қабылдауы тиіс.

Бастапқы жалпы міндеті TRACEKA-ның Көпжақты Келісімінің 3-бабынан туындайды "... жолаушылар мен тауарларды халықаралық тасымалдауға жәрдем көрсету" және "қозғалыстың қауіпсіздігін, тауарлардың сақталуын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету". Бұл сондай-ақ еуропа саясатына да сәйкес келеді. Осы жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін жалпы тұжырымдаманы әзірлеу қажет. Бұл жалпы тұжырымдама Қара теңізде де, Каспий теңізінде де басымдық беретін Қауіпсіздікті басқарудың жалпы жүйесін дамыту үшін және тәуекел мен төтенше жағдайды бағалауға тартылған ведомствоны біріктіретін жоспар. Теңіз қатынастарын жақсарту жөніндегі жоба сияқты теңізде оқытудың қорытындыларымен және шараларымен тығыз ынтымақтастық қажет.

Ол бірқатар нақты шараларды қамтиды:

- жолаушылар мен экипажды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды қоса алғанда ХТҰ суда жүру қауіпсіздігі, көлік қауіпсіздігі жөніндегі Конвенцияларының талаптарына сәйкес келу мақсатында техникалық және кадрлық алғышарттар құру;
- Каспий теңізіндегі сияқты Қара теңізде де порт мемлекетінің кемелерді бақылау талаптарына сәйкес келу үшін техникалық және кадрлық алғышарттарды дамыту және бейімдеу;
- теңіздегі оқытуға негіздей отырып, ХТҰ ұсыным тізімінің талаптарын орындау мақсатында теңізде жүзушілердің теңізде пайда болу жүйесін жаңғырту;
- тиісті міндеттерді орындауға жауапты тұрақты органдарды құру мақсатында институттарды дамыту;
- ноу-хау деңгейін және персоналдық дағдыларын тұрақты жетілдіру;
- үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында түрлі бенефициар елдердің даму деңгейін меңгеру.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет салалары

Жоба Қара теңіз бен Каспий теңізінің қоршаған ортаны қорғау сияқты ХТҰ, МОТ сияқты халықаралық ұйымдарға қатысты мынадай халықаралық міндеттемелерде алушы елдердің Үкіметтерін тарту үшін негіз дайындау үшін әзірленген. Осылайша, жоба Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы Келісімдер шеңберінде бенефициарлар мен Еуропа Одағы арасында заңға жақындауға ықпал етеді.

Жоба бенефициар елдерге теңіз қауіпсіздігіне қатысты Қажетті стандарттарға қол жеткізуге көмектесіп қана қоймайды, сондай-ақ мынадай аспектілерге қатынасы

болады:

- басқа тиісті жақсартуларға мүмкіндік беру үшін қауіпсіздік;

- теңіз офицерлеріне білім беру және оқыту мен әлеуеттің дамыған құралдарын талап етеді, жұмыс орындарын құруды және қосымша кірісті және салық төлеуді қамтамасыз етеді;

- адами капиталға әлеуетті дамыту бастамашылық ететін сияқты жабдыққа қажетті инвестициялау;

- қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен сақталуы, жақсы жолға қойылған байланыс жүйесі жөніндегі бақылауды жүзеге асыру қажет;

- қажетті стандарттарды әзірлеу қоршаған ортаның ластануының алдын алу жөніндегі жабдықтың экспорты үшін көп мүмкіндіктер береді;

- жеке сектордағы өндіріс сияқты ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді ынталандыру;

- персоналдың біліктілік деңгейін арттыру.

Бұл әрекет етулер өзі іске асырылатын емес, Үкімет іске асырылулын қамтамасыз ететін шартпен ғана накты қойылатын мүмкіндік ретінде қабылдануы тиіс. Теңіз секторы жаһандық өнеркәсіп болып табылатындықтан, тәуекелдер мен қауіптерді азайту жолымен оң әлемдік әрекет ету болатын болады.

Белгілі бір міндеттерді орындау қадамдардың мынадай кезектілігін қамтиды:

- бенефициар елдерде порт мемлекетінің кемелерді бақылауы сияқты ХТҰ Конвенцияларының және тиісті қаулылардың орындалу ахуалын бағалау;

- оларды жою мақсатында берешекті, ақтаңдақтар мен іс-әрекет шараларын анықтау ;

- персоналдың біліктілік мұқтаждарын анықтау;

- оқитын персоналдың біліктілігін қоса алғанда талаптарға сәйкес келу үшін институционалдық алғышарттарды бағалау;

- бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар шығару және оларды бенефициар елдердің тиісті билік өкілдерімен қатысуымен өтетін семинарда қолдану;

- тиісті талаптарды орындау үшін іс-әрекет жоспарын әзірлеу;

- талаптарды орындау үшін инвестициялық мұқтаждықтарды анықтау;

- барлық бенефициар елдерге қол жетімді білім беру және оқыту құралдарын ұсыну;

- институционалдық дамудың кадрлық және физикалық құрауыштарын жариялау мақсатында қаржы қаражатын тарту;

- ең тиімді деңгейге түрлі институционалдық құрылымдарды меңгеру.

Әрбір елде тартылған билік өкілдерінің жалпы байланысына ерекше көңіл бөлу тиіс . Көршілес елдермен тығыз байланыста ұлттық деңгейде тәуекелді және төтенше жағдайларды басқару жоспарларын әзірлеу тиіс. Қажет болған жағдайда әрбір Сауда флотының басқармасы, Порт әкімшілігі, Желілік Суда жүзу мен кеме иелері не істеу

керектігін және ұлттық және халықаралық деңгейде кімді ақпараттандыру керек екендігін білуге тиіс. Құтқару операцияларына және қоршаған ортаны қорғауға арналған жабдық және олардың болуы санамалануы тиіс және бұл ақпарат ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де қол жетімді болуы тиіс.

Жобаны іске асыру жөніндегі бұл шара қадамдары үздіксіз көзқарасты талап етеді, өйткені бұл шаралар түрлі билік пен институттарға бағытталған.

Бұл сондай-ақ түрлі бенефициар елдердің түрлерін басқару құрылымдарына байланысты. Ең болмағанда, шаралар мыналарға бағытталуы тиіс:

- теңіз портының әкімшілігіне және порт капитанына;
- кеме қатынасының қауіпсіздігіне жауапты теңіз инспекцияларына;
- қоршаған ортаны қорғауға жауапты теңіз полициясына немесе экология мәселелері жөніндегі полицияға;
- теңіздің қауіпсіздік деңгейін арттыруға тартылған әкімшілік және құқық қорғау қызметтері (мысалы, шекара және кеден қызметтері сияқты);
- теңізде жүзушілерге кітаптар шығаратын және теңізшілердің біліктілігін куәландыратын биліктер;
- теңіздегі білім беретін және оқытатын институттар.

Бұл тізім жобаның бастапқы фазасының уақытында аяқталуы тиіс және теңізде оқыту және теңіз құрылымдары жобасының қорытындыларымен нақтылауды талап етеді.

### 3.3. Мүдделі тараптар

Алдыңғы тараулардан анықтауға болатын сияқты, жобаның негізгі мүдделі тараптары мыналар болып табылады:

- көлік, коммуникация, қоршаған орта және ішкі істер министрліктері, жобаның жалпы бенефициарлары және сондай-ақ көлік саясаты мен теңіз қауіпсіздігін әзірлеуге жауаптылар;
- теңіз портының әкімшілігі, порттың капитаны және қауіпсіздікті басқаруға қатысты "ноу-хау" алуға тартылған теңіз инспекциясы;
- желілік кеме қатынасы - қауіпсіздікті тиімді басқару, клиенттер үшін олардың тартымдылығын және олардың рыноктық ұстанымын арттыру;
- қауіпсіздікті тиімді басқаруға тартылған Кеден және көші-қон қызметтері;
- TRACEKA бағдарламасы неғұрлым қауіпсіз көлігі мен теңіз порттарынан пайда түсіреді;
- Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік ұйымы (ОБСЕ): ОБСЕ: экономикалық және экологиялық қауіпсіздікке сияқты сауда мен көлікті жеңілдетуге жәрдем көрсетеді;
- Халықаралық Қаржы Институттары бенефициарлардың кредит қабілеттілігі

артады;

- Ұлттық Үйлестіру Бюросы (ҰҮБ): Ұлттық Үйлестіру Бюросы әріптес елдер мен ЕО арасындағы ынтымақтастыққа жауапты;

- қауіпсіз теңіз көлігін алатын көлік операторлары, өңірдегі іскерлік қауымдастық және көлік клиенттері.

## 3.4. Тәуекелдер мен ұйғарымдар 3.4.1. Тәуекелдер

- Бенефициар деңгейінде өңірдің кейбір елдерінде шешімдер қабылдау процесінде кезектілікті бұзу;
- бенефициар елдердің арасындағы ынтымақтастықтың жетіспеуі немесе жоқтығы;
- мүлдем елдерде түрлі объектілер арасындағы қарама-қайшы мүдделер, атап айтқанда;
- елдердің көлік секторында жалпы мақсаттар мен басымдықтардың жоқтығы;
- икемді емес құқықтық құрылым және басқару әлеуетінің болмауы.

Бұл тәуекелдер көршілес елдердің және ЕО көлік секторында негізгі мүдделі тараптардың қолданыстағы ынтымақтастық тетіктерін пайдалану жолымен барынша азайтылуы тиіс.

### 3.4.2. Ұйғарымдар

- Елдердегі саяси мирасқорлық пен тұрақтылық;
- теңіз секторы биліктерінің олардың елдерінде теңіз қауіпсіздігін басқаруды ағымдағы ұйымдастыру жөніндегі ашық диалогты белгілеуінің дайындығы;
- мемлекеттік компаниялардың іс жүзіндегі жоспарға теңіз қауіпсіздігінің талаптарын енгізу дайындығы мен қабілеті;
- Үкімет өңірлік кірігу саясатын жүргізуді жалғастырады және өміршең және қауіпсіз теңіз тасымалын қамтамасыз етеді;
- белгілі бір жоба мақсаттарының шеңберінде қаралатын барлық тиісті қызметпен бенефициарлар мен жоба әріптерінің ынтымақтастығы;
- қажетті ақпараттар мен деректерге еркін қатынау;
- қызметкерлер штатының болуы мен мирасқорлығы

## 3.5. Қажетті шарттар

Бенефициарлардың жобаны іске асыруды бастауға дайындығы Мақұлдау туралы тиісті Өтініштерде көрсетілетін болады. Бұл Еуропа Комиссиясының жобаны іске асыруды бастағанға дейін Жобаны мақұлдау туралы өтініші алу қарапайым практикасына кіреді. Егер мұндай мүмкін болмаса, тиісті бенефициар ел шығарылатын болады, ал бюджет тиісінше қысқартылады.

### 3.6. Аралас мәселелер

Жоба жеке сектордың барынша қатысуы үшін негіз дайындауға және осылайша теңіз секторында қызметтер көрсетуде саясат пен реттеу функцияларына қарым-қатынаста тартылған Үкіметтердің рөлін түр жағынан өзгерту үшін әзірленген. Жоба әділ басқаруды енгізу жолымен өнімділікті жақсартуға белгілі бір әсер ететін болады, ол басқа аспектілердің ішінде кедейшілікті қысқарту мен экологиялық тұрақтылық мәселелерін қамтиды. Толықтыру ретінде теңіз секторындағы үздік практикалар соңғысының үздік орындалуына және осылайша жаһандық жеткізулер тізбесіне TRACEKA бағдарламасының теңіз бөлігін жәрдем көрсетуі тиіс.

## 4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 4.1. Іске асыру әдісі

Іске асыруды орталықтандырылған басқару жолымен Еуропа Комиссиясы жүзеге асыратын болады.

### 4.2. Бюджет және күнтізбе

Жобаның көзделген бюджеті 3.5 миллион Еуро қызметтер көрсетуге бір немесе бірнеше келісім-шарттар нысанында беріледі. Жоба ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған көпжылдық Индикативтік Бағдарламасына сәйкес келеді, оны іске асыру кестесі 2006 жылға арналған Іс-әрекет бағдарламасын іске асыру кестесіне сәйкес әрекет етеді.

Бенефициардың салымы әріптес қызметкерлер штатын, қажетті деректер мен ақпараттар беруде болады.

Жобаның ұйғарылатын ұзақтығы 24 айды құрайды және іске асыру шамамен Қаржы Келісіміне қол қойғаннан кейін бір жылдан соң басталады.

### 4.3. Сатып алу рәсімдері және гранттар сатып алу

Барлық келісім-шарттар, жүзеге асырылатын Қаржы келісімі сыртқы қызметті жүзеге асыру үшін Комиссия белгілеген және жариялаған рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес берілуі және жүзеге асырылуы тиіс, олар осы рәсім басталған уақытта күшінде қалады.

Бағдарламаның барлық сметасы Комиссия белгілеген рәсімдер мен стандарттық құжаттарға сәйкес келуі тиіс, олар осы бағдарлама бойынша смета қабылданған уақытта күшінде қалады.

### 4.4. Мониторинг жүргізу

Тұрақты мониторинг Комиссия жауапкершілігінің бір бөлігі ретінде үздіксіз процесс болады. Жобаны ТАСИС-тің мониторинг қызметі тексеретін болады және Еуропа Комиссиясы жобаның іске асырылу барысын тығыз қадағалап отырады. Сондай-ақ арнайы әзірленген Техникалық Тапсырмалар бойынша ЕК ережелері мен рәсімдеріне сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар тарапынан сыртқы әсер ету бақылауы жүзеге асырылуы тиіс. Прогресті өлшеуге арналған негізгі индикаторлар жобаның бастапқы фазасының уақытында әзірленетін болады.

## 4.5. Бағалау және аудит

Бағалаулар (орта мерзімді, қорытынды, факті бойынша) және аудит жөніндегі шаралар іріктелген мердігермен келісім-шарт құрылымының ажырамас бөлігі болып табылады. Сыртқы бағалау мен аудит арнайы әзірленген Техникалық Тапсырмалар бойынша ЕК ережелері мен рәсімдеріне сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар тарапынан жүргізілуі мүмкін.

# 6-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **Қара және Каспий теңіздерінде "Теңіз магистральдарын" құру** | | |
| Жалпы құны | 2 500 000 еуро | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі - Орталықтандырылған басқару | | |
| DAC-коды | 21040 | Сектор | Көлік |

# 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

ТМД елдері тәуелсіздік алған сәттен бастап олардың ұлттық экономикасының өсу темпі төмендеді, бұл көлік инфрақұрылымына бөлінетін бюджетке елеулі әсерін тигізді . Көлік қозғалысы темір жол көлігіне байланысты болды және әлі де байланысты, алайда бұл елдерде жүктерді басқа көлікпен тасымалдау тұрақты артып келеді. Алайда, аралас тасымалдауды нығайту үшін көлік операторлары арасында ынтымақтастықтың төмен деңгейі байқалады. Кейбір елдерде жеке сектордың көлік қызметтерін көрсету мен инфрақұрылымға қатысудың қажетті деңгейі жоқ.

Өңірде сауда мен көлікке жәрдемдесу үшін неғұрлым тиімді үлгіде көлікті жақсарту қажет. Инфрақұрылымды жақсартудан басқа, жүк көлігі нарығына тұрақты талаптар шеңбері бар тиімді материалдық-техникалық қызмет көрсету қажет. "Теңіз магистралі" концепциясы тамаша бастамашы мен мұндай жаңалыққа септігін тигізуші болып табылады. Техникалық стандарттарды халықаралық стандарттарға сәйкес жақсарту және модальаралық желілер орнату ТМД елдерінің көлік желілерін ЕО трансеуропалық желілерімен болашақта біріктіруді қамтамасыз ету және жоғары деңгей тобы

ұсынғандай, оны кеңейту мақсатында жүк ағымын (импорт, экспорт, транзит) оңтайландырудың кейбір маңызды алғышарттары болып табылады. Жоғарыда көрсетілген стандарттарға толықтыру есебінде заңнамалық шектерді дамыту мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету орталықтары, негізінен, Серіктестіктің қоғамдық-жеке құрылымдары негізінде ықтимал инвесторлар үшін тартымды және болжамды қоршаған орта құруды жеңілдете алады.

TRACEK-тің ТАСИС мемлекетаралық бағдарламасы өзінің басым мәселелерінің бірі ретінде Кавказ арқылы Панъеуропа көлік дәлізі мен салаларын (PAN-TC) және Орталық Азияны біріктіре отырып, батыс-шығыс бағытында көлік дәлізін дамытуды білдіреді. Еуропа комиссиясының Ақ кітабы - "2010 жылға арналған Еуропа көлік саясаты: шешетін уақыт келді" көлік секторында болашаққа сұрақтар қояды. Көлік түрлерін біріктіру көп мәселелердің бірі болып табылады, негізінен түрткі болатын мәселе теңіз, ішкі су жолдары мен теміржолдарды тиімді біріктіру болып табылады. " Теңіз магистралін" дамыту да Ақ кітапта айтылады.

Көлік түрлерін біріктіру арқылы өңірде сауда мен көлікке септігін тигізу және ТМД елдерін әлемдік экономикаға біріктіру мақсатында неғұрлым тиімді үлгіде көлік қозғалысын ұйымдастыру қажет.

Осылайша, бұл жоба ТАСИС-тің 2002-2006 жылдарға арналған Стратегиясына, 2004-2006 жылдарға арналған Орталық Азия жөніндегі индикативтік бағдарламаға, Еуропа тату көршілік саясаты стратегиясына сәйкес келеді және Ақ кітаппен (2010 жылға арналған Еуропа көлік саясаты: шешетін уақыт келді) және негізінен, әралуан көлік түрлерінің тиімді операциялық сәйкестілігі саласында құрғақ жермен қоршалған және транзитті дамушы елдерге арналған БҰҰ мыңжылдық декларациясымен тікелей байланысты.

Жоба, сондай-ақ, Бакуде, Әзірбайжанда 2004 жылғы 14 қарашада өткізілген Баку көлік конференциясына толық сәйкес келеді.

## 1.2. Алынған сабақтар

ТМД өңірінде ТАСИС-тің бұрынғы жобаларынан алынған сабақтар ресурстарды ұтымды игеру және ауқымның оң әсері жобаны іске асыру шеңберіне үйлесімді талап ететінін болжамдайды. ЕК-нің түрлі бюджет желілері арқылы өңірде сауда мен көлікке жәрдемдесуге қатысуы байқалғандықтан, бұл жоба жұмыстың өңірлік біріктіруге одан арғы кезеңін қалыптастырады және ТАСИС жобалары мен бағдарламаларының ағымдағы және бұрынғы күштерін шынықтырады. Жоба тасымалдау концепциясына бағытталған, бұл көпшілік ТМД елдері үшін жаңалық болып табылады. Осылайша, қызмет елдің де, өңірдің де мұқтаждарына бейімді болуы тиіс. Сонымен қатар, бұл қазіргі заман әдістері мен тәжірибелерін пайдалана отырып, ТМД елдерінің Еуропамен өзара қарым-қатынасын оңтайландыруға көмек беруі тиіс. Тәжірибе, осы баланстар

өңірлік жақсартудан бенефициар елдерге нақты басымдық бөле отырып, практикалық ұсынымдар берместен бұрын, назар салып талқылануы тиіс.

Теңіз магистралі бойынша, негізінен, жүкті қысқа арақашықтыққа тасымалдайды. Еуропа Одағында шағын ара қашықтыққа тасымалдау тауар қозғалысының жуық шамамен 41%-ын құрайды, бұл үнемі өсуде. Энергияны пайдалану жоспарында су көлігі, басқа көлік түрлерімен салыстырғанда, тиімдірек. Осындай отын көлемін пайдалана отырып тасымалданатын жүк кемінде 2.5 есеге артық. Бұның экологиялық жағынан да оң әсері бар - отын да аз, ластану да аз. Терең суларға арналған контейнер кемелері, өзен және теңіз қайықтары, жүк машиналарын тасымалдауға арналған RoRo сыныбы паромдары және темір жол паромдары теңіз магистралінің үлгілік қайықтары болып табылады. RoRo сыныбы паромдары қысқа арақашықтықтарға тиімді және шамадан артық толыққан жолдарды айналып өтуге және шекараның қиын тоғысқан жерлерін кесіп өтуге мүмкіндік береді. Темір жол жүйелерімен жалғастыру мақсатында Балтық теңізінің суларын кесіп өту кезінде темір жол паромдарымен алынған тәжірибелер, Солтүстік және Балтық теңізі, сондай-ақ Жерорта теңізі арасындағы қысқа теңізбен қозғалу "теңіз магистралі" концепциясын іске асыруға негізді себеп болып табылады. Гамбург, Антверпен қатарындағы солтүстік еуропа порттары ірі ішкі су жолдарымен қосылған. Осы порттардан келетін немесе кететін жүктің елеулі бөлігі теңіз кемесінен өзен кемесіне тиеледі және керісінше. Бірқатар сауда кемелері үшін, мысалы Балтық теңізінде/Рейн өзендерінде теңіз және өзен паромдары пайдаланылады. Дунай мен Днепрдің Қара теңізге құятын өзен жүйелері аралас қызмет көрсету мен " теңіз магистраліне" тамаша сәйкес келеді. Каспий теңізінде темір жол паромдары Баку, Ақтау және Түркіменбашы порттарын тұрақты негізде жалғастырады.

Негізінен, контейнерлік тасымалдауда көмекші қызметтер Солтүстік теңіз бен Балтық порттары арасындағы секілді, Жерорта теңізі порттары, Солтүстік және Қара теңіз порттары арасында ойдағыдай жүзеге асырылуда. Әлемде негізгі операторлардың материалдық-техникалық концепциясы бірте-бірте көбейіп келе жатқан контейнер кемелеріне негізделген. 90 жылдар басында контейнер кемелері жуық шамамен 2.500-3.000 TEU тасымалдай алды, ал 10 жыл өткен соң кеменің мөлшері екі есеге дейін артты. Келесі жылдарда тасымалдаудың негізгі бағыттарында 12.000 және одан көп TEU кемелер басқарылатын болады. Осы контейнер операторларының концепциясы басқа порттарды артығымен тасымалдау қызметін көрсететін концентратор есебінде әрбір материкте азғантай порттарда ғана орналасқан. Осы порттардан көмекші кемелер, өзен баржалары, темір жол немесе жол қозғалыс құралдары нақты жеткізуді жүзеге асырады. Осы тәжірибені Қара теңізде және Каспий теңізінде қозғалысты оңтайландыру мақсатында пайдалану қажет.

Алайда, тәжірибе бұл әрбір елдің үкіметі арасындағы тығыз ынтымақтастық болған жағдайда ғана халықаралық ауқымда толығымен жұмыс істей алады. Тек операторлар

мен тауарды жөнелтушілер ғана бірікпеуі тиіс, сонымен қатар Теңіз және порт әкімшілігі де және Кеден үкіметі.

## 1.3. Қосымша қызметтер саласы

ЕК арналған теңіз магистралі бастамасы тек жеке теңіз көлігін жылжытуға ғана емес, сонымен қатар теңіз жолдарын, негізінен, темір жолды жердегімен жалғастыруды тиімді біріктіруге және жалғасу деңгейін арттыруға бағытталған. Сондықтан, теңіз магистралдары Еуропаның аралас дәліздеріне арналған құрал болып қалды, олар қысқа ара қатынасқа жүктер тасымалдауды және қажет инфрақұрылым ретінде теңіз порттарын пайдаланатын болады. ЕК теңіз магистралдары қызметтер көрсету мен инфрақұрылымға қатысты сапалы теңіз құрушы болатынына және аралас теңіз көлігіне ағымдағы мәселелердің көпшілік бөлігін шешуге мүмкіндік беретініне жол береді.

Жоба Теңіз оқуы жобасына қол жеткізуді ескеруі тиіс, оны іске асыру 2005 жылы Өңірлік көлік бюджеті шеңберінде TRACEKA бағдарламасымен жүзеге асырылды. Осы бастаманың ынтасын толықтыратын ЕК септігінің тиісті жобасы Теңіз қауіпсіздігін басқару болып табылады.

Осы жобаны іске асыруға қатынасы бар басқа жоба Болгария, Грузия, Румыния, Түркия және Украинаға арналған TRACEKA дәлізі мен ТЕС (Транс еуропа желісі) арасындағы теңіз құрауыштарын жақсарту болып табылады. Ұсынылып отырған жоба теңіз құрауыштарын нығайту жөніндегі жобаларға қол жеткізуді ескере отырып, өз қызметін де негіздеуі тиіс.

Осы жобаны іске асыру соңғы 13 жылда өңірдегі көлік секторындағы ЕК ынтымақтастығы бағдарламасын іске асыруда салмақты және сенімді серіктес болған TRACEKA бағдарламасы арқылы үйлестірілуі тиіс. TRACEKA шын мәнінде белсенді және жақсы ұйымдастырылған, Тұрақты Хатшылықтың әкімшілік шығыстарын қаржыландырудың өзіндік үлесін растаған қатысушы елдер толық қолдайтын бағдарлама болып табылады.

TRACEKA бағдарламасының нәтижесі үкіметтік органдар арасындағы тығыз ынтымақтастық пен диалог болды. Бағдарлама, сондай-ақ Орталық Азияда, Кавказ бен Шығыс Еуропада да өңірлік ауқымда көлік мәселелерін дамытуға септігін тигізді. Бұрынғы оң нәтижелердің негізінде бұл жоба өңірлік деңгейде іске асырылатын болады , ал оның міндеттері барлық тартылған елдердің басымдықтарына сәйкес келетін болады. Бұдан басқа, TRACEKA елдерінің ТАСИС-тің өңірлік бағдарламаларына әсері тұтастай алғанда оң болды, бұл елдер мен ЕО арасындағы ынтымақтастықты құруға және тереңдетуге пайдалы негіз қалыптастырады.

## 1.4. Донорлар қызметін үйлестіру

Теңіз магистралі концепциясын жаңарту нәтижесінде халықаралық донор мен халықаралық қаржы ұйымының қатысуы, негізінен, жанама жүзеге асырылады. Каспий теңізі бассейніндегі теңіз қауіпсіздігі мәселесін шешу деңгейі Қара теңіз бассейніне қарағанда, қатысты түрде төмен. ЕК-нің араласуы әлемнің осы саласында теңіз магистралі концепциясын енгізуге қатысты жол салады.

Ықтимал мердігер негізгі донорларға өзінің қызметі туралы хабарлауы және мүдделі даму серіктестеріне жоба бойынша ағымдағы қызметі туралы ақпаратты беруі тиіс. Сондай-ақ, TRACEКА-ның Тұрақты хатшылығы процеске тартылуы да маңызды және де оның ресурстары ықтимал мердігердің донорларын үйлестіруге септігін тигізу мақсатында пайдаланылады.

## 2. ЕЛДІК/ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

Жобаның бенефициарлары, 1998 жылғы 8 қыркүйекте Бакуде қол қойылған Еуропа-кавказ-Азия (TRACEКА) дәлізін дамыту жөніндегі халықаралық көлік туралы негізгі көп тарапты келісімге (НКК) қол қойған елдерді қоса алғанда, ТМД елдері болып табылады. НКК негізгі басымдықтарының бірі мыналар арқылы сауда мен көлікті жақсарту және кеңейту арқылы халықаралық нарықта өңірді біріктіру болып табылады:

- Экономикалық қарым-қатынасты, Еуропада, Қара теңіз және Азия өңірінде сауда байланысы мен көлік қауымдастығын дамытуға септігін тигізу;
- жол, темір жол көлігінің және коммерциялық навигацияның әлемдік нарығына қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- қозғалыс қауіпсіздігін, жүк қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;
- көлік саясаты мен құқықтық құрылымның көлік саласында үйлесуі;
- көлік операцияларын бәсекеге қабілеттілігіне тең жағдай жасау.

"Теңіз магистралі" концепциясы, негізінен, порттар мен жүкті түсіру құралдарын қоса алғанда, теңіз секторына негізделген. Бенефициар елдердің көлік секторында түрлі құрылымдары бар. Қазіргі заман құрылымдары туралы ақпаратты, ең жақсысы, TRACEКА Үкімет аралық комиссиясының Тұрақты Хатшылығының және оның елдердегі тұрақты өкілдерінің желісі арқылы алуға болады.

Жауапты Көлік министрліктері тарапынан тиісті алушы елдерде жобаны іске асыру жөнінде нақты ұстаным болғандықтан, және де жүкті жөнелтушілер өңірлердегі түрлі семинарлар мен конференцияларда материалдық-техникалық қызмет көрсетуді жақсарту қажеттілігін білдіргендіктен, жобаны ойдағыдай іске асырудың маңызды алғышарттары берілді.

Алайда, тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес келу және ЕО-ның теңіз қауіпсіздігі жөніндегі заңнамаға жақындау теңіз магистралінің осы жобасына тартылатын ТМД елдері үшін алғышарт болып табылады.

## 2.2. Секторлық контекст

"Теңіз магистралі" және байланысқан аралас көлік құралдары ТМД елдеріне дүниежүзілік нарыққа жеңілірек қол жеткізе алады. Бұл үнемі көлік уақыты мен шығыстарын елеулі қысқартуға және де, осылайша, тауарлардың жалпы бағасында тасымалдау құны үлесінің азаюына алып келеді. Қосымша, өңірде жаңа инвестициялық мүмкіндіктер күтілуде және Еуропа жүк тасымалдау индустриясы бұл мүмкіндіктерді қызу қолдайды.

Бұдан басқа, осы тасымалдау барлық қоршаған ортаға төмен теріс әсері бар екендігін атап өту қажет.

## 3. Сипаттау 3.1. Мақсаттар

Жобаның жалпы міндеті материалдық-техникалық потенциалды, операциялық өзіндік құнын және аралас көлік түрлерін жақсарту арқылы сауда мен көлікке септігін тигізу және осылайша, ТМД елдерін Еуропамен және әлемдік нарықпен жалғастыратын қазіргі заман тиімді "теңіз магистралін" дамыту болып табылады.

Жобаның нақты міндеті өзен жүйелері мен теңізді осы концепцияға енгізуге назар сала отырып, аралас көлікке арналған экономикалық және қаржылық жағдайға төтеп беретін, техникалық жағынан жүзеге асырылатын, экологиялық және институционалдық жағынан тұрақты концепция әзірлеу болып табылады.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет салалары

Күтілетін нәтижелер мынадай:

1. Өзен жүйелері мен порттарды және бенефициар елдердің ішкі жер құрылымдарын зерттеуді жалпы аралас желіге біріктіру:

- өзен жүйелерінде, негізінен Дунай өзен жүйесінде (арна жүйесін қоса алғанда), сондай-ақ Днепр жүйесінде шын мәніндегі хабарлау;
- өзендерде ұсынылатын хабарлау тарифтерінің құрылымы;
- өзен хабарларының Қара теңіздегі аралас бірлестіктерге біріктіру мүмкіндігі;
- Қара және Каспий теңіздерінде жүк машиналары мен темір жол вагондарына арналған Ro-Ro үлгісіндегі паромдарды шын мәнінде хабарлау;
- Қара және Каспий теңіздерінде Ro-Ro үлгісіндегі паромдарды хабарлау тарифінің құрылымы;
- осы хабарларды жаңа аралас хабарларға біріктіру мүмкіндігі;

- аралас хабарлар әзірлеуге байланысты порттарды ішкі біріктіру;
- өзен көлігі парктерінің, терең теңіз флотының (Ro-Ro паромдарды мен темір жол паромдары) теңізге шығатын өзен қайықтарының жай-күйін бағалау;
- жүкті өңдеу жөніндегі жабдықтарды қоса алғанда, терминалдарды (жер және теңіз порттарын) жабдықтау;
- мұздататын вагонды немесе температураны бақылауға арналған құралды қоса алғанда, қойма құрылғылары;
- қара және Каспий теңізінің маңында өзен, терең теңіз, жер көлігі үшін пайдаланылатын құжаттар;
- аралас орталықтар арасындағы ықтимал байланыстар;
- пайдаланылатын жабдықтар мен стандарттар.

2. Ағымдағы құрамалар мен ықтимал жаңа құрамаларға арналған аралас бірлестіктердің, инфрақұрылымның және жоғары тұрған құрылымдардың техникалық жағдайын жақсартуға арналған қысқа мерзімді және орта мерзімді Іс-қимыл бағдарламасы. Жабдықтарды жақсартуға және бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құралдар бар болғандықтан, жедел қажет жабдықты немесе стандарттық бағдарламалық қамтамасыз етуді бағалау енгізілуі тиіс.

3. Қара теңіз және Каспий теңізі өңірі шеңберінде аралас хабарлар және/немесе "теңіз магистралі" желісін орнатуға арналған қолданылатын шаралар бойынша ұсынымдар, мысалы:
- Қара, Каспий теңіздері өңіріне қажет жабдықтарды жинау мақсатында кеме иелерін тарту;
- көлік компаниялары мен кеме қатынасы желілерін аралас хабарлар бөлігі ретінде "теңіз магистралін" іске асыруға сендірту;
- аралас хабарларды қолдау мақсатында порттарға және жер бірлестіктеріне тұрақты кіріп тұратын желілік хабарлар идеясын ортаға шығару;
- стандартты құжаттар мен рәсімдерді пайдалануды атап көрсету.

## 3.3. Мүдделі тараптар

Жобаның негізгі мүдделі тараптары мыналар болып табылады:
- Көлік министрліктері, Министрлер кабинеттері, Теңіз порты әкімшілігі және Флот басқармасы, Көлік қауымдастығы мен Әзірбайжан, Болгария, Грузия, Қазақстан, Румыния, Түркия, Түркіменстан және Украина көлік коммуникациялары қауымдастығы жобаның негізгі бенефициарлары, сондай-ақ көлік саясаты мен көлік инфрақұрылымын әзірлеу үшін жауапты болып табылады;
- бенефициар елдердің теміржол және көлік ведомстволары, себебі олар сенімді жер бірлестіктерін орнатуы тиіс;
- кеме қатынасы компаниялары (терең сулы теңіздер мен өзендер), себебі олар жаңа

көлік құрамаларын және хабарларды пайдалана алады;

- бенефициар елдердің кеден біліктері, себебі олар тиімді кеден қызметтерін көрсетуден және кедендік рәсімдерден өтпеген тауарлардан пайда мен табыс көруі мүмкін;

- порттар, олар жүзеге асырылып жатқан жаңа аралас қызмет көрсетуді пайдалана алады;

- TRACEKA бағдарламасы НКК ережелеріне сүйене отырып, өңірдегі саудаға септігін тигізуге ниетті. TRACEKA көлікке негізделген;

- Салық билігі мен Халықаралық Валюталық қор (ХВҚ) қосымша салық жинауға мүдделі;

- Дүниежүзілік банк (ДБ). Дүниежүзілік банк, негізінен, кедейлікті қысқарту құралы ретінде, саудаға септігін тигізуге бағытталған;

- Ұлттық үйлестіру бюросы (ҰҮБ), олар серіктес елдер мен ЕО арасындағы ынтымақтастыққа жауапты;

- көлік және контейнер операторлары, өңірдегі іскерлік қауымдастық тиімдірек жұмыстан және материалдық-техникалық қызмет көрсетуден, сондай-ақ көлік торабы желісінен жетілген инфрақұрылымнан пайда көреді.

## 3.4. Тәуекелдер мен болжамдар 3.4.1. Тәуекелдер

- Кейбір бенефициар елдердегі саяси тұрақсыздық;

- бүкіл өңір арқылы деңгейінде бенефициар елдер арасындағы ынтымақтастықтың жетіспеушілігі;

- тартылған бенефициарлар біліктерінің түрлі құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері;

- ережелер мен Қаулылар вариация және интерпретация мәні болып табылады.

Бұл тәуекелдер көршілес елдердің көлік тарапынан маңызды мүдделі тараптарымен және ЕО-мен ынтымақтастықтың жұмыс істейтін тетігін пайдалану арқылы азайтылуы тиіс.

## 3.4.2. Болжамдар

- Бенефициар елдерде шешім қабылдау деңгейіндегі болжам;

- Теңіз магистралі концепциясын қолдануға септігін тигізетін жалпы өңірлік басымдықтардағы тұрақтылық;

- Теңіз магистралі концепциясын енгізуге және қолдануға септігін тигізу мақсатында түрлі көлік құралдарына жауапты билік арасындағы түсіністіктің елеулі деңгейі.

### 3.5. Қажет талаптар

Бенефициарлардың жобаны іске асыруды бастауға дайындығы тиісті Мақұлдау туралы өтініштерде көрсетілетін болады. Бұл Еуропа комиссиясының жобаны іске асыруды бастағанға дейін жобаны мақұлдау туралы өтінішін алудың әдеттегі практикасына жатады. Егер бұл мүмкін болмаса, тиісті бенефициар елі алып тасталынады, ал бюджеті тиісінше қысқартылады.

### 3.6. Аралас сұрақтар

Жоба көлік секторында аралас қызметке негіз дайындау үшін әзірленді, бұл қоршаған ортаға жалпы, сондай-ақ елдердің әлемдік экономикаға бірігуі үшін оң әсерін білдіреді. Жеке сектордың артығымен қатысуы және де, осылайша, тартылған Үкіметтердің саясатқа және материалдық-техникалық қызмет көрсетудегі тұрақты функцияларына қатысты ролінің өзгеруі де осы жоба нәтижелерінің бірі болып табылады.

### 4. Іске асыру мәселелері 4.1. Іске асыру әдісі

Іске асыруды Еуропа комиссиясы орталықтандырылған басқару арқылы жүзеге асырады.

### 4.2. Бюджет және күнтізбе

Жобаның 2.5 миллион еуроға көзделген бюджеті қызметтер көрсетуге арналған бір немесе бірнеше келісім-шарттар түрінде беріледі. Жоба көп жылдық ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасына сәйкес келеді, оны іске асыру кестесі 2006 жылға арналған Іс-әрекеттер бағдарламасын іске асыру кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

Бенефициарлар салымы серіктес қызметкерлер штаты мен қажет деректер және ақпарат беруден тұрады.

Жобаның көрсетілген ұзақтығы 24 айды құрайды және де оны іске асыру бір жылдан кейін Қаржылық келісімге қол қойған соң басталады.

### 4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді жүзеге асыратын барлық келісім-шарттар осы рәсім басталған уақытта күшінде болатын, сыртқы қызметті жүзеге асыруға Комиссия белгіленген және жариялаған рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес тапсырылуы және жүзеге асырылуы тиіс.

Бағдарламаның бүкіл сметасы осы бағдарлама бойынша сметаны қабылдаған

уақытта күшінде болатын Комиссия белгілеген рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

## 4.4. Мониторинг жүргізу

Тұрақты мониторинг Комиссияның жауаптылығы бөлігі ретінде үздіксіз процесс болып қалады. Жобаны ТАСИС-тің мониторинг қызметі тексеретін және Еуропа комиссиясы жобаны іске асыру барысын қатаң қадағалайтын болады. Сондай-ақ, арнайы әзірленген Техникалық тапсырмалар бойынша ЕК ережелеріне және рәсімдеріне сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар тарапынан да сыртқы әсер етуді бақылау жүзеге асырылуы тиіс. Прогресті өлшеуге арналған маңызды индикаторлар жобаның бастапқы фазасы кезінде әзірленеді.

## 4.5. Бағалау және аудит

Бағалау (орта мерзімді, қорытынды, фактi бойынша) және аудит жөніндегі шаралар іріктелген мердігері бар келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Сыртқы бақылауды және аудитті арнайы әзірленген Техникалық тапсырмалар бойынша ЕК ережелеріне және рәсімдеріне сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізе алады.

# 7-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **Электр энергетикасы және энергияны тиімді пайдалану саласында ТМД елдерімен энергетикалық ынтымақтастықты кеңейту** | | |
| Жалпы құны | ЕК салымы: 11 000 000 еуро | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі:<br>1-құрауыш (1 500 000 еуро) - орталықтандырылған басқару<br>1-құрауыш (9 500 000 еуро) - орталықтандырылған басқару | | |
| DAC-коды | 23010 | Сектор | Энергетика |

## 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

2004 жылғы қарашада өткізілген "Еуропа Одағы (ЕО) және Каспий теңізі жағасы өңіріндегі елдері және көршілес елдер арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық" жөніндегі Баку Министрлік конференциясы ЕО және Каспий теңізі жағасы өңіріндегі елдер арасында, атап айтқанда Әзірбайжанмен, Иранмен, Қазақстанмен және Ресей Федерациясымен, сондай-ақ көршілес елдер Арменияммен, Грузиямен, Қырғызстанмен, Молдовамен, Түркиямен, Украинамен және Өзбекстанмен

энергетика саласында кеңейтілген ынтымақтастыққа есік ашты.

Осы конференция қорытындылары мыналарға қол жеткізе отырып, энергетика саласындағы дамып келе жатқан ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындады:

1. осы елдерде құқықтық және техникалық стандарттарды халықаралық құқықтық және тұрақты шектерге (газ секторы үшін де, электр қуаты үшін де) еуропалық және халықаралық стандарттарға секілді еуропалыққа сәйкес біріктірілген энергетикалық нарық құруға негіз қалау үшін еуропалық және халықаралық стандарттарға жақындастыру;

2. мыналар арқылы электрмен қамтамасыз ету қауіпсіздігі мен сақталуын арттыру:

a. қазіргі инфрақұрылымды жаңғырту;

b. электр энергетикасын шығарудың экологиялық зияны жоқ инфрақұрылымға арналған Медзамор атом электрстанциясы секілді ескі және қауіпті энергия блогының инфрақұрылымын ауыстыру;

c. жаңа инфрақұрылымды, негізінен, желіаралық бірлестікті дамыту;

d. олардың қызметін бақылаудың қазіргі заман жүйесін қолдану;

3. энергиямен қамтамасыз етуді және сұранысты басқаруды жақсарту;

4. өзара мүддені білдіретін коммерциялық және экологиялық жағынан төзімді энергетикалық жобаларды қаржыландыруды алға жылжыту.

Жоба негізгі екпінді электр қуаты стандарттарын үйлестіруге және өнеркәсіп пен үй шаруашылығы секторларында энергияны пайдаланудың тиімділігі шараларын алға жылжытуға арналған негізгі екпінмен жоғарыда аталған ынтымақтастықтың стратегиялық салаларында ЕК қолдауын арттыру үшін мақсаттар көздейді.

## 1.2. Алынған сабақтар

2005 жыл ішінде және 2006 жылдың басында мұнай мен газға бағаның артуы олар және ЕО арасындағы секілді, өңір елдері арасындағы энергетикалық ынтымақтастық саласындағы тығыз қарым-қатынасты қолдайтын мүддені тағы да атап көрсетті. Мүдде байланысатын энергетикалық желілерде де, сұраныс жағына жақсартылған басқару және энергияны тиімді пайдалану арттыру арқылы талаптың төмендеуінде де атап көрсетілген.

## 1.3. Қосымша қызметтер саласы

ТАСИС-тің ұлттық жобасы Ресей Федерациясында электр қуаты стандарттарын үйлестіру мәселесін шешуге бағытталған.

## 1.4. Донорлар қызметін үйлестіру

Жоба өңірде ұқсас саладағы екі жақты бағытталған донорлар тарапынан да, кредит институттары (Дүниежүзілік банк, ЕКДБ, ЕББ) тарапынан да ағымдағы, сондай-ақ жоспарланған бастамаларды назарға алады. ТАСИС ұлттық бағдарламаларына, әсіресе институционалдық даму және құқықтық жақындату шараларына қатысты реттілік те қамтамасыз етіледі.

## 2. ЕЛДІК/ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

ЕО, Қара және Каспий теңізі өңіріндегі елдер және олармен көршілес елдер арасындағы энергетика саласындағы кеңейтілген ынтымақтастық тұтынушы елдер, өндірушілер және транзит елдері үшін екі жақты мүдделер ретінде танылды. Қосымша, энергетикалық саясатты үйлестіруді жақсарту талабына сәйкес, халықаралық қаржылық институттарды қоса алғанда, ұлттық биліктен және донорлар қоғамдастығынан жұмылдыру инвестициясына оң әсер етуге қол жеткізу күтілуде.

Еуропа Тату көршілік саясаты шеңберінде осы елдердің, жақын арада, ЕО-ның ішкі нарығында өз үлесі, саяси ынтымақтастықтың кеңейтілген мүмкіндіктері секілді экономикалық бірігу үшін күшейтілген перспективасы болуы тиіс. Жоба осы мақсаттарды іске асыруға көмектеседі.

## 2.2. Секторлық контекст

ТАСИС Өңірлік бағдарламасы осы уақытқа дейін, негізінен, мұнай және газ секторларында энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өз іс-әрекеттерін шоғырландырды. Ұлттық бағдарламалар да қызметін шектеулі көлемде жүзеге асырды. Алайда, ТАСИС-тің 2004-2006 жылдарға арналған Өңірлік ынтымақтастық бағдарламасы кеңірек қызметке арналған шектерді, негізінен, сауда ағынын жеңілдету және тосқауылдарды қашып өту, сондай-ақ қоршаған орта мен денсаулыққа септігін тигізу секілді қауіпсіздік аспектілері мәселелері шешу мақсатында еуропа стандарттарымен және ережелерімен үйлесімді қамтамасыз етеді. ТМД елдерінің халықаралық және өңірлік конвенция мен келісімдер шеңберіндегі ұстанымы да осы басымдықтарды дәлелдейді.

Жобаның екінші құрауышын алатын болсақ, энергияны ысырап пайдалану жылдам өсетін бағалар контексінде энергияға қажет емес шығыстарды жүргізеді. Энергияны артығымен тиімді пайдалану энергияға шоттардың төмендеуіне және көптеген мүдделі елдердің импортталатын қазып алынатын отынға тәуелділігін төмендетуге септігін тигізуі тиіс. Инфрақұрылымды дамыту мен жаңғыртуға инвестицияның ауқымды қажеттілігі болып тұрғанда, ТАСИС-тің шектелген қаражаты тікелей инвестициялар мақсатында пайдаланыла алмайды. Тиісінше, олар қажет жерінде халықаралық қаржы

институттарының инвестициялауын күшейте және жеке сектордың қатысуын алға жылжыта отырып, энергетикалық сектордағы жаңғыртуды және реформалауды алға жылжытуға бағытталуы тиіс.

## 3. СИПАТТАУ 3.1. Мақсаттар 3.1.1. Жалпы мақсаттар

Жобаның негізгі міндеттері халықаралық қаржы институттары инвестицияларының тиісті қолдауымен өнеркәсіп және үй шаруашылығы секторларында электр қуаты стандарттарын үйлестіру және энергияны пайдалану тиімділігін алға жылжыту арқылы энергетикалық нарықтарды біріктіру үшін перспективаны жақсарту жолымен қарастырылып отырған елдерде энергияға тәуелділігін төмендету және энергиямен қамтамасыз етуді арттыру болып табылады (төмендегі 3.3-тармақты қараңыз).

## 3.1.2. Нақты мақсаттар 1-құрауыш: Электр энергетикасы стандарттарын үйлестіру

Осы құрауыш шеңберінде шешілетін нақты міндеттер:

- электр қуаты секторында техникалық стандарттардың бірлескен үйлесімінің негіздемесі және мұқтажының жалпы түсініктеріне қол жеткізу;
- ұлттық саясаттардың шеңберінен тыс электр қуаты секторында техникалық стандарттар мен практиканың үйлесімі стратегиясын әзірлеу және Еуропа Тату көршілік саясаты шеңберінде (Шығыс Еуропа мен Кавказ елдері үшін) Ұлттық Іс-қимыл жоспарында көзделген қызметті назарға ала отырып, оны қабылдауды қолдау ;
- келісілген техникалық стандарттарды қабылдау үшін ұлттық биліктер бастамашылық ететін құқықтық шаралар пакетін қоса алғанда, келісілген техникалық стандарттар мен практикаларға қол жеткізу үшін орта мерзімді Іс-қимыл жоспарын анықтау;
- ЕО электр қуатының ішкі нарығы стандарттарының, ережелері мен міндеттерінің хабардар болуын арттыру;
- ЕО электр қуатының ішкі нарығы ережелері мен стандарттарының кеңінен пайдаланылуына және орындалуына өңіршілік деңгейде тиісті тетіктер орнатуда жәрдемдесу.

## 2-құрауыш: Сәйкестендіру және энергияны тиімді пайдалану үшін инвестицияны алға жылжыту

Осы құрауыштың нақты мәселелері (осы саладағы қол жеткізулеріне сәйкес осыны іске асыру ЕҚДБ жүктеледі) мыналар болып табылады:

- қарастырылып отырған елдерде энергияны тиімді пайдалану басымдықтары мен

мүмкіндіктерінің хабардар болуын арттыру;

- тиісті жергілікті банктерде кредит желісін аша отырып энергияны тиімді пайдаланудың тұрақты инвестициялық жобаларының жолдарын ашу және ықтимал бенефициарларға техникалық, қаржылық, құқықтық және экологиялық білім беру ( керек жерінде, өнеркәсіп және үй шаруашылығы секторларында);

- банктік, өнеркәсіп және шаруашылық секторларында таралу әсерін қолдау.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет саласы 1-құрауыш: Электр энергетикасы стандарттарын үйлестіру

Осы құрауыштың күтілетін нәтижелері мыналар болып табылады:

- электр қуаты секторындағы техникалық стандарттарды қарастырылып отырған елдердегі еуропа стандарттарымен үйлестіруді негіздеу және мұқтаждың бірлескен түсінігі;

- ЕО-дағы электр қуатының ішкі нарығының ережелеріне және стандарттарына сәйкес ұлттық саясат шеңберінен тыс электр қуаты секторында техникалық стандарттарды үйлестірудің әзірленген және келісілген өңірішілік стратегиясы (Шығыс Еуропада, Кавказда және Орталық Азияда);

- келісілген техникалық стандарттар мен практикаларға қол жеткізу үшін әзірленген және келісілген орта мерзімді Іс-қимыл жоспарлары;

- тартылған мүдделі тараптар арасында электр энергиясы секторында стандарттардың, ережелердің және ақпараттың ЕО нормалары туралы хабардар болуын арттыру;

- қарастырылып отырған елдердің ұлттық биліктеріне арналған техникалық стандарттар бойынша құқықтық шаралар пакеті дайындалды.

## 2-құрауыш: Сәйкестендіру және энергияны тиімді пайдалану үшін инвестицияны алға жылжыту

Осы құрауыштың күтілетін нәтижелері мыналар болып табылады:

- энергияны тиімді пайдалану шараларын орындауға ықтимал сәйкес келе алатын осы ТМД елдерінде сәйкестендіру жөнінде алдын ала зерттеу жүргізілді;

- кредит қаражатын белгілеу үшін жергілікті банктермен құқықтық және қаржылық талаптарды келісу, осы келісімдерді ЕК тарапынан алдын ала мақұлдаған жағдайда;

- нысаналы облыстарда энергияны тиімді пайдалану басымдығы туралы маркетинг пен хабардар болуды арттыру жөнінде компаниялар әзірленді;

- өнеркәсіп өкілдерімен және басқа да мүдделі тараптармен энергияны тиімді пайдалану және тиісті инвестицияларды енгізу шараларын қабылдау туралы келіссөздер басталды;

- алдын ала келісімдерге қол қою негізінде көптеген фирмаларда (және

мүмкіндігінше, көпқабатты үйлерде және жеке аулаларда) энергияны тиімді пайдалану жөнінде аудит жүргізілді;

- жобаға қатысатын банктер қаражатты төлегенге дейін қорытынды техникалық және басқару растаулар және инвестицияны тиімді енгізу жүргізілді;

- паркинг газын тастау энергиясын нақты және сандық жинау/қысқарту;

- жоба бойынша деректер жарияланды және кеңінен таратылды.

### 3.3. Мүдделі тараптар 1-құрауыш: Электр энергетикасы стандарттарын үйлестіру

Қарастырылып отырған елдер мыналарды қамтиды: Әзірбайжан, Армения, Беларус, Грузия, Қырғызстан, Қазақстан, Молдова, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина және Өзбекстан. Осы елдердің әрқайсысы атынан жұмыс істей отырып, жоба бойынша серіктестер Энергетика министрлігі және/немесе Ұлттық мемлекеттік агенттігі, электр энергиясы секторында нормалар мен стандарттарды іске асыруды орнату мен мониторингке жауапты болып табылады.

### 2-құрауыш: Сәйкестендіру және энергияны тиімді пайдалану үшін инвестицияны алға жылжыту

ЕҚДБ алдын ала жүргізген зерттеулер негізінде қарастырылып отырған елдер мыналарды қамтиды: Украина және Молдова.

### 3.4. Тәуекелдер мен ұсыныстар

Жобаның табысы мынадай талаптарды орындауға байланысты:

- Бенефициар елдердің энергия саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, олардың электр энергиясы стандарттарын ыңғайлап алуға, еуропа стандарттарына сәйкес энергияны тиімді пайдалану мүддесін көрсетуге дайындығын көрсету;
- Банк секторының ЕҚДБ-мен дамып келе жатқан ынтымақтастыққа оң көзқарасы;
- энергияны тиімді пайдалануға инвестицияның пайдасын ақтауға және алуға энергияны жеткізушілерге бағаның елеулі деңгейі;
- жобаны іске асыру тәсілі бойынша келісімге қол жеткізуге ЕК мен ЕҚДБ қабілеті (2-құрауыш);
- өнеркәсіптің нысаналы секторы мен құрылыс/шаруашылығы секторының энергияны тиімді пайдалану инвестициясындағы мүддесі.

### 3.5. Қажет талаптар

1-құрауыш - қатысушы елдердің көзделген жобаның бағыты бойынша өңірлік перспективамен электр энергиясы секторында жұмыс істеуге көрсетілген келісімі.

2-құрауыш - ЕК мен ЕҚДБ арасында жобаны іске асыру әдісі және жергілікті банктермен жоспарланған құқықтық және қаржылық келісімге қатысты келісімге қол жеткізілді.

### 3.6. Аралас сұрақтар

| | |
|---|---|
| Адал басқару | X |
| Әлемдік экономикаға бірігу | X |
| Қоршаған орта | X |

### 4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 4.1. Іске асыру әдісі

1-құрауыш: Электр энергетикасы стандарттарын үйлестіру орталықтандырылған б а с қ а р у

2-құрауыш: Сәйкестендіру және энергияны тиімді пайдалану үшін инвестицияны алға жылжыту - орталықтандырылған басқару, өтінімдер конкурсын хабарламастан, ЕҚДБ грантын беру арқылы.

### 4.2. Бюджет және күнтізбе

1-құрауыш: Жалпы индикативтік бюджет 1.5 миллион Еуроны құрайды. Жобаның айтылған ұзақтығы 18 айды құрайды. Қызметтер көрсетуге келісім-шарт көзделген.

2-құрауыш: Жалпы индикативтік бюджет 9.5 миллион Еуроны құрайды, оның ішінде 5 миллион Еуро Молдовада жұмысты жүзеге асыруға бөлінеді. Энергияны тиімді пайдалану жөніндегі осы құрауыш өтінімдер конкурсын хабарламастан, грант келісім-шартын (9.5 миллион Еуро) беру арқылы іске асырылады, Еуропа Қайта құру және Даму банкіне (ЕҚДБ), ЕК қаржы қаулысының 169-бабы және оның іске асыру ережесінің 253-бабының негізінде қызметін толық қаржыландыра отырып. Жобаның айтылған ұзақтығы 2 жыл. ЕК гранты тиісті кәсіпорындар мен коммуналдық ведомстволарға жуық шамамен 25.0 миллион Еуроға дейін кредит береді.

### 4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді жүзеге асыратын барлық келісім-шарттар осы рәсім басталған уақытта күшінде болатын, сыртқы қызметті жүзеге асыруға Комиссия белгіленген және жариялаған рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес тапсырылуы және жүзеге а с ы р ы л у ы т и і с .

Бағдарламаның бүкіл сметасы осы бағдарлама бойынша сметаны қабылдаған уақытта күшінде болатын Комиссия белгілеген рәсімдерге және стандарттық құ ж а т т а р ғ а с ә й к е с к е л у і т и і с .

2-құрауыш бойынша грант беру рәсімі жобаның техникалық сипаттамасы бойынша негізделген. Жоба ЕКДБ монополист ретінде қарастырады, себебі энергетика секторында қалыптасқан жұмыс тәжірибесі бар жоғары мамандандырылған қаржы институттарының араласуын, банк секторының институционалдық дамуын және өтпелі кезеңдегі бұрынғы коммунистік елдердің контекстінде жеке сектордың дамуын талап етеді. Институт ЕО құндылығын да бөлуі және қоғамдық саясаттың ұқсас мақсаттарын көздеуі тиіс. Осы рәсім ЕК Қаржы қаулысының 110-бабының 168 Article негізінде жұмыс істейді.

## 4.4. Мониторинг жүргізу

Мониторинг индикаторлары тендерлік құжаттар жинағында әзірленеді, ал 2-құрауышқа келетін болсақ, ЕКДБ-мен ынтымақтастықта бірінші қадам секілді. ЕК өкілеттігі, ТАСИС Өңірлік бағдарламасын тексеруге жауапты тиісті сарапшылар секілді, ЕК Штаб-пәтерінде олардың мониторингіне септігін тигізеді деп күтілуде.

## 4.5. Бағалау және аудит

Бағалау және аудит EuropeAid стандарттық рәсімдеріне сәйкес жүргізілетін болады.

# 8. ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **Мұнайгаз саласындағы метрологияны дамытудың Халықаралық оқу орталығы** | | |
| Жалпы құны | **2 500 000 еуро** | | |
| Көмек көрсету әдісі | **Жобаны іске асыру әдісі - орталықтан-дырылған басқару** | | |
| DAC-коды | 23081 | Сектор | Энергетика |

# 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

Қоғамдастықтың бұрынғы Кеңес Одағының аумағында мұнай мен газ желілерінің өңіріне қатыстырылуы тек Орталық Азия мен Кавказ елдерін ғана қамтитын ТАСИС мемлекетаралық жобасын 1992 жылы іске асырудан басталды. Жоба стратегиялық секторға бағытталған және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) мұнай мен газ ресурстарын әзірлеу және сенімді жеткізілімдерді қамтамасыз ету үшін олардың мүдделеріне маңызды болды. Мұның өзі 1995 жылы көлемді, кейіннен INOGATE ( Еуропаға мұнай мен газды мемлекетаралық тасымалдау) бағдарламасы ретінде белгілі бастамашылықты құруға әкеліп соқты. Бұл бағдарлама ТМД елдерімен ЕО мүше мемлекеттері арасындағы өзара тәуелділіктің негізгі тұжырымдамасын алғашқы рет енгізді.

INOGATE бағдарламасы бастапқыда төрт жылдық бағдарламаның бөлігі ретінде ( 1996-1999 жылдардағы бюджеттік желі) ТАСИС мемлекетаралық бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылды. 1999 жылы ТАСИС директивасына өзгерістер енгізумен ТАСИС мемлекетаралық бағдарламасы ТАСИС өңірлік ынтымақтастықтың 2000-2006 жылдарға арналған бағдарламасы болып қайта жасалды. ТАСИС өңірлік ынтымақтастық және 2004-2006 жылдарға арналған өңірлік индикативтік бағдарламасы стратегиясында бірнеше елдердің деңгейінде қызметті жүзеге асыруды бастау үшін мынадай 3 басым нәрсе айқындалды:

Табиғи ресурстарды орнықты басқару

Сауданы және инвестицияларды ілгерілету

Сот төрелігі және ішкі істер.

Мұнай мен газ желілері үшін екінші нәрсенің шеңберінде мынадай 3 нақты міндет белгіленді:

1. INOGATE үлгілік келісімін іске асыруға жәрдемдесетін мұнай мен газ тасымалдаудың ұтымды және алдыңғы қатарлы мемлекетаралық жүйелерін дамыту;

2. газ бен мұнай, атап айтқанда Ресейден және неғұрлым кең Каспий бассейнінен Еуропаға тасымалдаудың қауіпсіз деңгейін арттыру;

3. Халықаралық қаржы институттарының (ХҚИ) инвестициялар жасауын жандандыру және жеке сектордың қатысуы, сондай-ақ осы салалардағы реформаның жаңғыруындағы прогресс.

Ұсынылған жоба газ метрологиясы мен сыныптамасына қызмет көрсететін халықаралық деңгейде танылған жүйелерді қамтамасыз ету үшін ноу-хау беруді қолдай отырып және техникалық әлеуетті дамыта отырып, осы міндеттерге қолдауды қамтамасыз етуге арналған.

Баку конференциясының қорытындылары (төмендегі 2-тармақты қараңыз) мынадай жағдайларда:

1. Еуропалық, сол сияқты халықаралық құқықтық және реттеу шектеріне сәйкес біріктірілген энергетикалық нарықты құруға негіз дайындау үшін бұл елдердегі құқықтық және техникалық стандарттарды Еуропалық және халықаралық стандарттармен үйлестіргенде;

2. Қосындылардың қызметін осы заманғы бақылау жүйесін іске асыру жолымен энергиямен қамтамасыз ету қауіпсіздігінің және сенімділігін арттырғанда энергетика саласындағы одан әрі дамытатын ынтымақтастықтың маңыздылығын таныды. Жоба осы бағыттарға сәйкес көзделген.

## 1.2. Алынған сабақтар

Алынған сабақтардың бірі алдыңғы ТАСИС жобаларының шеңберінде жүзеге асырылған жұмыстардың орнықтылығын нығайтудағы қажеттілік болып саналады.

Украинадағы Бояркада орнатылған метрологиялық орталыққа қосымша оқыту құралдарын салу оның орнықтылығын арттырады деп күтілуде.

Боярка орталығының негізгі функциясы өлшеуіш техникасының халықаралық деңгейде танылған стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында газ транзитінде қолданылатын өлшеуіш техникасын жақсарту болып табылады.

## 1.3. Қосымша іс-әрекет жасау салалары

Боярка Метрологиялық орталығының пайдасына ТАСИС-тің алдыңғы бастамаларының қатысы бар. Осы орталыққа оқыту құралдарын қосу метрология саласындағы ноу-хауды бүкіл ТМД бойынша одан әрі беруге мүмкіндік беруге, осылайша таратуды және Еуропалық тәжірибелермен және нормалармен үйлестіруді қолдауға тиіс.

## 1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

Осы қызмет саласында басқа донорлар қатыстырылмаған.

## 2. ЕЛДІК/ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

2004 жылғы қарашада өткізілген "Еуропа Одағы (ЕО) мен Каспий теңізі жағалауы өңірлерінің елдері және көрші елдер арасында энергетика саласындағы ынтымақтастық " жөніндегі Баку министрлік конференциясы ЕО мен Каспий теңізі жағалауы өңірлерінің елдері, атап айтқанда Әзірбайжан, Иран, Қазақстан және Ресей Федерациясы, сол сияқты Армения, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Түркия, Украина және Өзбекстан секілді көршілес елдер арасында, энергетика саласындағы кеңейтілген ынтымақтастыққа есік ашты.

Украина, Молдова және Беларусь жобаның тікелей қатысы бар үш ел болып табылады. INOGATE бағдарламасының қолдауымен бұл 3 бенефициар ел Бояркада табиғи газдың Шығыс Еуропалық өңірлік метрологиялық орталығын бірлесіп құруға келісті.

## 2.2. Секторлық контекст

Боярка орталығы бойынша барлық жұмыстар (құрылыс жұмыстары, инфроқұрылым құралдары мен техникалық жұмыстар және жабдықтарды орнату) бенефициар елдердің мынадай: "Нафтогаз Украины" ОАК (ұлттық акционерлік компаниясы), Беларусьтегі "Белтрансгаз" МК (мемлекеттік кәсіпорын) және Молдовадағы "Молдовагаз " АҚ секілді мамандандырылған органдармен тығыз ынтымақтастықта орындалды. 2005 жылғы желтоқсанда негізгі құрылыс жұмыстарын аяқтағаннан кейін 2006 жылға арнап жоспарланған келесі қадам орталықты

аккредиттеу мен халықаралық аттестаттау болды.

Метрологиялық орталық газды өлшеудің жалпы және осы заманғы жүйесін құруға жол беретін құрылым болады деп күтілуде. Метрологиялық орталық қаралатын елдердің газ беруді өлшеуге арналған ағымдағы ұлттық стандарттардан халықаралық деп танылған стандарттарға өтуге де жәрдемдесетін болады.

2006 жылдың соңына қарай Өңірлік метрологиялық орталық өңір шегінде және басқа да елдерге газды тасымалдау үшін осы заманғы стандартизациялау қызметтерін көрсетуге дайын болуға тиіс. Бұл көрсетілетін қызметтер мұнай мен мұнай өнімдерінің метрологиясына дейін кеңейту үшін жоспарланған. Бұның мұнай жеткізілімдерінің сенімділігін арттыруға және өлшеу мен оның сапасы бойынша ЕО стандарттарын орындау үшін стратегиялық маңызы бар.

Боярка Метрологиялық орталығы әртүрлі операциялық қағидаттарды пайдаланатын беру блогын ұсынатын бір аумақтың ішінде табиғи газды берудің үш бастапқы эталоны бар жалғыз орталық болып табылады. Тексеру құралдары ерекше өлшеу қондырмадан, бастапқы эталонның құрылғысынан және берудің блок-схемасына арналған роторлық құрылғыдан тұрады. Орталықтың бірегейлігі газ беру стандарттарымен бірге онда қысым мен температура сияқты физикалық стандарттар пайдаланылатындығынан тұрады. Орталықтың Еуропа стандарттарын үйлестіруге арналған бағдарламаларды іске асыру үшін сертификатталған метрологиялық орталықтардың желісіне кіруі жоспарланған.

## 3. СИПАТТАМАСЫ 3.1. Мақсаттары

Жобаның жалпы міндеті Украинадағы Бояркада құрылған "Табиғи газдың Шығыс Еуропа өңірлік метрологиялық орталығына" қосымша құрал ретінде мұнай мен газ метрологиясын өлшеудің сапасын арттыру үшін Халықаралық орталығын дамыту болып табылады, оның негізгі функциясы халықаралық танылған стандарттарға сәйкес мұнай мен газды өлшеудің техникасы бойынша ноу-хауды беру болады.

Жобаның нақты мақсаттары:

- Дайындау орталығының коммерциялық қызметі үшін бизнес-жоспар әзірлеу;
- Тиісті курстардың толық жиынтығына арналған оқу жоспарын және оқытатын материалдарды әзірлеу, оларды айқындау қажет;
- Егжей-тегжейлі әзірленетін курстарды өткізетін оқытушыларды оқыту;
- Осы заманғы оқу құралдарының материалдарын әзірлеуді қолдау;
- Қаралып отырған елдерде оқу орталығының қызметін бастағанға дейін маркетингтік бағдарламаны дайындау.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет салалары

Бұл жобаның күтілетін нәтижелері мыналар болып табылады:
- Дайындау орталығының коммерциялық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін бизнес-жоспарды әзірлеу;
- Дайындалған курс материалдары мен аттестатталған оқытушылары бар дайындау жұмыс орталығы;
- Аяқталған маркетингтік бағдарлама, оның нәтижесінде дайындау орталығы өткізетін курстарға айтарлықтай алдын-ала тіркеулер жүргізілді.

## 3.3. Мүдделі тараптар

Жобаның тікелей бенефициарлары Боярка орталығының негізгі "иеленушілері" ретінде Украинаның Нафтогазы, Беларусьтың Белтрансгазы және Молдованың Молдовгазы болып табылады. Қатысу басқа да мүдделі елдер үшін де мүмкін. Жанама мүдделі тараптар ТМД елдері және мүмкіндігінше ЕО елдері мұнай мен газ компанияларының техникалық персоналын қамтиды.

## 3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

- Боярка орталығы 2006 жылғы ақпанда халықаралық аренада ресми танылмады. Орталық құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін шамамен 2006 жылғы 10 наурыздан кейін сертификатталуға тиіс;
- Персонал мен жабдықтар жергілікті деңгейде сертификатталды; енді орталық толығымен іске қосылғаннан кейін құрылған жабдықты сертификаттау қажет;
- 2006 жылғы ақпанда орталық әлі жұмыс істеген жоқ. Жұмыс басталуының болжанатын күні 2006 жылғы 10 наурыз.

## 3.5. Қажетті шарттар

Боярка метрологиялық орталығы 2006 жылдың аяғында толығымен жұмыс істеуге тиіс.

## 3.6. Сабақтас мәселелер

| | |
|---|---|
| Адал басқару | X |
| Әлемдік экономикаға кірігу | X |
| Қоршаған орта | X |

## 4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 4.1. Іске асыру әдісі

Ұсынылған араласудың бүкіл қызметі орталықтандырылған басқару арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Жоба шеңберінде бөлінген техникалық жәрдем бизнес-жоспарды және маркетингтік бағдарламаны әзірлейді; орталыққа берілетін жабдықтың ерекшелігін айқындауға жәрдемдеседі; осы жабдықты алуды қамтамасыз етеді және жабдықты орнатуды және оның жұмыс істеуін бақылайды; оқу бағдарламаларын модулдерді және басқа да оқытатын материалдарды дайындайды; қажеттілігіне қарай дайындау курстарын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі; аттестацияның тиісті рәсімдерін ойластырады, және жалпылама түрде орталықта жүзеге асырылатын бүкіл оқыту қызметіне және жоба бойынша басқаруға әрі жұмыстарды қадағалауға жауап береді.

## 4.2. Бюджет және күнтізбе

Жобаның индикативтік бюджеті 2,5 миллион еуроны құрайды. Шамамен сомасы 1,5 миллион еуро техникалық жәрдем көрсетуге, ал шамамен сомасы 1 миллион еуро жеткізілімдерге бөлінеді деп ұйғарылады. Алайда, осы бөлу жобаны іске асыру барысында келісілуі мүмкін.

Жобаның белгіленген ұзақтығы 24 айды құрайды.

Бенефициар елдердің салымы былайша жүзеге асырылуға тиіс: мемлекеттік қызметкерлердің немесе жобаны іске асыруға жұмылдырылған басқа да мемлекеттік институттар қызметкерлерінің кеңселік үй-жайды және қажетті уақытша салымды беру .

## 4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Комиссия шешімін және/немесе қаржы келісімін жүзеге асыратын барлық келісім-шарттар сыртқы қызметті жүзеге асыру үшін комиссия белгілеген және жариялаған рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес тапсырылуға және жүзеге асырылуға тиіс, олар осы рәсім басталған кезде күшінде қалады. Нақтырақ айтқанда техникалық жәрдем тендерді жариялау негізінде жалға алынады. Осыған ұқсас рәсім жабдықты жеткізу үшін қолданылады. Бағдарламаның бүкіл сметасы осы бағдарлама бойынша сметаны қабылдау уақытында күшінде қалатын комиссия белгілеген рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

## 4.4. Мониторинг жүргізу

Мониторинг индикаторлары тендерлік досьенің техникалық тапсырмаларында әзірленеді. Украинадағы ЕК өкілдігі және басқа да тиісті ЕК өкілдіктері ТАСИС өңірлік бағдарламаларын қадағалауға жауапты тиісті сарапшылардың тарапынан тиісті түрде көмектесетін мониторинг туралы ойластырады.

## 4.5. Бағалау және аудит

Бағалау және аудит EuropeAid стандарттық рәсімдеріне сәйкес жүргізілетін болады.

## 9-ЖОБАНЫ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атауы | **ТМД елдеріндегі шекараға шектес аумақтарды басқару** | | |
| Жалпы құны | **22 500 000 еуро** | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобаны іске асыру әдісі - Орталықтандырылған басқару | | |
| DAC-коды | 99810 | Сектор | Шекаралық бақылау |

## 1. НЕГІЗДЕМЕ 1.1. Стратегиялық шектер

Біріктірілген шекаралық бақылауды күшейту Өңірлік Стратегияның және TACIS-тің 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Әділет және ішкі істер мәселелеріне арналған 6.3. тарауда Белоруссия мен Молдовада, сондай-ақ Орталық Азияда біріктірілген шекаралық бақылау жүйелерін құруды қолдау атап өтілген. Жобаның мақсаты - бір уақытта заңды трансшекаралық ағындарды әрекет ету/жеңілдету арқылы шекараларды бақылау мүмкіндіктерін жақсарту.

Бұдан басқа, 2005 жылғы 1 желтоқсаннан бастап Еуропа Комиссиясы, Молдова, Украина арасында қол қойылған және (басында) 24 айға, яғни, 2007 жылдың соңына дейін есептелген Өзара түсіністік туралы меморандум арқылы Молдова мен Украинаға шекаралық көмек жөніндегі Еуропа одағының миссиясы (EUBAM) құрылды. EUBAM миссиясы приднестров дауын шешуге септігін тигізуге және украина-молдова мемлекеттік шекарасында шекаралық және кедендік бақылауды жақсартуға бағытталған. Миссия қызметі, Консультациялық кеңестің Бірінші жиналысында қосымша расталғандай, ЕО, Молдова және Украина саяси басымдықтары санына жатады, ол 2006 жылғы 15 ақпанда Одессада өтеді.

Адамдар мен тауарлардың шекара арқылы еркін қозғалуына септігін тигізу, лаңкестікке және заңсыз көші-қонға қарсы күресті күшейту, сондай-ақ приднестров дауын реттеу Еуропа тату көршілік саясатының негізгі басымдықтарының санына жатады. Ұқсас жағдайда, Орталық Азия жөніндегі өңірлік стратегияда көрсетілген, ЕО-ның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы шекаралық бақылау саласында ынтымақтастыққа үлкен екпін жасайды/үлкен күш жұмсайды.

## 1.2. Алынған сабақтар

Соңғы бірнеше жылдар бойы Tacis бағдарламасы шекаралық бақылаумен және ТМД елдерінде халықаралық қылмысқа қарсы күреспен байланысты бағдарламаларға септігін тигізді. Орталық Азияда 2002 жылдан бастап Орталық Азиядағы шекаралық бақылау жобасы (ВОМСА) жұмыс істейді. **ВОМСА** жобасын іске асыру нәтижесінде маңызды сабақ алынды, оның көпшілік бөлігі қолданылуы мүмкін және ұсынылған бағдарламаны әзірлеу кезінде ескерілді. Бұл сабақтар мыналарды қамтиды:

- Барлық бенефициар елдерде үйлестірілген әдістерді дамытуға арналған келісілген өңірлік көзқарас;
- Бүкіл жобаның ұзақтығы мерзімінде жергілікті органдарды үнемі және белсенді тарту арқылы ұлттық мекемелердің өткізілетін бағдарламаларға максималды қатысуы;
- заң мерзімді жоспарлау мен көзқарас шекаралық бақылауға жәрдемдесу бағдарламалары үшін өзінің мәнділігін дәлелдеді;
- Шекарадағы тікелей емес мұқтаждарға ғана емес, сонымен қатар институционалдық дамуға да бағытталған кешенді қолдау бағдарламалары біріктірілген шекаралық бақылауға кезең-кезеңмен көшуге мүмкіндік береді және де тиімдірек;
-ӨҰзақ мерзімді бағдарламалар тұрақты дамуды қамтамасыз етуге және реформалау серпінінің сақталуына көбірек сәйкес келеді. Дегенмен, тез нақты нәтижелерге қол жеткізу бенефициар елдің органдары тарапынан сенімге ие болуға аса маңызды.
- Демонстрациялық жобаларға бағытталған көзқарасты қабылдау шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануға септігін тигізеді және жаңа процестер мен құралдарды кезең-кезеңімен енгізуге мүмкіндік береді.

Жақында өткізілген TACIS бағдарламасы бойынша бағалау есебінің деректері тұтастай ВОМСА жобасын іске асыру барысында алынған сабақтардың нәтижелерін растайды. Есепте донор ұйымдары арасындағы тығыз ынтымақтастық пен олардың стратегиясын үйлестіру арқылы максималды іс-әрекеттер үшін жағдай жасау қажеттілігі де атап өтіледі. 2005 жылғы желтоқсанда Орталық Азияда Бағдарлама бойынша бағалау жүргізу мен ұсынымдар шығару басталды және олардың нәтижелері 2006 жылғы сәуірде дайын болады. Бағалау нәтижелері өңірде бағдарламаны одан әрі жылжытуға арналған бірден-бір шарт болып табылады.

ВОМСА бағдарламасының мониторингі бойынша миссия 2005 жылы өтті. Мониторинг жөніндегі есеп ВОМСА жобасы көзқарасының негізділігін растады. Есепте бағдарлама басшылығына қатысты ескертулер де көрсетілді, олардың болашақта пайдасы болады. Есепте бағдарламаны іске асыру мүмкіндіктерін арттыру қажет екендігі атап өтілді. Осы уақытқа дейін ВОМСА жобалары БҰҰ Даму жөніндегі бағдарламасымен (БҰҰДБ) іске асырылған болатын, ол іске асырудағы тосқауылдарды басқару саласында бірқатар қиындықтарды өткізді. Дегенмен, бұл кемшіліктер қазір жойылды, себебі БҰҰДБ осы жоба бойынша жаңа басқару құрылымын әзірледі. Есеп

БҰҰДБ өткізетін мониторинг бойынша қызметті нығайту қажеттілігін атап өтеді. Осы себеп бойынша үздіксіз мониторинг жүргізу мәселесіне BOMCA бағдарламасының осы жаңа кезеңін іске асыру барысында аса назар аударылатын болады.

## 1.2. Қосымша қызметтер салалары

Ұсынылған өңірлік бағдарлама өткен өңірлік және ұлттық бағдарламалар шеңберінде өткізілетін шекаралық бақылау саласындағы қызметті толықтыру және нығайту мақсатында әзірленген. Сондай-ақ, осы өңірде жақын арада жоспарланған ұлттық деңгейдегі қызмет те ескеріледі. EUBAM бағдарламасы бастапқыда RRM ( Жедел әрекет ету тетігі) шеңберінде 2006 жылғы мамырға дейінгі кезеңде жалпы көлемі 4 млн.еуро қаражатпен, сонан соң TACIS 2004 бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылды, ол бойынша тағы да 4 млн.еуро ұсынылды. 2007 жылдың соңына дейін осы бағдарлама тағы да 10 млн.еуроға дейін ұсынады.

Молдова мен Беларуссияда ЕО 2001 жылдан бастап шекаралық бақылау саласында көмек көрсетеді. Қаржылық қолдаудың жалпы көлемі 36 млн.еуроға жетті. Қолдау негізінен шекараларды бөлуге көшудің маңызды бекеттерін салумен, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оқыту мен күшті нығайту үшін жабдықтар жеткізумен байланысты.

Беларуссияда BOMBEL I (E4.5 млн.) and BOMBEL II (E8.8 млн.) және Молдовада BOMMOL I (E0.9 млн.) және BOMMOL II (E1.85 млн.) аса қажет бақылау-өлшеу және барлау жабдықтарын жеткізуге және оқыту мұқтаждарына бағытталды. Бұдан басқа, Молдовада Өңірлік бағдарлама 2005 шеңберінде адами ресурстарды басқару саласында реформаларға қолдау көрсету көзделеді. Жәрдемдесудің кеңейтілген спектрі Tacis-тің Трансшекаралық ынтымақтастығы бағдарламасы бойынша да көзделген. Кейінгі бағдарламалар, ұсынылып отырған бағдарламаларды қоса алғанда, осылайша бұрын қаралған және жоспарланған жобаларды толықтыруға арналған инфрақұрылым мен жабдықтарды жетілдіруге топталуы мүмкін.

Басқа донорларға қатысты, Молдованың шекара қызметін реформалауға да екі жақты негізде Венгрия, Финляндия және Литва қолдау көрсетуде, олар негізінен өзінің тәжірибесін ұсынады. АҚШ-та Молдоваға жабдық түрінде материалдық қолдау көрсетті.

Орталық Азияда BOMCA бағдарламасы шеңберіндегі алғашқы қадамдар 2002-2003 жылдары, алғашқы үш кезең аяқталғаннан кейін қабылданғанымен, бағдарлама өз қызметін ауқымды көлемде тек 2004 жылы ғана бастады. Осы уақытқа дейін Tacis бағдарламасы BOMCA-ға қолдау көрсету үшін шамамен 20 млн.еуро ұсынды. Бұдан басқа, бағдарлама шамамен 1,2 млн.еуроны құрайтын БҰҰДБ тарапынан да қаржылық қолдауға ие болды. Ұлыбританияда да шамамен 2 млн.еуро бөле отырып, екі тарапты негізде BOMCA-ны қаржыландыруға қатысты. Бағдарлама бірнеше кезеңдерде іске

асырылады, төртінші кезең 2006 жылғы қыркүйекте аяқталады, BOMCA-ның бесінші кезеңі жақында басталады, ал алтыншысы дайындық деңгейінде.

BOMCA бағдарламасы жөніндегі жұмыс Есірткіге қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия бағдарламасының (CADAP) қызметімен де толықтырылады. CADAP міндеті Орталық Азия елдерінде есірткіні пайдалануға қарсы күрес жөніндегі саясат саласында ЕО-ның алдыңғы тәжірибесін бірте-бірте енгізу болып табылады. Екі бағдарламаның да жалпы басшылығы бар, ал кейбір жобалар тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Қаржылық көмегінің жалпы көлемі 38 млн. еуромен осы екі бағдарлама бірге шекаралық бақылау және ұйымдасқан қылмыспен күрес саласында ұйымдастырушылық-донорлық бастамаларға негіз жасайды.

Орталық Азияда шекаралық бақылау саласындағы реформаларға бағытталған бағдарламалары бар басқа донорлар жоқ. Алайда, бірнеше басқа донорлар шекаралық бақылау ішкі секторларында белсенді (АҚШ, ХКҰ, УВКБ және т.б.). Жобалар қазір, негізінен, Тәжікстанның оңтүстік шекарасының шығыс бөлігіне шоғырланған, ал АҚШ болса, шекараның батыс бөлігінде жұмыс істейді.

## 1.3. Донорлар қызметін үйлестіру

EUBAM-ды 100% Еурокомиссия қаржыландырады және, бұрынғысынша, БҰҰДБ жүзеге асырады. ОБСЕ Консультациялық кеңестің тоқсандық отырысының мүшесі болып табылады, сондай-ақ барлық тараптардың қатысуымен ай сайынғы үйлестіру кеңестеріне қатысуға шақырылды. ХКҰ (Халықаралық көші-қон жөніндегі ұйым) EUBAM бағдарламасына бақылаушы ретінде бекітілді. Өңірде басқа еш жерде ұқсас қызмет атқарылмайды. EUBAM-ның күшін нығайту жөніндегі мәселелеріне келетін болсақ, мұнда қызметін АҚШ мұқият үйлестірген, олар Украина мен Молдованың мемлекеттік шекарасында ОМП мен ядролық материалдарды таратуға бағытталған ірі ауқымды бағдарламалар.

BOMCA бағдарламасы бойынша донорларды үйлестіру жөніндегі шаралар осы уақытқа дейін бірнеше іс-шаралармен ғана шектеліп келді. Тәжікстанда, осыған қарамастан, бағдарлама ұйымдарды қаржыландыратын қызметті үйлестіру жөніндегі тетікті енгізе алды. Осы саясат, сондай-ақ тәжік-ауған шекарасында Ауғанстан тарапынан донорларды қолдауды жұмылдыруды байқап көру бағдарламаға жұмылдырылғандардың көпшілігімен бағаланды.

ЕО елдері арасындағы үйлестіру қызметі Орталық Азия шекараларының қауіпсіздігі саласындағы бастама (CABSI) тетігі арқылы жалғасуда. CABSI - Австрия басшылық ететін және Ұлыбританияның белсенді қатысуымен ЕО-ның бірнеше елдерінің консорциумы.

Молдовада шекараларды басқару саласында аздаған донор-ұйымдар тартылған. Сондықтан, үйлестіру жөніндегі негізгі күш АҚШ-қа салынған, олар жабдықтар беру

арқылы шекара және кеден қызметтеріне қолдау көрсетеді. Қызметтерді өзара алмастыруды қамтамасыз ету үшін қос қаржыландыратын ұйымдар тарапынан қадам жасалды. Беларуссияда қолдау бағдарламаларында Еурокомиссия қатысады; басқа донорлардың қатысуы аталмайды.

## 2. ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТ 2.1. Бенефициар елдердің ынтымақтастық саясаты

1995 жылдан бастап Молдова мен Приднестровье халықаралық серіктестер ретінде ОБСЕ, Ресей және Украина қолдауына ие. 2005 жылғы қыркүйекте ЕО мен АҚШ серіктестіктің бес тарапты процесіне (5 + 2) бақылаушы болды.

Жаңа Тәуелсіз мемлекеттер әскери тосқауыл мен шекараны кеңінен нығайтуға негізделген ескі шекаралық бақылау концепциясын иемденді. Осы елдер арасында шекараны кесіп өту - ұзақ және қиын процесс. ЕО сыртқы шекараларына қатысты қауымдастық саясатының негізгі міндеті біріктірілген шекаралық бақылау болып табылады, ол бақылау мен қадағалаудың жоғары және бірдей деңгейін қамтамасыз етуге арналған. ЕО-мен осы мәселелерді бірқатар елдер бөліседі және олардың кейбірі саяси және институционалдық реформалар процесін бастады. Алайда, көпшілік елдерде реформалар әлі де бастапқы деңгейде қалып отыр.

Молдова мен Беларус шекаралық бақылауды жақсарту жөнінде ашық саясатты әзірледі. Беларус бүкіл ел бойынша коммуникацияның жоғары жылдамдықтағы инфрақұрылымын дамытуға бағытталған және 2010 жылға дейін есептелген мемлекеттік бағдарламалар жүргізеді. Молдовада 2005 жылдың басында әскери құрылымы бар шекаралық департамент қайта құрылды. Бұдан басқа, 2007 жылға дейін реформалар стратегиясы қайта қалыптастырылды.

Шекаралық бақылау Еуропа Тату көршілік саясатының Молдоваға қатысты Іс-әрекеттер жоспарының басымдықтарының бірі ретінде анықталады. Осы Жоспардың Молдовада нормативтік-құқықтық құжат мәртебесі бар, сондықтан барлық тиісті қызметтер оны іске асыруға тырысады. Ызаланушылық міндеттері де еуропалық бірігуге бағытталған үкіметтік ұлттық саясат контекстінде өз көрінісін табуы тиіс.

Қос ел де шекаралық бақылауды жақсартуды қаржыландыруға мемлекеттік бюджеттен қажет қаражат бөлуде қиыншылыққа кезігеді. Шекаралық және кедендік қызметтерге көзделген бюджеттің шамамен 90-95%-ы персоналға арналған шығындарға жұмсалған. Бұдан басқа, қос елде де орта мерзімді және/немесе ұзақ мерзімді перспективалар артатын ағымдағы жұмыс жылына мерзімді мүмкін етпейді. Мемлекет ұзақ мерзімді кіріс санын алған жағдайда, бекітілген мемлекеттік бюджеттің ресми бөлінген қаражаты да практикада қол жетімді болмайды. Бұл, донорларды қолдау біріктірілген шекаралық бақылауды жақсартудағы маңызды элемент болып қала береді. Беларус және Молдова қазіргі құрылымдарды сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

Орталық Азия және ЕО лаңкестік пен ұйымдасқан қылмысты қоса алғанда, жалпы

қайғымен күрес саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуде жалпы мүддесі бар. Халықаралық қауымдастық Орталық Азияда шекараны нығайту қажеттілігін мойындады және де елеулі қолдау, әсіресе, Ауғанстанмен шекарада көрсетіледі.

Бенефициар елдер тарапынан Орталық Азия мемлекеттері жай ғана жабдықтар алу мен шекаралық бақылау саласында реформалар бастаудан гөрі, әрі қарай жылжу қажеттілігін ұғына бастады. Осы эволюция бенефициар елдердің пікірінде бірнеше рет атап көрсетілді. Алайда, жағдай бір елден екінші елге ауысып отырады және де осы мәселе аса қауіпті қарым-қатынасты талап етеді.

Осы құжатқа қол қою сәтінде бес Орталық Азия елдерінің шекаралық бақылау саласында кешенді стратегиясы бар болды. Мұндай стратегияларды әзірлеуде жәрдемдесу BOMCA 4 бағдарламасы бойынша көзделген. Бұдан басқа, бірнеше елдерде ұлттық қауіпсіздік қызметін жүргізуде.

## 2.2. Секторлық контекст

КСРО тарауы нәтижесінде пайда болған бес жаңа ел қорғауға мұқтаж мың километр жаңа шекаралар құруға алып келді, олар саяхат пен саудаға ашық болуы тиіс.

**Молдова мен Беларус,** сондай-ақ Украина-молдова мемлекеттік шекарасы шығыс-батыс ағындары үшін де, қылмыстық қызмет түрлері үшін де транзит дәлізі ретінде пайдаланылады. Соңғы Ео-ны кеңейту осы екі елді Еуроодақтың сыртқы шекараларына алып келді. Сондықтан, адамдар мен тауарлардың заңды өтуін бақылау ЕО үшін аса маңызды болып табылады. Алайда, анықталған жағдайлардың/ ұстаулардың ағымдағы деңгейі шекараның қос тарапы бойынша қатысты түрде болып қалады.

Дегенмен, екі ел инфрақұрылым, желілер мен жабдықтар саласында мүмкіндіктерін жақсарту үшін қаржылық қаражаттың жетіспеушілігін сезінеді. Жеткіліксіз қаржыландыру жүйелерін халықаралық және еуропалық стандарттарға сәйкес келтіру процесінде әрі қарай дамуға мүмкіндік бермейді. Осы тұрғыдан елдерге бюджетке қосымша жүк болатын биометрлік бақылау жүйесін енгізуді дайындау және бірлесіп қаржыландыруды енгізу қажет болады. Мұндай қаржылық жағдай Молдова мен Беларуссияны КСРО уақытында орнатылған ескі инфрақұрылым мен жабдықтарды пайдалануды жалғастыруға итермелейді. Техникалық мүмкіндіктер мен ресурстардың жетіспеушілігі осы екі елді контрабандалық қызмет және заңсыз көші-қон үшін тартымды етеді. Приднестровьедегі жағдай оның қару-жарағы мен 1-Кеңес әскері уақытындағы комунациясы, сондай-ақ оның қару-жарақ шығару жөніндегі кәсіпорны мазасыздандырады. ЕО мүддесінде өзінің қауіпсіздігі үшін ұқсас қауіп-қатерді азайту.

Орталық Азиядағы қаржылық жағдайдың айырмашылығы аз. Жеткіліксіз қаржыландыру, шекараны белгілеудің баяу процесі және жаңа миграциялық ағындар шекаралық бақылау органдары үшін тұрақты проблемалардан үнемі бөлінеді. Соңғы

уақытқа дейін донорлар қауымдастығы көмегімен қаржыландырумен байланысты жағдай келісілмеген үйлесімге және бытыраңқы көзқарасқа байланысты аз ғана жақсарды. Ұқсас жағдай шекараларды жабу негізінде шекаралық бақылаудың ескі концепциясымен үйлесімде ОА-да шекараны басқару концепциясының тиімділігін төмендетуге септігін тигізеді. Кейбір елдерде осы салада бастамалар болғанымен, әлі де көп нәрсені жасау қажет.

## 3. Сипаттау 3.1. Мақсаттар

Жалпы мәселелер :

Заңды трансшекаралық ағындарға жәрдемдесу үшін шекаралық бақылаудың біріктірілген жүйесін қолдау және Орталық Азиядағы, Беларуссиядағы, Украинадағы және Молдовадағы қылмыстық қызметпен күресуде көмек көрсету, сондай-ақ олардың стандарттарын ЕО стандарттарына жақындату. Приднестров дауын бейбіт реттеуге жәрдемдесу.

Арнайы мәселелер :

сыналып отырған бағдарлама 3 түрлі географиялық аймақтарға бағытталған. Осы бағдарлама бойынша елдердің 15 жыл бұрын жалпы тарихы мен жүйесі болғанымен, шекаралық бақылау саласындағы ағымдағы жағдай әрбір елде бөлек.

*1-құрауыш: украина-молдова мемлекеттік шекарасы (EUBAM )*

1.1. Приднестров аумағына аса назар сала отырып, мемлекеттердің жалпы шекарасы бойынша шекаралық және кедендік бақылау тиімділігін күшейту;

1.2. кедендік махинациялар мен қылмыстық ағындар (қару-жарақ, есірткі) деңгейінің түсімін арттыру және деңгейін түсіру;

1.3. адамдардың заңсыз өту және шекара арқылы заңсыз көшу-кону деңгейін төмендету.

1.4. шекара арқылы тауарлар мен адамдардың заңсыз ағынына жәрдемдесу.

*2-құрауыш: Молдова - Беларус*

2.1. адамдар саудасы, заңсыз көшу-қону, есірткі айналымы, қару-жарақ және қос мақсаттағы заттар, жасанды тауарлар және жоғары салық салынатын тауарлар контрабандасы секілді трансшекаралық қылмыс қызметінің алдын алу және олармен күресі мүмкіндігін жақсарту;

2.2. қазіргі заман стандарттарын енгізу арқылы адамдар мен тауарлардың трансшекаралық қозғалуына септігін тигізу (электрондық төлқұжат, электрондық кедендік тазалау);

2.3. заңды сауда ағындарына жәрдемдесу және IT желісі және дерекқор арқылы тасымалдау құнын төмендету.

*3-құрауыш: Орталық Азия*

3.1. шекаралық бақылау жүйесін жетілдіру және сенімді нығайту саласындағы

шаралар арқылы Орталық Азия елдерінде бірнеше пилоттық өңірлерде шекаралық бақылау мүмкіндігін нығайту.

## 3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызметтер салалары

**B O M C A 7**

Қ ы з м е т

---

Бағдарламаның осы құраушысы Орталық Азия мемлекеттерінің әрқайсысында бес пилоттық өңірлерде жүзеге асырылады (Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан). Пилоттық өңірлердің нақты орналасуы ОА-дағы Еурокомиссия өкілдігімен бірлесіп бенефициар елдің шекара қызметінде көрсетіледі. Құрауыш ВОМСА-ның бұрынғы жобаларын кеңейтуді көздейді және де сондықтан, ВОМСА 6-мен және CADAP-пен тығыз байланыста іске асырылады. Шаралардың екі түрі көзделген: шекаралық бақылау саласындағы шаралар және сенімді нығайту жөніндегі ш а р а л а р .

*Н ә т и ж е л е р*

- Пилотты өңірлерде бірнеше шекаралық бекеттер салу/қайта қалпына келтіру;
- Біріктірілген шекаралық бақылау жөнінде персоналға оқыту жүргізу;
- Операциялық телекоммуникациялық технологиялар енгізу;
- Пилоттық өңірлердегі жергілікті ит асырау орталықтары;
- Жергілікті халықтың кедейлігін төмендету және сенімін нығайтуға көмектесу;
- Донорлар қызметін жақсылап үйлестіру;
- ВОМСА шеңберінде қолдау көрсету процесіне бірнеше халықаралық донорлар қатысады.

## 3.3. Мүдделі тараптар

Барлық осы құрауыштарда жоба бойынша негізгі қатысушылар мен серіктестер ұлттық агенттіктер мен мекемелер болады. Жоғарырақ деңгейде бұл халық, сондай-ақ осы елдердің шекарасын кесіп өтетін адамдар болып табылады.

Молдовада, Украинада және Беларуссияда негізгі қатысушы мен серіктес Мемлекеттік шекара қызметі және осы елдердің Кеден қызметі болып табылады.

Орталық Азияда негізгі қатысушылар шекаралық қызмет өкілдері, сондай-ақ ОА елдеріндегі ведомствоаралық топтар және, кем дегенде, пилоттық өңірде жұмыс істейтін жергілікті қауымдастықтар мен НПО-лар болады.

## 3.4. Жол берулер және Тәуекелдер

Молдовада, Украинада және Беларуссия бойынша құрауыштар үшін бағдарлама шекаралық және кедендік бақылау органдары еуропа стандарттарына жақындау

ұстанымын ұстану және ынтымақтастық жөніндегі халықаралық және өңірлік үлгілерге қатысу көзделген.

Приднестровьеге кезек. ЕО миссиясы шекарадағы заңсыз іс-әрекеттердің алдын алуда маңызды роль ойнауы тиіс. Беларуссияға келетін болсақ, саяси ой-таным бағдарлама нәтижесіне әсерін тигізе алады.

Бағдарламаны іске асырудың қажет талабы Орталық Азия елдері билігінің шекаралық бақылау саласында реформалар енгізуді одан әрі ұстану болып табылады. Алматыдағы Еурокомиссия өкілдігінің ролі сондықтан реформалар қабылдау маңыздылығын атап өтуде және ЕО-ның алдыңғы тәжірибесін енгізуде маңызды.

### 3.5. Қажет талаптар

Барлық сегіз елдегі ұлттық органдар шекаралық бақылау жүйесін реформалауды бастауды/жалғастыруды қолдауы тиіс. Олар, сондай-ақ инфрақұрылымды және жабдықтарды дамыту жөнінде қабылданған шаралардың экономикалық орындылығын қамтамасыз етуі тиіс.

### 3.6. Аралас сұрақтар

Бағдарлама даулардың алдын алу, кедейлікті төмендету, кедендік және көші-қон қызметін басқару, ұйымдасқан қылмыспен күрес саласында ЕО және халықаралық серіктестер қызметін толықтыратын болады. Бұдан басқа, шекаралық бақылаудың қазіргі жүйесін инвестициялау екі жақты және трансшекаралық саудаға қолайлы жағдай жасайды, осылайша елдің ұлттық экономикасын нығайтады.

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 4.1. Іске асыру әдісі

Орталықтандырылған басқару

### 4.2. Бюджет және күнтізбе

Осы бағдарлама бойынша жалпы индикативтік бюджет Е 22.5 млн. құрайды. Бюджет шамамен мынадай үлгіде бөлінген: Е 10 млн. EUBAM үшін, Е 6.5 млн. Беларуссия мен Молдова үшін және Е 6 млн. ОА үшін. Бағдарламаны іске асырудың жоспарланған кезеңі 12-36 ай.

Қаржы қаражаты бенефициар өңірлер арасында мынадай түрде бөлінеді:

1-құрауыш (EUBAM) конкурс өткізілместен алынған БҰҰДБ арналған грант (EUR 10 млн.) арқылы іске асырылады. Конкурстық рәсімсіз грант беру IR 168(2) бабына сәйкес тоқырау жағдайға байланысты (Приднестровье) ақталды. Қызмет толығымен қаржыландырылады, бұл IR 253 (1) (b) және (d) бабының талаптарына сәйкес жол берілді.

3-құрауыш БҰҰДБ көмегімен Іске асыру ережесінің 43-бабына сәйкес жалпы басшылық арқылы іске асырылатын болады. 2-құрауыш үшін (Молдова мен Беларуссияға жабдықтарды жеткізу) тендер өткізілген соң шарт жасалатын болады.

### 4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді орындау жөніндегі барлық келісім-шарттар тиісті рәсім басталған сәтте жұмыс істейтін сыртқы операцияларды орындау үшін Еурокомиссия жариялаған рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес берілуі және орындалуы т и і с .

Бағдарлама бойынша барлық болжамды көрсеткіштер тиісті көрсеткіштерді қабылдау сәтте жұмыс істейтін Комиссия бекіткен рәсімдерге және стандарттық құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

### 4.4. Мониторинг жүргізу

Еурокомиссияның тиісті өкілдіктері (Беларусия, Молдова және Украина үшін Киев/ Молдова және Алматы үшін ОА) тұрақты мониторинг және сапаны тексерудің бірінші деңгейі болады. Tacis мониторинг тобы жобаны іске асыру прогресін тұрақты негізде бағалайды және Еурокомиссияның тиісті өкілдігіне және Europe Aid бюросына есеп б е р е д і .

Осы жобалар бойынша түрлі елдердегі екі ұқсас мекемелер арасындағы ынтымақтастық тетігін (твининг-жобалар) пайдалану кезінде осы жобалар бойынша нұсқаулықтарға сәйкес мониторинг топтары көшбасшысынан алынған есеп негізінде тоқсандық Мониторинг жүргізіледі.

### 4.5. Бағалау және аудит

Осы бағдарлама бойынша қаржыландырылған операциялар тиісті Комиссия қызметтерінің және Аудиторлар соттарының бақылауымен аралық, финалдық немесе финалдан кейінгі деңгейде бағаланады. Твининг-жобаларды пайдалану кезінде бағалау жұмыс жоспарында көрсетілген міндетті мәселелерге және нәтижелерге қол жеткізудегі прогреске негізделеді. Бухгалтерлік құжаттар мен шығыстар жазбасын Европалық комиссия жалдаған сыртқы аудиторлардың тұрақты интервалымен, Комиссияның жауапкершілігі үшін зиянсыз, алаяқтықпен күрес жөніндегі Европа бюросын және Аудиторлар сотын қоса алғанда, тексеріле алады.

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі

**қаржылық келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесі**

Европалық тараптың түсіндірмелерін негізге ала отырып, қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасы бойынша" бірнеше елді қамтитын бағдарламалар бойынша қаржылық келісімнің (бұдан әрі - Қаржылық келісім) кейбір нормаларын мынадай тәртіппен түсінетін болады.

1. "2006 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өңірлік бағдарламасының" атауындағы " 2006" деп тараптармен келісілген жобаларды болашақта іске асыру үшін еуропалық тарап Европалық қоғамдастықтардың бюджетінде қаражат көздеген жыл түсініледі.

2. Қаржылық келісімнің 2-бабында көзделген қаржы қаражатын Европалық қоғамдастықтар комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қаржылық келісімнің II қосымшасында көзделген міндеттерді іске асыру үшін Комиссия айқындаған үшінші тұлғаларға береді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) көрсетілген қаржы қаражатын алмайды және оларды басқаруға қатыспайды.

3. Қаржылық келісімнің 3-бабының 3.1-тармағының ережесі Үкімет бағдарламаға қаржылай үлес қоспайды және 7-баптың 7.2-тармағының нормаларына сәйкес бұл ереже Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 2-бабының 2.2 және 2.3-тармақтарындағы ережелерден басым болады дегенді білдіреді.

4. Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.1) тармақшасында көрсетілген "3.1-бап" Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 3-бабының 3.1-тармағына сілтеме дегенді білдіреді.

Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.1) тармақшасының ережесі жоба шеңберіндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде Европалық қоғамдастықтар рәсімдеріне сәйкес Комиссия Үкімет мүддесінде әрекет етеді дегенді білдіреді. Бұл ретте, Үкімет Комиссияның жоба шеңберіндегі іс-әрекеті үшін үшінші тұлға алдында жауапты болмайды.

5. Қаржылық келісімдегі "қаржылық субсидиялар" термині Комиссия Үкіметке өтеусіз негізде беретін көмек ретінде түсініледі. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасына берілетін Комиссия гранттары (қаржылық субсидиялар) Үкіметтің Комиссиядан одан әрі қарыз алуын және мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды көздемейді.

6. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 8-бабының 8.2-тармағының ережесі ( Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.2) тармақшасын ескере отырып) еуропалық тараптан грант алатындар болмайды дегенді білдіреді.

7. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 9-бабының 9.1 және 9.2-тармақтарының ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген техникалық көмектерді ( гранттарды) салықтық, кедендік және Қазақстан Республикасының мемлекеттік

бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерден босату Европалық қоғамдастықтың техникалық көмегіне (гранттарына) де қолданылады дегенді білдіреді.

8. Бағдарламаны іске асыру үшін Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 5, 6, 7, 12 және 13-баптарының ережелерінде көзделген келісім-шарттар мен гранттарды беруді Комиссия еуропалық қоғамдастықтардың рәсімдеріне сәйкес дербес жүзеге асырады.

9. Үкімет Қаржылық келісімде көзделген қаржы қаражатын алмайтындықтан және оларды басқаруға қатыспайтындықтан, Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 14 және 15-баптарының ережелері Үкімет Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкес Комиссиямен осы Қаржылық келісімді іске асыру барысында бұзушылықтар, алаяқтық іс-әрекеттер және сыбайлас жемқорлық туындаған жағдайда оларды болдырмау мәселелері бойынша ынтымақтастық жасайды дегенді білдіреді.

10. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Қаржылық келісімге өзгерістер енгізілгенге, оның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға немесе тоқтатылғанға дейін Тараптар бірімен бірі тиісті консультациялар жүргізеді дегенді білдіреді. Қаржылық келісімге түзетулер енгізуді Тараптар өзара келісім бойынша жүзеге асырады. Тараптың Қаржылық келісімді тоқтату туралы шешімі екінші Тарапқа хабарланғаннан кейін екі ай өткен соң күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК